

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Орыс филология және мәдениетаралық коммуникация кафедрасы*

*Кафедра ардагері, филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Фариза Ембергеновна Терекованың  
мерейтойына арналған  
«ФИЛОЛОГИЯ КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ...»  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинарының  
материалдар жинағы*



*Сборник материалов  
международного научно-практического семинара  
«ФИЛОЛОГИЯ: ВЧЕРА, СЕГОДНЯ, ЗАВТРА...»,  
посвящённого юбилею кандидата филологических наук, доцента  
Терековой Фаризы Ембергеновны*

*Collection of materials of the International scientific and practical seminar «PHILOLOGY:  
YESTERDAY, TODAY, TOMORROW...»,  
dedicated to the Anniversary of the department veteran, Candidate of Philological Sciences  
Terekova Fariza Yembergenovna*

Ақтөбе 2018

**Редакционная коллегия:**

Садирова К.К., доктор филологических наук, профессор;  
Жуминова А.Б., кандидат филологических наук, доцент;  
Исламгалиева В.Ж., кандидат педагогических наук, доцент;  
Коробкова Т.В., ст. преподаватель, магистр гуманитарных наук;  
Садретдинова Т.А., преподаватель, магистр гуманитарных наук;  
Хвостова Ю.В., преподаватель

Сборник материалов международного научно-практического семинара «ФИЛОЛОГИЯ: ВЧЕРА, СЕГОДНЯ, ЗАВТРА...», посвящённого юбилею ветерана кафедры, кандидата филологических наук, доцента Терековой Фаризы Ембергеновны. Том II. – Актобе, 2018. – 287 с.

ISBN – 978-601-80696-2-8

В сборник вошли материалы исследований ученых Казахстана, Узбекистана, Российской Федерации по актуальным вопросам лингводидактики, межкультурной коммуникации, литературоведения, проблемам языкознания и преподавания языков и литературы в вузе и школе.

Предназначен специалистам в области гуманитарных наук.

ISBN – 978-601-80696-2-8© Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова, 2018

## СЛОВО О ПЕДАГОГЕ...

«В начале было Слово...» Возможно, фраза из евангелия Святого апостола не имеет отношения к данному повествованию, однако...начнем с того, что в начале было Имя...

27 декабря 1948 года в небольшом городе Актюбинске в семье учителей появилась на свет девочка...Пришедшему в тот день гостю из Осетии дано было право дать имя новорожденной... Так, из цепи случайных и неслучайных событий началась жизнь у девочки с чудным для казахской степи именем Фариза...

Отец Фаризы – Емберген Терекоев – директор музыкальной школы, известный композитор, автор мелодии «Шалқар вальсі», которая стала гимном небольшого городка на территории Западного Казахстана.

Мать – Тулькибаева Акжибек – учитель казахского языка и литературы. В большой семье Терекоевых из шести своих и четырех приемных дети росли в теплой ауре любви, литературы и искусства. В доме по вечерам отец играл на пианино, или баяне, или мандолине... мать читала стихи или отрывки из классиков.

После школы Фариза поступила в Актюбинский педагогический институт, и стала вторым выпуском по специальности «Русский язык в национальной школе» в 1971 году. По направлению была распределена в №10 школу г.Актюбинска, где проработала в течение девяти лет в разных должностях, начиная с рядового учителя до завуча по учебной работе. В 1979 году была приглашена Л.И. Губановой в АПИ на должность старшего преподавателя.

В 1982 поступила в аспирантуру при КазПИ им. Абая, которую успешно завершила в 1985 году. Пройдя через этап обсуждения кандидатской диссертации по методике преподавания русского языка, по семейным обстоятельствам вернулась в Актюбинск и продолжила педагогическую деятельность в родных пенатах.

Первые методические статьи Ф.Е. Терекоевой «Обучение склонению в составе словосочетаний», «Некоторые виды лексико-грамматических упражнений для выработки языкового чутья», «Психолого-педагогические основы принципа преемственности в обучении русскому языку» и др. увидели свет в 1984 году.

С 1986 по 1987 годы Ф.Е. Терекоева работала на ФПК при АПИ, результатом которой явились статьи по обобщению и внедрению передового опыта городских учителей: З.Т. Маушевой (статья «Результаты поиска»), Н. Жиенгалиева («Поиск рядового учителя»), А. Усеновой («Воспитание сознательности») и др.

В 1995 году к научно-практическим конференциям подготовлены и позднее опубликованы труды, посвященные педагогам-ученым К.К. Жубанову и М.Г. Арынову («К.К. Жубанов как лингвометодист», «К.К. Жубанов как педагог», «Наш любимый учитель», «Религиозные взгляды М.Г. Арынова») и др.

Во всех отмеченных работах Ф.Е. Терекоева старалась выявить и показать профессионализм своих коллег в учебно-воспитательной деятельности, что характеризует ее как активного работника в организации связей между вузом и школой. В связи с этим можно отметить, что в 1987 году Ф.Е. Терекоева возглавила работу жюри областной олимпиады школьников по русскому языку, а

также в 1997 году читала спецкурс «Арыноведение» для учащихся 9,10 классов в казахской средней школе № 21 г. Актюбинска.

В период с 1998 по 2001 годы по просьбе администрации института Ф.Е. Терекова преподавала казахский язык в русскоязычных аудиториях, в связи, с чем в 2001 году издала учебно-методическое пособие «Отан» с целью приобщения студентов к общечеловеческим культурным ценностям, в том числе и казахского этноса.

В последние годы в научно-трудовой деятельности для Ф.Е. Терековой становятся приоритетными вопросы социологических и педагогических исследований, в которых ее интересуют проблемы формирования личности. Результаты наблюдений нашли отражение в тезисах и статьях: «Личность и язык: аспекты изучения», «Роль языка в формировании личности студента», «Тұрашыл ұстаз»; в учебном пособии, изданном совместно с С.Г. Тажибаевой «Воспитание будущего учителя» и отмеченном 2 местом в Республиканском семинаре по духовно-нравственному развитию личности Казахской Академией образования имени И. Алтынсарина (2000 г.); в программе, выпущенной в соавторстве с Х.Х. Кусаиновым, Г.И. Торетаевой, С.Г. Тажибаевой «Организация внеучебной деятельности студентов». Следует отметить, что во всех вышеназванных работах Ф.Е. Терекова во главу рассмотрения ставила личностно-ориентированную технологию.

В течение последних лет Ф.Е. Терекова целенаправленно занималась изучением творческого наследия профессора К. Жубанова, активно участвовала в республиканских и международных конференциях, опубликовала ряд статей: «Идиолект профессора К. Жубанова», «К.К. Жубанов - основоположник казахского теоретического языкознания», «Модель языковой личности», «Формы проявления индивидуального «я» в языковой личности К. Жубанова», «Индивид и язык в творчестве Х.К. Жубанова» и др.

В декабре 2004 года в КазГосЖенПИ состоялась публичная защита кандидатской диссертации на тему: «Языковая личность К.К. Жубанова (социолингвистическое освещение)», а 2005 году Ф.Е. Терековой была присвоена степень кандидата филологических наук по специальности 10.02.19 – теория языка.

За время работы в вузе Терекова Фариза Ембергеновна была куратором в группах, руководила факультетской педагогической практикой, проблемной группой преподавателей, методической секцией на кафедре, клубами «Қыз Жібек – Төлеген», «Қыз парасаты», «Енелер мектебі».

Верная своему педагогическому долгу, не потерявшая в нелегкое время перемен своей индивидуальности, ответственная и целеустремленная искатель знаний, любящая науку и творчество не случайно названная заезжим осетином Фаризой продолжает подтверждать суть своего имени, по-прежнему остается жизнерадостной, оптимистичной труженицей, которой можно только низко поклониться.

*к.ф.н., доцент Жуминова А.Б.*

# СЕКЦИЯ I. АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ЛИНГВОДИДАКТИКИ И МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКОВ И ЛИТЕРАТУРЫ В ШКОЛЕ И ВУЗЕ

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА СОВРЕМЕННЫХ УРОКАХ

*Азнабаева А.С., учитель русского языка  
и литературы школы- гимназии №51 города Актобе  
Казахстан, г.Актобе*

Без стремления к новому нет жизни, нет развития, нет прогресса

В. Г. Белинский

Задача современного образования – формировать способность действовать и быть успешным в условиях динамично развивающегося современного общества. Всё это заставляет задуматься о том, как сделать процесс обучения результативным в соответствии с требованиями жизни. Для реализации познавательной и творческой активности обучающихся в учебном процессе используются современные образовательные технологии, дающие возможность повышать качество образования, более эффективно использовать учебное время и снижать долю репродуктивной деятельности обучающихся за счет снижения времени, отведенного на выполнение домашнего задания. Современные образовательные технологии ориентированы на индивидуализацию, дистанционность и вариативность образовательного процесса, академическую мобильность обучаемых, независимо от возраста и уровня образования. Внедрение современных информационных технологий в образовательный процесс позволяет преподавателю:

- стимулировать познавательный интерес;
- придать учебной работе проблемный, творческий, исследовательский характер;
- способствовать обновлению содержательной стороны гуманитарных предметов;
- индивидуализировать процесс обучения;
- развивать самостоятельную деятельность обучающихся.

Использование широкого спектра педагогических технологий дает возможность педагогу продуктивно использовать учебное время и добиваться высоких результатов обученности обучающихся, кроме того следует отметить, что применение многих инноваций невозможно без использования новых информационных компьютерных технологий. Компьютерные технологии обучения – это процесс подготовки и передачи информации обучаемому, средством осуществления которых является компьютер.

Практически каждый урок русского языка или истории можно построить на зрительном ряде, а использование возможностей компьютера и проектора позволяет открыть для обучающихся замкнутое пространство кабинета. При этом

надо учитывать, что компьютер не заменят преподавателя, а только дополняет его. Были определены формы применения компьютера на современных уроках

- использование медиа - ресурсов как источника информации;
- компьютерная поддержка деятельности преподавателя на разных этапах урока;
- организация проектной деятельности обучающихся.

В ходе педагогической деятельности было определено, что использование медиа-ресурсов как источника информации повышает интерес обучающихся к предмету, позволяет использовать на уроке помимо произведений литературы, произведения искусства, музыки и фольклора. Но использование таких дисков в полном объеме нецелесообразно, так как часто эти яркие и эффектные энциклопедии не учитывают возрастные особенности обучающихся, правила и законы построения учебно-воспитательного процесса. Поэтому, разрабатывая план-конспект урока, необходимо учитывать, что, как правило, использовать видеосюжеты с этих дисков целесообразно лишь фрагментарно, сразу после изложения новой темы для осмысления полученных знаний или в конце урока для их закрепления.

Целесообразнее создавать свои фильмы, по своему сценарию, органично вписывающиеся в структуру урока. Такими являются фильмы-презентации, слайд-фильмы и тестовые задания. Успех применения каждого зависит от правильного определения места в структуре урока, целесообразности использования в соответствии с поставленными целями и задачами, от типологии урока. Фильм-презентация может быть использован на уроках-лекциях, беседах, диспутах, путешествиях. Он поможет заинтересовать обучающихся, удержать внимание, не потерять связи среди многообразия представленной информации и новых понятий. При этом предполагается активное общение, имеется возможность задавать вопросы и делать необходимые отступления и пояснения, коллективно рассматривать и обсуждать языковые явления, выполнять задания занимательного и творческого характера.

В результате создается своя мультимедийная библиотека, максимально приближенная к учебному процессу. Слайд-фильмы можно использовать на уроках развития речи по русскому языку (в частности при работе над сочинением описанием картин) и включать в любой этап урока по истории, они, как правило, не имеют текстового сопровождения, демонстрация сопровождается кратким комментарием преподавателя. Для того чтобы после просмотра слайд-фильма обучающиеся могли сразу включиться в практическую работу, подборку слайдов надо составлять так, чтобы сначала прошли произведения художника (чью картину предстоит описать), способные вызвать эмоции, затем слайд с репродукцией самой картины, потом слайды с фрагментами произведения, а в конце нужно вновь показывать произведение полностью, чтобы у обучающихся сложилось более цельное впечатление от работы художника. Слайд-фильмы позволяют менять виды деятельности, урок становится более ярким и эмоциональным, а работы, выполненные обучающимися, творческими и полностью раскрывающими тему. В качестве обобщения, закрепления можно использовать проблемный метод обучения в виде тестовых заданий, упражнений

по теме, оформленных на слайдах. Их можно применять на первом этапе урока, в качестве разминки, для повторения пройденного материала, для создания проблемы в начале урока, чтобы привлечь внимание, заинтриговать, вызвать желание к дальнейшему обучению. В конце урока они могут быть завершающим «аккордом», когда обучающиеся без труда будут узнавать и называть новое. Выведенные на экран, подобные тестовые задания позволяют использовать оценочные методы обучения, когда по впечатлениям, по эмоциям, по движению определяется уровень восприятия материала, степень его усвоения, и ставятся проблемы на будущее. Но, применять компьютер может не только преподаватель при подготовке и во время урока, но и обучающийся в процессе своей работы. Одним из таких способов является организация проектной и научно-исследовательской деятельности обучающихся, оформленная в виде презентации. Так, среди обучающихся среднего звена рефераты, доклады, устные сообщения сопровождаются компьютерными презентациями; защита исследовательских работ обучающихся, представленных на научно-практических конференциях разных уровней, так же сопровождается показом презентаций. В результате можно сделать вывод, что диапазон использования ИКТ в учебно-воспитательном процессе очень велик: от применения в качестве инструмента учебной деятельности, до способов предъявления учебной информации. При этом компьютер является мощным средством повышения эффективности обучения, позволяет усилить мотивацию обучающегося. Одним из источников мотивации является занимательность. Возможности компьютера здесь неисчерпаемы, но очень важно, чтобы эта занимательность не заслоняла учебные цели. Преимущества использования ИКТ в преподавании очевидны:

-знакомство с любой темой можно сопровождать показом видеофрагментов, фотографий;

- широко использовать показ репродукций картин художников;

- демонстрировать графический материал (таблицы, схемы, карты);

-«посещать» памятные места, связанные с тем или иным автором или историческим событием;

- «погружаться» в пространство и время;

- прослушивать аудиозаписи фрагментов произведений;

- активизировать учебный процесс.

Применение ИКТ на современных уроках не только возможно, но и необходимо, оно способствует повышению интереса к обучению, его эффективности, развивает обучающегося всесторонне. Компьютерные программы вовлекают обучающихся в развивающую деятельность, формируют культурно значимые знания и умения. Сегодня компьютерные технологии можно считать тем новым способом передачи знаний, который соответствует качественно новому содержанию обучения и развития обучающегося. Этот способ позволяет обучающемуся с интересом учиться, находить источники информации, воспитывает самостоятельность и ответственность при получении новых знаний, развивает дисциплину интеллектуальной деятельности.

# ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: МАҚСАТЫ МЕН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

*Алпысбаева А.Т.  
Мұхтар Әуезов атындағы орта  
мектеп  
Қазақстан,  
Жамбыл облысы  
Сарысу ауданы Ә.Бүркімбаев ауылы  
alpygbaeva.80@inbox.ru*

**Әдебиеттану** – көркем әдебиет мәселелерін зерттейтін ғылым. Сөз өнерінің түп төркінін, тегін, туу, қалыптасу тарихын, даму заңдылықтарын, көркемдік және эстетикалық ерекшеліктерін зерттейді. Негізгі салалары үшеу: әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, әдебиет сыны. Жанама тараулары – текстология, тарихнама, библиография.

Әдебиет теориясы көркем әдебиеттің болмысы мен бітімін, әдеби шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін байыптайды. Әдебиеттің өзіне тән ерекшелігін, оның қоғамдық қызметін, көркем шығарманы талдаудың принциптері мен методикасын, әдеби жанрлар мен олардың түрлерін, өлең жүйелерін, тіл мен стиль, әдеби ағым мен көркемдік әдіс мәселелерін түп-түгел тек әдебиет теориясынан ғана танып білуге болады.

**Әдебиет** – халықтың рухани қазынасының алтын қоймасы. Сол қойманы сақтай білген, сол қазынаны рухани қажетіне қарай орынды жарата білген халықтың ғана ұлт ретінде, халық ретінде болашағы бар. Сондықтан да сол әдебиетті төкпей-шашпай, жүйелеп, зерттеп, қай жерде не бар, ол бізге несімен қымбат деген сауалдарға уақтылы жауап беріп отыру барлық уақытта да күн тәртібінен түспейді.

Әдебиеттің өткені мен бүгінгісін замана талабына сай саралап, бұл мәселені шешіп отыратын – әдебиеттану ғылымы. Соның ішінде бар әдебиетке иелік жасап, шашау шығармай жинап, рет-ретімен жүйеге түсіріп, қай нәрсенің қай жерде, қандай қасиеті бар екендігін қапысыз саралап, дәуір тынысына орай оқырманның рухани қажеттілігін қанағаттандыруға қалтқысыз қызмет етуге тиіс – әдебиеттің тарихы.

**Әдебиеттің тарихы** – әдебиеттану ғылымының негізі болумен бірге көлемі жағынан ауқымдысы да, сондай-ақ шешімін күтіп тұрған проблемалары көбірегі де. Әдебиет тарихын жасау, оны дәуірлеу мәселесі әдебиетті зерттей бастаған кезден күн тәртібінде келеді. Сырт қарағанда, онда тұрған не бар, тарихты кезең-кезеңдерге бөліп, жаза берсе болмай ма деуге де болатын сияқты. Сөйтіп те келдік. Десек те заман өзгерді, заманмен бірге адам да жаңарды; қоғамдық сана өзгеріп, ғылым мен мәдениет дамыды.

Осының барлығы әдебиеттің, оның ғылымының алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Соның бірі – әдебиеттің тарихын жаңаша дәуірлеу, тың деректер мен пікірлермен толықтыра түсу, бүгінгі таңдағы қоғамтану ғылымының жетістіктерімен қаруланған, ХХІ ғасырдың жаңа адамының талғамын



қанағаттандырып, толғандырап сұрақтарына жауап бере алатын толыққанды әдебиет тарихын қайта жасау.

Қазіргі тіл майданы жүріп жатқан әлемде ұлттардың алдына не өмір, не өлім проблемасы қойылып, қамдарын жасай бастады. Міне, осындай кездерде түбі бір түркі халықтары өздерінің жаһандануға жұтылып кетпеуі үшін де рухани жағынан бірігуінің маңызы зор. Ал бұл бірігудің бірден-бір жолы бағзы замандарда Алтайдың, Еуразияның кең сахарасында бірге жүріп жасаған, күні бүгінге дейін өзінің құндылықтарын жоғалтпаған, керісінше бүгінгі туысқан халықтардың бір-бірімен тату-тәтті, түсіністікпен өмір сүруіне көмектесетін рухани тамырларды тірілтуде, бүгінгінің кәдесіне жаратуда жатыр.

**Әдебиет тарихын зерттегенде, негізгі міндет** – стиль, ағым, бағыт, әдеби мектептерге назар аударып, сол дәуірдің әдеби өміріндегі басты тенденцияларды анықтау болса, мұны жалаң күйінде емес, тарихи тұрғыдан, сол кездің саяси-әлеметтік өмірі аясында танып білуге көмектесетін әдістер бар. **Әдебиет тарихын зерттеуде қолданылып жүрген зерттеу әдістері төмендегідей:**

1)Биографиялық. Бұл әдіс бойынша, әдеби туынды оның авторының өмірбаянымен байланыста, өмір жолының тікелей нәтижесі ретінде қарастырылады.

2)Мәдени-тарихи әдіс әдебиетті зерттеп отырған дәуірдің мәдени-тарихи жағдайымен тығыз байланыста, сол дәуірдің жемісі, бір көрінісі тұрғысынан қарастыруды талап етеді.

3)Салыстырмалы-тарихи метод әдебиетті өзіне дейінгі, сол дәуірдегі басқа да қаламгерлермен, әдебиеттермен салыстыра отырып, зерттейді. Бұл әдісті қолданғанда, салыстыруға болатын, болмайтын жағдайларды айыра білу.

Әдебиет – руханияттың күре тамыры. Сондықтан да тегі бір, тілі бір халықтардың ерте кездердегі әдебиетін қайта қарап, бүгінгі әдебиеттану ғылымы жеткен жетістіктерді пайдалана отырып, жаңаша көзқараспен түркі бірлігіне қызмет ететін ортақ әдебиет тарихын жасау – кезек күттірмейтін мәселе.Бұл – мәселенің бір жағы болса, екінші жағынан, күні бүгінге дейін өзіне лайықты насихатталып, бағасын ала алмай келе жатқан дамыған түркілік әдебиетті тіпті өзімізге, одан қалды әлемдік оқырманға да насихаттау, таныстыру өз дәрежесінде емес. Оның ар жағында қоғамдық даму барысында түркілік мәдениеттің әлемдік өркениетке қосқан өзіндік үлесін анықтау деген секілді ауқымды міндеттер тағы тұр.Әрине, бұл – айта салуға оңай болғанымен, жүзеге асыруға, жазуға келгенде, күрмеуі көп, шешімін күтіп тұрған мәселелері жеткілікті шаруа. Қазір түрлі тарихи жағдайлардың әсерінен әлемнің түкпір-түкпіріне шашырап, түрлі мәдениеттердің ықпалына ұшыраған түркі тектес халықтардың жалпы саны 200 миллионның о жақ бұ жағында. Олардың ішінде тілінен, рухани тамырынан көз жазып қалғандары, болмаса соған жақын тұрғандары да бар. Міне, осындай жағдайдағы халықтардың тарихи негізді ортақ бай әдеби мұрасын жинақтау, нақтылай айтқанда, түркі халықтарының ортақ әдебиет тарихын жазу – теориялық жағынан да, практикалық жағынан да бірсыпыра күрделі мәселелерді шешуді, қажыр-қайратты қажет ететін күрделі проблема. Бүкіл түркі халықтары түгілі бір ғана ұлттың әдебиет тарихын жасаудың өзі қаншама қиындықтар туғызатынын қазақ әдебиетінің тарихын жасау жолдарынан-ақ байқауға болады.

Түркі халықтарының ортақ әдебиет тарихын жасау барысында есте боларлық бірнеше жағдайлар бар. Отаршылдықтың салдарынан түркі халықтарының көпшілігі күні кешеге шейін өздерінің шын мәніндегі ғылыми негізді әдебиет тарихын жасай алмай келді. Оған бір жағынан, түркі халықтарын қоғамдық дамудың төменгі сатысындағылар санайтын еуропацентризм ілімі кедергі келтірсе, екінші жағынан, ұлттық атаулыға қарсы кеңестік отаршылдық саясат мүмкіндік бере бермеді. Соған қарамастан, КСРО құрамына кірген түркі халықтары өздерінің ұлттық әдебиетінің тарихын зерттеген ғылыми ізденістерін бір сәтке де тоқтатқан жоқ деуге болады. Нәтижесінде социалистік реализм принциптері негізінде жазылған әр ұлттың жеке өзіндік әдебиет тарихтары өмірге келді.

Кеңестік кезеңде өмірге келген әдебиет тарихтарын жазу барысында туындаған түрлі ғылыми мәселелерді әр ұлт өзінше шешті. Әдебиет тарихтарын біреулері түркі халықтарының барлығына бірдей ортақ ерте кездерден бастаса, кейбіреулері кейінгі кездерді місе тұтты. Әдебиет тарихының келелі мәселелерін ғалымдар болып ойласып шешу, үйлестіру жағы жетісе бермеді.

Әдебиеттің негізгі екі жағы бар. Оның ең біріншісі және негізгісі әдебиетті әдебиет қылып тұрған оның ішкі жағы, яғни өнер ретіндегі көркемдік қасиеті болса, екіншісі – сол көркем әдебиеттің тууына, өмір сүруіне жағдай жасайтын, тағдырын айқындайтын қоғамдық ортаның әсері. Әдебиеттің тарихын жасағанда, негізгі мәселе осы екі жағын да ескеріп отыру – аса маңызды. Осы бір күрделі мәселені таразының басын тең ұстай отырып, іс жүзінде шешу қазақ әдебиетінің тарихын жасаушыларға да оңайға түспеген.

Болашақта жасалар түркі халықтары әдебиетінің ортақ тарихын жазуға кіріспестен бұрын ұлттық әдебиет тарихтарының жасалу жолдарын, тәжірибелерін қорытып, оның жеткен жетістіктерін пайдалану керек; жетпей жатқан жерлерін жеткізуді, қателіктерін жоюды, проблемаларын шешуді көп болып ойластырып, ортақ ұстанымдарға келу керек. Тарих – ұлы ұстаз. Сондықтан да тарихтың сабақтарын бүгінгі күннің талаптарымен, ғылыми жетістіктерімен ұштастыра отырып, жұмыс жасау алға көп міндеттер жүктейді.

**Ортақ әдебиет тарихының зерттеу нысаны** – алдымен, анықталып алынуы тиіс күрделі мәселенің бірі. Түркі халықтарының әдебиеті дегеніміз не, ұлттық әдебиет пен түркілік әдебиеттің ара жігі қалай, ортақ әдебиетке қай дәуірлер жатады, ұлттық, түркілік әдебиетке қандай әдебиетті жатқызып, негізгі өлшем ретінде тегі, жері, тілі сияқты өлшемдердің қайсысын аламыз деген секілді сандаған сауалдар ғылыми тұрғыдан жауаптар күтуде. Осы сияқты бірсыпыра мәселелердің дұрыс шешілуі қолға алынғалы отырған үлкен жұмыстың дұрыс бағытта жүруінің бірден-бір кепілі болмақ.

Осы уақытқа дейін түркілік ортақ әдебиетті бірлесе отырып зерттеу мәселесі күн тәртібіне қойылмай, тек ұлттық әдебиеттің тарихын жасау жұмыстары жүріп жатыр. Осының салдарынан түркілік ортақ әдебиет пен ұлттық әдебиеттің бірге қарастырылуы тиіс көптеген мәселелері біржақты шешіліп келді. Ұлттық әдебиетті анықтауда көбіне территориялық принциптің алға шығып отырғандығын байқаймыз.

Мысалы, ортағасырлық Әл-Фараби көп уақыттарға дейін өзбек әдебиетінің тарихында орын алып келсе, кейін туылған жері Отырар (Фараби) Қазақстанда болғандықтан да қазақ делініп жүр. Профессор Ә. Дербісәлінің зерттеуінше, Отырардан шыққан Әл-Фарабилердің ұзын саны отыздың о жақ, бұ жағында. Солардың барлығының да қазақ руханиятына қатысы бар деп есептейді. Жүсіп Баласағұнға қазақ пен қырғыз таласуда. Шу өзенінің бойындағы Баласағұн қаласында туылған ғұламаны қырғыздар қырғыз жерінде, қазақтар қазақ жерінде туылған деп дәлелдейді. Көрші жатқан екі халықтың Жүсіпке таласы аяғында Баласағұн қаласының қай елде болғандығы жайлы ғылыми пікірталастарға ұласты. Сонда бар мәселе Баласағұн қаласының қай жерде болғандығы анықталуына байланысты шешілетін сияқты.

Әдебиеттің негізі – тіл. Шығарма қай ұлттың тілінде жазылса, сол ұлттың әдебиетіне жататындығы дау тудырмайды. Қай халықтың болмасын, ұлттық әдебиетін сол ұлттың тілінде жазылған туындылар құрайды. Түркілік әдебиеттің негізгі өлшемі де – осы. Десек те бұл қалыпқа сия бермейтін жағдайлар да жиі кездеседі. Жоғарыдағы тегіне қарай түркі әдебиетіне жатқызылып жүрген ақындардың қытай, араб тілдерінде жазғаны белгілі. Әдебиет ұлттық мәдениеттің, рухтың көрінісі болса, басқа мәдениетке, рухқа сай тілде жазылған көркем шығарманы авторының тегіндегі әдебиетке жатқыза аламыз ба? Ақын жазушы қай тілде жазса, сол ұлттың сөз өнеріне үлес қосып, ұлттық рухына, мүддесіне қызмет ететіні белгілі. Әлемдік әдебиетте қаламгер қай тілде жазса, сол тілдегі әдебиеттің өкілі деп қараушылық басым. Бұл мәселені біз қалай шешуіміз керек? Отаршылдық саяаттың «жемісі» ретінде соңғы кезеңдерде орыс, қытай тілінде жазатын қазақ қаламгерлері шыға бастады. Он томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» соңғы кітабында «Қазақстандағы орыс әдебиетіне» арнайы тарау арналды.

Міне, осы тақілеттес сандаған сауалдар әдебиет тарихының тереңіне бойлаған сайын мен мұндалап көбейе түседі. Сондықтан да мұндай мәселелердің әлемдік әдебиет тарихтарында қалайша шешімін тауып жүргеніне назар аударып, ғылыми негізді бір шешімдерге келу керек. Олай болмаса, аяғы таусылмайтын дауларға ұласып кетуі мүмкін.

Әдебиет тарихының негізгі зерттеу нысаны – белгілі бір дәуірдің **әдеби өмірі**. Ал әдеби өмір (процесс) дегеніміз, белгілі бір дәуірдегі әдебиеттің тұтастай күйіндегі тарихи өмір сүруі, дамуы күйіндегі аса күрделі жай-күйі. Ал әдеби өмірді жекелеген қаламгерлер, олардың шығармалары, ол шығармаларды оқырмандардың қалай қабылдағаны жайлы пікірлер, әдеби, немесе әдебиетке қатысы бар оқиғалар құрайды. Әдебиет тарихын зерттеуші бұдан талай замандар бұрын өтіп кеткен дәуірлерге үңіліп, әдеби өмірде болып өткен елеулі оқиғаларды, фактілерді електен өткізіп, негізгілерін анықтау үшін әдеби өмірдің даму бағытын белгілеген басты оқиғаларды, негізгі ағымдарды сол дәуірдің саяси-әлеуметтік, мәдени аясында ашып көрсетуі тиіс.

Қазандай қайнап жататын әдеби өмірдің басты тұлғалары сол әдебиетті жасау жолында еңбектеніп, күресіп жатқан – қаламгерлер. Әрбір дәуірдің әдебиетін сол кезде дүниеге келген әдеби туындылар, сөз өнерінің соңында жүрген ақын-жазушылар жасайды. Замана ағымын дөп баса білген дарын иесі сол дәуір

қажетсініп отырған зәру мәселені дер кезінде шеберлікпен көтеріп, «мода» болуы мүмкін; не керісінше, қанша дарынды болғанымен де, айтқаны асыл болса да саяси-әлеуметтік өмірде болып жатқан түрлі жағдайлардың салдарынан не бір құнды шығармалар қабылданылмай, түсінілмей қалуы, өзінің танылар таңын күтіп, ұзақ уақыт жатып қалуы мүмкін. Әдебиеттің тарихы – осы уақытқа дейін әдебиеттің әр дәуірлерінде өмір сүріп, артына өшпес мұра қалдырған ақын-жазушылардың хронологиялық тұрғыдан жүйеге түскен шежіресі де. Шын мәніндегі әрбір дарын иесі бұрынғы ұлттық дәстүрді жаңаша жалғастырып, әдебиетке жаңа стиль, жаңа бағыт, жаңа форма, жаңа идеялар әкеліп, тұтастай бір әдеби мектепке айналады. Әдебиет тарихын зерттегенде, ылғи да назарда болуға тиіс мәселенің бірі – **әдеби жанрлар**. Әдебиеттің бірден пайда бола салмағаны әлімсақтан белгілі. Әдебиет дегеніміз – жанр. Әдебиет ғасырлар бойы жанрлық тұрғыдан дамып, бүгінгі биікке жетті. Демек, әдебиеттің дамуы дегеніміз, оның жанрлық тұрғыдан жетілуі екен. Сондықтан да әдебиеттің тарихын зерттеуші қарастырып отырған дәуіріндегі әдеби жанрлардың жай-күйін барлық уақытта назарда ұстап отырғаны лазым.

Әдеби жанрлар бірден пайда бола қалған жоқ. Әдебиет тарихының ежелгі дәуірінің әдебиеті деп жүргеніміздің көпшілігі біздің бүгінгі әдебиет туралы ұғымымызға, әдеби қалыптарға сай келе бермейді. Сөз өнерінің ең көне үлгілері қатарында тасқа жазылған сына жазулары, шежірелер, шіркеулік жазбалар, хаттар, тарихи деректер сияқты үлгілер алынып жүр. Бұлар кейін ұзақ даму жолдарынан өтіп, бүгінгі профессиональды әдебиет дәрежесіне жеткен. Сондықтан да әдебиет тарихшысы белгілі бір дәуір әдебиетін зерттеу барысында оның жанрлық, яғни көркемдік жағынан қаншалықты деңгейде екенін анықтап отыруы лазым.

Түркі халықтарының ортақ әдебиет тарихының негізін жекелеген **ұлт әдебиеттерінің тарихы** құрайды. Сондықтан да алдымен, ұлттық әдебиет тарихтарын жасау мәселелері дұрыс шешілуі керек. Әрбір ұлт әдебиет тарихының өзіндік ерекшеліктері ескеріліп, тәжірибелері тиянақталуы қажет. Осылардың негізінде түркі халықтары әдебиетінің ортақ әдебиет тарихын жасаудың теориялық, практикалық мәселелері айқындалып, толық шешімін табатын болады.

Сонымен, түркілік ортақ әдебиет тарихын жасаудың негізі – ұлттық әдебиет тарихтары. Соның бірі қазақ әдебиетінің тарихын жасау да ұзақ та, күрделі ауыр жолдардан өтті. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудің алғашқы кезеңдерінде ұлттық әдебиеттің бар екендігін де дәлелдеуге тура келген. Әдебиеттің тарихы ұлттық әдебиеттің өткен даму жолдарын, нақтылай айтқанда, сөз өнерінің қайнар бастауларынан бастап, бүгінгі күнге дейінгі тарихи дамуын, дамудың жетекші заңдылықтарын, ондағы жекелеген ақын-жазушылардың шығармашылықтарын зерттейтін әдебиеттану ғылымының бір саласы дейтін болсақ, оның алғашқы сілемдері ХІХ ғасырда Ш. Уәлихановтың еңбектерінде («Қазақ халық поэзиясының түрлері» атты мақаласы, Жанақ, Орынбай, Шөже туралы айтқандары, т. б.) көрінсе, ХХ ғасырдың алғашқы жарымында біртіндеп қалыптаса бастады.

Қазақ әдебиеттану ғылымы алғашында өткен кездерде жасалынған қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылықтары жайлы әртүрлі деңгейде айтылған пікірлер түрінде өмірге келді. Түрлі мақсатта көрінген В. В. Радлов, П. М. Мелиоранский, А. Е. Алекторов, Н. И. Ильминский, Г. Н. Потанин, А. Янушкевич, Ә. Дибаяев секілді жат жұрттық ғалымдардың қазақ әдебиеті, оның ішінде поэзиясы хақындағы құнды пікірлерінің болашақта жасалынар әдебиет тарихы үшін маңызы айтарлықтай болды. Әдетте, әрбір ұлт өзінің ұлттық тарихын, әдебиетін, өнерін негізінен өзі зерттейді. Ал қазақ әдебиетінің тарихын жасаудың алғашқы кезеңінде оған басқа ұлт өкілдерінің араласуының бірнеше себептері болса, соның ең негізгісі әдебиетті зерттейтін ұлттық кадрларымыздың жоқтығы еді.

Қазір заман өзгерді. Сол заманмен бірге адам да өзгерді; адамның сана-сезімі өсіп, өмірге жаңаша көзқараспен қарайтын жаңа ұрпақ келді; ғылым дамып рухани құндылықтар өзгере бастады. Осының барлығы әдебиеттану ғылымының алдына жаңа міндеттер қойды. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеушілер оның тарихы тым арыда, тарихтың түпсіз тереңдерінде жатқандығын анықтады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. А. Байтұрсынов. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003.
2. Қ. Жұмалиев. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1968.
3. Әбдәзұлы К., Тұрсынғалиев. Қазақ әдебиеті. 8 сынып. – Арман-ПВ, 2012.
4. Қ. Жұмалиев. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1968.
5. Қазақ әдебиеті «Шың» кітап.

## **БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

*Ашубаева Л.С., Досқабылова А.Ж.  
№ 50 орта мектеп,  
Қазақстан, Ақтөбе қ.*

Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық-педагогикалық технологияларды игерген, технологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан, бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашылық педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім, зерделі оқытушы болуын қажет етеді. Бүгінгі таңда қозғалып жатқан ең өзекті мәселелердің бірі білім беру жүйесінде жаңа электрондық технологияны енгізу, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану, жетістіктері мен жеке тұлғаларды қалыптастыру және қазіргі заман талабына сай білім алуға қажетті жағдайлар жасау. Білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі

бүкіл оқу әдістемелік жүйеге, оқытушылар алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр.

Бөбек тілді өзі өмір сүре бастаған ортадан үйренеді, ал олардың мектепте оқуына байланысты сол табиғи процесс онан әрі жалғаса түседі. Сондықтан мектептегі тіл үйрету жұмыстары да үйдегі басталған табиғи процестің заңдылықтарына негізделіп жүргізіледі. Ең алдымен тілдің өз табиғатынан жеті заңдылық шығады [1, 28].

Бірінші заңдылық. Тілді ұғыну барысында адам фонологиялық, грамматикалық және лексикалық мағыналарды меңгереді. Балалар ана тілінің фонологиялық мағынасын, әдеби тілдің орфоэпиялық мөлшерін мектепке дейін-ақ меңгере бастайды. Егер бала үйренбеген болса, мектептегі жүргізілетін жұмыстар да қиындай түседі (мысалы, оқу дағдысын қалыптастыру т.с.с.). Оқушылар сөздің лексикалық мағынасын да мектепке дейін меңгереді. Олар мектепке оқуға түскеннен кейін мұғалім балалардың лексикалық қорын кеңейту, қолданылатын сөздердің мағынасын анықтай түсу сияқты жұмыстарды жүйелі түрде жүргізеді. Ана тілінің грамматикалық мағынасымен де балалар мектепке дейін танысады. Мектептің міндеті оқушыларға ана тілінің сан алуан грамматикалық қатынастары мен көріністерін үйретіп, тіл байлықтарын арттыра түсу. Грамматикалық мағынаны ұғыну үшін бала жан-жақты, кең ойлай алатындай болу керек. Сондықтан грамматикалық мағынаны ұғыну барысында олар шындықтағы заттар мен құбылыстардың арасындағы қатынастарды түсінеді, ойлауға үйренеді. Міне, осыдан тіл мен ойлаудың тығыз байланысы келіп шығады. Сөйтіп, тілді ұғыну – ана тілінің фонологиялық, грамматикалық және лексикалық фактілермен оқушылардың тіл байлығын арттыру. Мұғалім бұл міндетті әдістемелік құралдарды дұрыс іріктей алғанда ғана ойдағыдай іске асыра алады. Әдістемелік қағида төмендегідей әдістемелік ережелерді сақтауды талап етеді:

- 1) оқушыларда орфоэпиялық дағды қалыптастыру;
- 2) грамматиканы оқыту барысында логикаға үйрету;
- 3) қазақ тілі сабақтарын басқа пәндермен байланыстырып, балалардың лексикалық қорын байыту және оларды сөйлеуге үйрету.

Екінші заңдылық. Тілді ұғыну үшін орасан сезімталдық керек. Зерттеушілер мұндай қасиеттің балада тіпті сәби кезден болатындығын айтып жүр. Грамматиканы үйрету осы «тілдік сезімталдыққа» сүйеніп, іске асырылады.

Бұл қағида төмендегідей әдістемелік ережелерді сақтауды талап етеді:

- 1) балалардың бұрыннан білетін сөздерін тәртіпке келтіру (мұнда грамматика басты орын алады);
- 2) оқушылар өздеріне белгісіз грамматикалық көріністерді бұрыннан таныс көріністермен салыстыра алатындай дидактикалық материал іріктеледі;
- 3) тілдік фактілерді жинақтауға негізделген әдістерді кеңінен пайдалану.

Үшінші заңдылық. Фонологиялық, грамматикалық және лексикалық мағыналармен қатар сөйлеу мәнері, сезімге бөлене сөйлеуді меңгереді. Мұндағы әдістемелік қағида: сөйлеу мәнеріне назар аудару.

Бұл қағиданы іске асыруда мына сияқты ережелер сақталады:

- 1) тілдің фонологиялық, грамматикалық және лексикалық мағыналарын үйрену барысында сезімге бөлене сөйлеу мәнерінің жолдарын түсіндіріп отыру;

2) ана тілі мен қазақ тілі сабақтарын міндетті түрде байланыстырып отыру;  
3) тілдерін талдағанда көркем мәтіндердің сезімге әсер ететін бөліктерін тандап алу [1, 29].

Төртінші заңдылық. Жазбаша сөйлеу ауызекі сөйлеуді таңбалау жүйесіне аудару ретінде (дыбысты таңбаға көшіру) ұғынылады. «Жазбаша сөйлеу бала үшін сөйлеуді меңгерудің жалпы екінші кезеңі болып табылады — дейді профессор Н. С. Рождественский. Ауызекі сөйлеудің өзі шындықтағы заттар мен қатынастардың таңбалары болып табылады. Жазбаша сөйлеу ауызекі сөйлеудің дыбыстары мен сөздерін шартты түрде белгілейтін таңбалардан тұрады».

Сауат ашу кезеңінде баланы жазуға үйретудің бастапқы шағында әуелі оған таныс емес әріптің бұрыннан таныс, естіп жүрген дыбысы айтылады. Мұнда тағы бір маңызды мәселе — ауызекі сөйлеудің жазбаша сөйлеумен салыстырылып тұруы. Мысалы, тыныс белгілерін қоюда дауыс ырғағының рөлі [2, 36].

Сонымен, ана тілін оқытуда жазбаша сөйлеудің ауызшамен салыстырылуы мынадай әдістемелік қағидаға негізделеді. Бұл қағида төмендегі ережелерді сақтағанда іске асады [3, 12]:

- 1) ауызекі сөздегі дыбыстар мен жазғандағы әріптерді салыстырып отыру;
- 2) дауыс ырғағы мен тыныс белгісін салыстырып отыру;
- 3) ауызша және жазбаша жаттығуларды ұштастыру.

Бесінші заңдылық. Фонетикалық, грамматикалық және лексикалық мағыналардың барлығы «тіл материясын», яғни тіл таңбаларын – дыбыс, морфема, сөз, дауыс ырғағы және тиісті жазбаша таңбалар (әріп, тыныс белгісі) – ұғыну барысында меңгеріледі.

Бұл қағиданы іске асыру ережесі мынадай:

- 1) көрнекілікті пайдалану (кесте, сызба, түрлі суреттер, теледидар, кино және т.б.)
- 2) есту құралдарын пайдалану (мәтіндер оқып беру, магнитофон, радио, теледидар, кино т. б.);
- 3) оқу құралдары, көркем мәтіндер, ғылыми-көпшілікке арналған мәтіндер, газеттер, журналдар;
- 4) ана тілін үйрену үшін оқушылардың басқа пәндерді оқу барысындағы сөйлеу практикасы (мұғалімнің, жолдастарының сөзі, оларды аңғарту үшін талдау) пайдаланылады.

**Қазақ тілін жаңаша технологиямен оқыту – тіл үйренушілердің шығармашылық қызметін, сапалы білім ала білуін қалыптастыратын үдеріс.** Тіл үйренушінің саналылығы қазақ тілінің төл дыбысының, сөзінің сөз тіркесінің, сөйлемнің өзіндік болмысын танып-білу барысында ғана және сол үшін ғана емес, жүйе теориясының заңдылықтарын ғылымның барлық саласында қолдану жолдарын меңгеру қажет екенін түйсігімен түйсінуі барысында ғана қалыптасады. Бұл ретте мұғалімнің дұрыс қойған талаптары мен тапсырманы орындау алгоритмдерінің бірізді тәртіптелген жүйесі оқушыны саналылықпен білім алуға дағдыландырады. Тіл үйренушінің саналылықпен білім алу ұстанымы толыққанды жүзеге асуында келесі ұстаныммен табиғи байланысты болуы үлкен рөл атқарады.

Қазақ тілін оқытуда талдау әдісін оқушыға дұрыс үйрету арқылы қазақ тіліндегі дыбыстарды, сөз құрамын, сөз тіркесін, сөйлем мүшелерін т.б. өз бетімен

анықтай білу дағдылары қалыптастырылады. Тіл үйренуде байқалатын түрлі заңдылықтар мен құбылыстарға бақылау жасату барысында жеке талдау жасатудың мәні зор. Талдау әдісін орынды, белгілі бір тәртіппен қолдана білу дағдылары қалыптасуы барысында, тіл үйренушінің теориялық ойлау дағдылары дамуы да жүзеге асады.

Теориялық материалдарды графикалық иллюстрация түріндегі әр түрлі суреттер, сұлба, тәсілдер арқылы толықтырып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түсініп оны мида бекіту үрдістері бір уақытта өтіп отырады да материалдық қорыту үрдісі ұтымды болады. Бұлар практикум компьютерлер көмегімен жүзеге асырылады. Ал білімді бағалау тестік жүйе бойынша, ал толықтырушы материалдар интерактивтік компьютерлер типте жүзеге асады.

Бүгінгі таңда мектептердің өзекті мәселелерінің бірі — оқушылардың тіл мәдениетін көтеру, сауатты жаза алатын, өз ойын айқын жеткізе алатын азамат тәрбиелеу. Қазіргі заманымызда қойылған басты талаптардың бірі — өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, тәрбиелеу.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

- 1.Құрман Ж.Н. Қазақ тілін оқытудың әдістемелік негіздері. – Алматы, 2009. – 28 б.
- 2.Әбдікәрімов Б., Сарбасова Қ.А. Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда педагогикалық технологияларды пайдалану // Еуразиялық гуманитарлық институттың хабаршысы. – 2004. – № 3. – 36 б.
- 3.Даумов Н.Ф. Оқытудың ақпараттандыру процесінде оқушылардың зерттеу қызметін дамыту: Пед. ғыл.канд. ...дис. – Алматы, 2003. – 12 б.

## **КЕЙС ӘДІСІ – СТУДЕНТТЕРДІҢ САБАҚТАҒЫ БЕЛСЕНДІЛІГІ МЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ**

*Әбдісүлейменова Р.Ш., Рыскелдиева Г.Д.,  
Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті  
Қазақстан, Алматы қ.*

Қазіргі кезде білім саласында еңбек етіп жүрген оқытушылар, жас ұрпаққа сапалы білім беру мақсатында түрлі белсенді әдістерді қолдануда. Өйткені оқытушының мақсаты – әрбір білімгерге сапалы білім беру, олардың әр жақты дамуына мүмкіншілік жасау, білім алуға қызығушылығын арттыру, алған білімдерін өмірде пайдалана білуге үйрету.

Кейс әдісін қолданудағы оқытудың табысты болуы ұйымдастырушы оқытушы жұмысына байланысты. Оның негізгі мақсаты студенттер бір топта жұмыс істеп, үйреніп ақпараттың тапшылығына қарамастан, ең тығыз уақытта, тез арада шешім қабылдай білу. Ашық пікір айырбастау, әрбір қатысушының өз мүмкіндігін, іс-қимылын толық қолдануына жағдай жасау және өзінің іс жобасын



жүзеге асыру барысында қатысушының атқаратын мүмкіндігі үшін әрекет ету, сарапшы, аналитик және экспериментатор қатысуына мүмкіндік жасау. Кейс міндетіне мыналар кіреді: мұнда оқытушы барлық пікірлерді тіркейді, оларды айтылу барысындағы пікірлерді сараптап, оларды топтап сынын бақылап отырады.

Төмендегі кестеде кейспен жұмысты ұйымдастыруда тәжірибеде қолданыста жүрген әртүрлі әдістермен үйлесетіндігі байқалады:

<b>Кейс әдісімен үйлесетін әдіс</b>	<b>Оның сипаты</b>
Үлгілеу	Жағдайдың үлгісін құру
Жүйелі талдау	Жүйелілік ұсыныс және талдау
Ойша тәжірибе	Жағдай туралы білімді ойша түрлендіру арқылы алу тәсілі
Сипаттау әдістері	Жағдайдың сипатын құру
Проблемалық әдіс	Жағдайдың негізінде жатқан түйінді мәселені ұсыну
Жіктеу әдісі	Жағдайды құрастыратын қасиеттер, тараптардың реттелген тізімін құру
Ойын әдістері	Жағдай кейіпкерлерінің жүріс-тұрысының нұсқаларын ұсыну
«Миға шабуыл»	Жағдайға қатысты ойларды генерациялау
Пікірталас	Түйінді мәселе және оны шешу жолдары жайлы көзқарастармен алмасу

Кестеден көрініп тұрғандай, білім беру үдерісін ұйымдастырудың әртүрлі әдістері кейс әдіспен сәтті үйлесуі мүмкін.

Кейспен жұмыс істеуді ұйымдастыру: Нұсқалары өте көп, бұл оқытушының шығармашылығы үшін үлкен мүмкіндік. Біз жұмыс ұйымдастыруға болатын, максималды жалпыланған сабақ үлгісін ұсынамыз. Сабақты ұйымдастыру сатылары: *Бірлескен іс-әрекетке жұмылу сатысы: Бұл сатының негізгі міндеті: бірлескен іс-әрекетке дәлелдеме құру, талқылауға қатысушылардың бастамаларының айқындалуы.*

*Бұл сатыда келесі жұмыс нұсқалары болуы мүмкін: – Кейс-стади мәтіні студентке өз бетімен зерделеу және сұрақтарға жауап дайындау үшін сабақ басталғанға дейін таратылып берілуі мүмкін.*

Сабақ басында тыңдаушылардың кейс-стади материалдарын білуі және талқылауға қызығушылығы анықталады. Кейс-стади негізінде жатқан басты мәселе анықталады. *Біріккен іс-әрекетті ұйымдастыру сатысы: Бұл сатының негізгі міндеті: – мәселелені шешуге арналған іс-әрекетті ұйымдастыру. Іс-әрекет кішігірім топтарға біріктірілуі және жеке болуы мүмкін. Тыңдаушылар оқытушы берген қандай да бір анықталған уақыт көлемінде сұраққа ұжымдық жауап дайындау үшін уақытша кішігірім топтарға бөлінеді. Әрбір кішігірім топтарда (басқа топтардан тәуелсіз) жауаптарды салыстырулар, оларды өңдеу, тұсаукесер үшін рәсімделетін жеке бір көзқарасты өндіру жұмыстары жүреді. Әрбір топта*

шешімді жеткізетін «спикер» таңдалады немесе тағайындалады. Егер кейс сауатты құрылған болса, онда топтардың шешімдері сәйкес келмеуі керек. Спикерлер топтардың шешімін таныстырады және сұрақтарға жауап береді. Оқытушы жалпы дискуссияны ұйымдастырады және бағыттайды.

*Талдау және біріккен іс-әрекеттің рефлексиясы сатысы:* Бұл сатының негізгі міндеті: - кейспен жұмыстың нәтижелерімен білімдік және оқытулық нәтижелерін айқындау. Сонымен қатар бұл сатыда сабақтың ұйымдастырылуының тиімділігі талданады, біріккен іс-әрекетті ұйымдастырудың түйінді мәселелері анықталады, ары қарай жұмыс жасау үшін міндеттер қойылады. Оқытушы әрекеттері келесідей болуы мүмкін: оқытушы кейс-стадиді талқылау үрдісін және барлық топтардың жұмысын талдай отырып пікірталасты аяқтайды, оқиғаның шынайы дамуына қысқаша түсініктеме береді, қорытынды шығарады.

Кейс стади әдісі интерактивті әдістің бір түрі ретінде студенттер үшін өте тиімді әдіс болып саналады. Бұл әдістің көмегімен студенттер өз беттерінше теорияны меңгере отырып, практикалық дағдыларға да үйренеді, сонымен қатар өз ойын жүзеге асыру мүмкіндігіне де ие болады. Студент берілген жағдаятқа талдау жасау арқылы жеке тұлға ретінде қалыптасып, сабақты қызығып оқуға тырысады. Кейс стади әдісі - студенттің креативті ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды.

Кейс әдісінің білім беру мақсаттары:

1) Студенттің міндеті кейс жүйесін үйреніп және оны іс жүзінде жүзеге асыра отырып нақты шешім қабылдай білуі керек .

2) Студент логикалық ойлау қабілетін пайдаланып, ашық жүйені қолдана отырып, бастапқы ойдың мағынасын және болжамын түсіну қажет.

3) Студент өзінің сараптамасын сенімді түрде айқын түсінуі тиіс.

4) Студент кейстің негізгі сұрақтарын байыпты айқын көруге, орынды айтуға, бөліп көрсетуге және қатысуға міндетті.

5) Ең үздік студенттер («өте жақсы» бағаға үміткер) қандай жағдайда болсын өзінің жан-жақтылығын, біліктілігін көрсетуі керек.

Ұсынылатын тапсырмалар жүйесінде студенттердің бірлескен оқу әрекетіндегі ойлау қабілеттерін арттыруға арналған ойын түріндегі кейс әдістерін де беруге болады. Мысалы, «*Конверт сұрақ*». 2-3 сұрақ жазып, конвертке салыңыз (оқу мақсатына қарай). Әрбір студентке өзінікі болатындай етіп, бірнеше конверт дайындаңыз. Әрқайсысына екі минут беріңіз: студент стикерде атын және жауабын жазады; екі минут өткен соң конверт келесі студентке беріледі, осылай бұл 2-3 сұраққа барлығы жауап бергенше жүре береді. Стикерлерді жинап, бірнеше жауапты дауыстап оқыңыз (аттарын атамастан); аудитория белгілі бір сұрақтың қаншалықты дұрыс болғанын талқылайды.

«9 ромб». Қатысушыларға айтарлықтай маңыздысын анықтап, талқылау үшін тізім беріледі. Тізімнің әрбір тармағын үлкен ромбылы торға орналастыру қажет. Маңызды тармақтарды әдетте ромбының жоғарғы жағына, ал оншалықты маңызды еместерін төменгі бөлігіне орналастырады. Әр қатарда орналасқан тармақтардың маңызы бірдей. Кейбір топтар ең маңызды карточкаларын орталықта орналастыра алады (екі нұсқасы сәйкес келеді, себебі тапсырманың

маңызды элементі топтағы талқылау үдерісі болып табылады). Ромбының нысаны топқа бірқатар басымдықтар мен перспективаларды қамтуға мүмкіндік береді.

«*Ойлан, Бірік, Бөліс*». Студенттер ойына келген жауаптарды немесе идеяларды барынша көп жазады (Ойлан). Одан кейін олар өз идеяларын әріптестерімен біріктіреді (Бірік) және соңында оқытушы бүкіл аудиторияның идеяларын талқылауды бастайды (Бөліс).

«*Тыңдайтын үшбұрыштар*» Студенттер үш адамнан тұратын топта бірлесіп жұмыс істейді: СПИКЕР оқытушының нұсқаулығы бойынша тақырыпты түсіндіреді (немесе проблема туралы өз ойымен бөліседі). ИНТЕРВЬЮЕР мұқият тыңдайды және егжей-тегжейін анықтау үшін сұрақтар қояды. ХАТШЫ үдерісті бақылайды және «спикерге» де, «интервьюерге» де кері байланыс береді. (Рөлдерді анықтау үшін “Бірге ойланамыз” тәсілі қолданылуы мүмкін – рөлдермен ауысуға болады (қазір немесе кешіректеу).

«*Ойлаудың алты қалпағы әдістемесі*» (Эдвард де Боно)

Қызыл қалпақ – Түйсік. Менің түйсіктік реакциям қандай? Менің түйсігім маған не дейді. Өз ойларыңды жазыңыз.

Сары қалпақ – Позитив. Жағымды тұстары қандай болды? Оның артықшылығы қандай? Маған не ұнайды? Оң тармақтарын жазыңыз.

Жасыл қалпақ – Креатив. Менде қандай идеялар бар? Қандай баламалы түрлерді ойлап таба аламын? Барлық жаңасын және қызықтысын жазыңыз.

Ақ қалпақ – Фактілер. Менде қандай ақпарат бар? Маған қандай ақпарат алу қажет? Білетініңізді ғана жазыңыз.

Қара қалпақ – Жағымсыз. Жағымсыз кезеңдерді көрсетіңіз? Қандай проблемалар бар? Маған не ұнамайды? Жағымсыз тармақтарды жазыңыз.

Көк қалпақ – Жалпы шолу. Мен не аштым? Тағы не ашылған жоқ? Мен оны қалай аша аламын? Мен барлық қалпақты кие алдым ба? Жалпы түсініңізді жазыңыз.

«*Тақырыптық теннис*». Студенттер үш адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Екі ойыншы, бір судья. Оқытушы нұсқаған уақытта топтағы студенттер берілген мәтін бойынша сөздер айта бастайды. Ол қарсыласы тоқтап қалғанша жалғаса береді. Судья есеп жүргізіп отырады. Рөлдермен ауысып жүргізуге болады.

«*Өз ойыңды толықтыр*». *Топтағы студенттер* материалды қаншалықты меңгергендігін сынау үшін бір-біріне бірқатар сұрақ қояды. Білім тексеруге арналған кейбір сұрақтар:

Неге....

Мұны қайдан білесің....

... үшін сенде қандай дәлел бар.

Сен неге олай ойлайсың...

Түсіндіре аласың ба...

... үшін не істеу керек.

«*Дананың кілттері*» бірқатар ойлауды талап ететін тапсырмаларды орындауға студенттерді қызықтыру және тарту үшін арнайы әзірленген жиырма шақты іс әрекет (кілттер) кешені болып табылады. Бірқатар көмекші сұрақтар немесе тапсырмалар студенттердің талдау жасау, сын тұрғысынан және креативті

ойлау қабілетін ашуға арналған кілт түрінде ұсынылған. «Керісінше» кілті сөйлемде «істей алмаймын», «ешқашан», және «істемеймін» сөздерін пайдалануды көздейтін тапсырма, мысалы «Сіз Астанада ешқашан таба алмайтын заттардың тізімін жасаңыз. «Егер де» кілті «егер де» деген сұрақ қойып, олардың ойларын графикалық кескінге жазып отырыңыз. «Әліпби» кілті берілген тақырыпқа қатысы бар сөздердің тізімін а дан я ға дейін әліпби ретімен тізбектеңіз. «Жаңа дизайн» кілті күнделікті заттарға жаңа дизайн беру үшін қолданылады. «Конструктор» кілті шектеулі құрылыс материалдарын креативтілікпен пайдалануды талап ететін мәселелерді шешу туралы тапсырма. «Кемшіліктер» кілті нақты кейіпкер басындағы кемшіліктер тізімін жасаңыз. «Тағы қалай?» кілті қиялыңызды пайдаланыңыз.

Демек, кейс әдісінің маңызды ерекшелігі – оның басқа әр түрлі оқыту әдістерімен тиімді үйлесуі болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Назарбаев Н. Ә. Қазақстан білім қоғам жолында. Назарбаев Университетінде оқыған лекция. Егемен Қазақстан. 6 қыркүйек. 2012.
2. Кембридж бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші деңгей.
3. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. А. 2013.

## **АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА CASE STUDY ӘДІСІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН ҰСЫНУ ЖОЛДАРЫ**

*Бақикызы М.  
№31 қазақ орта мектебі  
Қазақстан, Ақтөбе қ.  
[bakikyzy.moldir@gmail.com](mailto:bakikyzy.moldir@gmail.com)*

Case studies – оқу сабақтарындағы, кейінгі талдаулар мақсатындағы, нақты материалдар негізінде әзірленетін оқытуға арналған нақты жағдаяттар, жағдаяттарды талдау барысында оқушылар топ болып жұмыс істеуді, талдау жасауды, басқару шешімдерін қабылдауды үйренеді. Атауы латынның “казус” – шиеленіскен, ерекше жағдай деген мағына беретін сөзінен шыққан. Әдістің басты ерекшелігі – оқушылармен прецедентті зерттеу, яғни, іскерлік практикадағы кездескен жағдаяттарды зерттеу.

Case study оқыту әдісінің өзге әдістерден ерекшелейтін бірнеше белгілері мен технологиялық артықшылықтары бар.

1) Бұл әдіс зерттеушілік аналитикалық технологиялардың түрлі ерекшеліктеріне ие болуы, яғни аналитикалық процедураларды және зерттеушілік әрекеттерді қамтуы;

2) Case study әдісі үйлесімді ақпарат алмасу мен топта жұмыс жасау секілді бірлесіп үйрену технологияларын қолдауы;

3) Case study әдісін инергетикалық технология ретінде қарастыруға

болады, оның мәні: топты жағдаятпен тереңірек танысу әрекетіне дайындау, білімді көбейту, түсіністікке жету, жаңалықтар ашу әсерін қалыптастыру;

4) Case study әдісі индивидуалдық, топтық және бірлесіп даму, оқушылардың түрлі тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру секілді үйретудің дамушы технологияларын қамтиды;

5) Case study әдісі – жобалық технологияның ерекше түрі. Оқытудың қарапайым жобалық технологиясында мәселені оқушылардың бірлескен жұмысы арқасында шешсе, case study әдісінде тиімді әрекеттер нұсқасын түсінуге арналған ақпарат көзі және бір уақытта технологиялық тапсырмалар ретінде қарастырылатын кейстің негізінде мәселелер қалыптастырылып және шешу жолдары ізделеді;

6) Case study әдісі «табысқа жету» технологиясының елеулі жетістіктерін өзіне шоғырландырған. Онда оқушыларды белсендіру, табысқа жетуіне дем беру, оқушылардың жетістіктер көрсету әрекеттері қарастырылған. Табысқа жету – әдістің басты қозғаушы күші, танымдық белсенділікті еселеудің, құлшыныстың шыдамдылығын қалыптастырудың негізі [1, 119].

Case study әдісінің негізгі қызметі – оқушыларға аналитикалық әрекеттермен шешуге келмейтін, құрылымсыз, қиын мәселелерді шешуге көмектесу. Кейс оқушыларды шынайы жағдаяттар мен бетпе-бет қалдырып, оқушылардың аналитикалық және коммуникативтік мүмкіншіліктерін дамытады.

Case study әдісін қолдану Ресейдің дәстүрлі педагогикалық жоғарғы мектептерде кеңінен қолданылатын материалды қарапайым мазмұндай салудан гөрі, әлдеқайда тиімді. Мәскеудегі америкалық бизнес және экономикалық мұғалімі Питер Эксманның пікірінше бүкіл уақытты нақты мысалдарды талдауға жіберуге болмайды, себебі бұл оқушыларда ұқсас мәселелерді шешуде стереотипті, алдын ала әрекет етуді қалыптастырады және оқушылар жалпылауда жоғарғы дәрежеге көтеріле алмай қалады. Кейстер экономикалық теориялар іс жүзінде қалай қолданылатын көрсетеді. Мұндай жаттығулардың көмегі теориялық «толтырымдарсыз» аса жоғары болмайды.

Кейстер семинарлық және практикалық сабақтарда қолданылатын тапсырмалардан өзгеше, өйткені оқытудағы кейс пен тапсырманы қолдану мақсаты әртүрлі. Тапсырмалар оқушыларға жеке теория, әдіс пен қағидаларды қолдану мен үйрену мүмкіндігін туғызатын материалдарды қамтамасыз етеді. Кейсті қолдана отырып үйрету оқушыларға түрлі дағдыларды игеруге көмектеседі. Тапсырмалар әдетте, шешімге әкелетін бір ғана жолға ие. Кейстер шешімге жеткізетін бірнеше альтернативті жолдарды қамтиды [2, 89].

Кейс классификациясы олардың түрлі белгілеріне қарай жасалуы мүмкін. Солардың ішіндегі кеңінен қолданылатын тәсілі – күрделілігіне қарай. Бұл жағдайда:

1) Оқу жағдаятындағы иллюстрациялық кейстер, мақсаты белгілі бір практикалық мысал арқылы оқушыларға белгілі бір жағдаятты дұрыс шешім қабылдау алгоритміне үйрету.

2) Белгілі бір уақыт кезеңінде сипатталатын мәселелерді анықтайтын, қалыптастыратын оқу жағдаяттық – кейстер, мақсаты – жағдаятты диагностикалау және көрсетілген мәселе бойынша өз бетімен шешім қабылдау.

3) Жоғарыдағы жағдаят нұсқасына қарағанда мәселе нақты анықталмаған, тек статистикалық ақпараттарда, қоғамдық пікірлерде, үкімет билігіне сипатталған, әлдеқайда күрделі бейнеленіп, мәселе қалыптаспаған оқу жағдаяттық – кейстер; мақсаты – мәселені өз бетінше анықтау, бар ресурстарды сараптап шешімнің альтернативті жолдарын көрсету.

4) Нақты орын алған жағдаят сипатталып, одан шығу жолдары көрсетілетін қолданбалы тапсырмалар; мұндай кейстің мақсаты – мәселені шешу жолдарын іздеу [3, 145].

Кейстер білім беру процесіндегі мақсаты мен тапсырмасына сай жіктілген болуы мүмкін. Бұндай жағдайда кейстің мынадай түрлері көрсетіледі:

- Сараптау мен бағалауға үйрететін;
- Мәселелерді шешуге және шешім қабылдауға үйрететін;
- Мәселені, шешімді немесе тұтас тұжырымдаманы суреттейтін.

Case study әдісін қолданудың шетелдік тәжірибесімен жақсы таныс болған Н. Федянин мен В. Давиденко келтірген кейстер классификациясы да назар аударуға тұрарлық:

Аз мөлшердегі қосымша ақпарат берілетін *құрылымдалған «кейс»* (highly structured); бұл жағдайда оқушы белгілі бір модель немесе формуланы өзі қолдануы керек; мұндай тапсырмалар оңтайлы шешімге ие.

Қосымшаның бір-екі бетін және мәтіннің бірден онға дейінгі беттерін қамтитын *«кішкентай нобайлар»* (short vignettes), олар тек негізгі кілт ұғымдармен ғана таныстырады және оны талдау барысында оқушы өз біліміне сүйенуге мәжбүр болады.

Көлемі 50 бетке дейін баратын, осы секілді оқу тапсырмаларының ішіндегі ең күрделісі – *құрылымсыз үлкен «кейстер»*; мұнда ақпарат толығырақ беріледі, алайда, ішінде мүлде керек емес ақпараттар да қамтылады; ең керекті мәліметтер, керісінше, болмауы мүмкін; оқушы осындай әрекеттерді байқап, анықтап отыру тиіс.

*Бірінші ашылатын «кейстер»* – талдау барысында оқушылар өздерінің меңгерген теориялық және практикалық дағдыларын қолданып қана қоймай, мұғалімдермен бірге зерттеу нысаны қылып алатын жаңа ұсыныстарын жасау керек.

Кейбір ғалымдар кейстердің *«жанды»* және *«жансыз»* деген түрлерін де қарастырады. Жансыз кейстерде талдауға керекті ақпараттардың барлығы қамтылады. Кейске “жан бітіру” үшін оқушыларға пікір тастап, қосымша ақпараттар іздеуге ұмтылдыру керек. Мұндай тәсіл кейстің дамып, ұзақ уақыт өзекті болып қалуына жағдай жасайды.

Кейстер түрлі қалыпта ұсынылу мүмкін: бірнеше сөйлем қалпында немесе бірнеше бет көлемінде. Алайда, бастапқыда, үлкен көлемдегі кейстер аз көлемдегі кейстермен салыстырғанда оқушыларға қиыншылық туғызуы мүмкін. Кейстер бір ұйымда орын алған бір оқиғаны немесе бірнеше ұйымда бірнеше жылдар бойы қалыптасқан тарихын қамтуы мүмкін. Кейс белгілі бір академиялық модельге сәйкес болуы мүмкін немесе ешқандай модельге сәйкес болмауы мүмкін [4, 56].

Кейсті белгілі бір ұсынылу стандартты жоқ. Жалпы кейстер жазбаша не электронды құралдармен ұсынылады және ішінде сурет, кесте, диаграммалардың

енгізілуі оқушылардың назарын аудартады. Осындай нұсқада берілген кейстерді аудио немесе видео нұсқасында берілген кейске қарағанда талдау өте ыңғайлы; интерактивті түрде қайталап қарау, шолу жасау мүмкіндігінің шектеулі болуы қателік жасауға әкеліп соқтыруы мүмкін. Соңғы уақыттары кейсті мультимедиялық нұсқада ұсыну кең таралуда. Мультимедиялық нұсқада ұсыну жоғарыда айтылған кемшіліктерге жол бермейді және интерактивті видеоны да, жазбаша ақпаратты да қамтиды.

Кейс-технология- шын және ойдан шығарылған жағдайларға негізделген қысқа мерзімді оқытуға арналған интерактивтік технология.

Кейс-технология – оқытушы-тьюторлардың дәстүрлі және қашықтықтан консультацияларды ұйымдастыру кезінде мәтіндік, аудиовизуальды және мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдарды жинау және оларды пайдаланушылардың өз бетінше меңгеруі үшін жіберуге негізделген [5, 16].

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

- 1.Буравой, М. Углубленное casestudy: между позитивизмом и постмодернизмом / М. Буравой // Рубеж. – 1997 – №10 – 11.
- 2.Изменения в образовательных учреждениях: опыт исследования методом кейс – стадии / под ред Г.Н. Прокументовой. – Томск, 2003. – 289 с.
- 3.Козина, И. Casestudy: некоторые методические проблемы /И. Козина // Рубеж. – 1997. – №10–11. – С. 177–189.
- 4.Еремин, А. С. Обеспечение учебной работы с использованием кейс-метода / А. С. Еремин // Инновации в образовании. – 2010. – № 4. – С. 77–90.
- 5.Михайлова, Е.А. Кейс и кейс-метод: общие понятия // Маркетинг. 1999. № 1. С. 109 –117.

## **ЧТЕНИЕ – КЛЮЧ К ВЕКУ ИНФОРМАЦИИ**

*Ескалиева В.К.  
учитель русского языка и литературы  
СШГ № 21 с обучением на трех языках  
Казахстан, г. Актобе  
ddaktobe@mail.ru*

Сегодня приоритетом для национального развития является уровень культуры и образования населения. Развитые страны Запада уже на протяжении последних 20 лет пытаются решить проблему грамотности, функциональной (вторичной), технологической, визуальной, компьютерной, информационной. Понятие грамотности год от года расширяется, включая в себя все новые составляющие. Требования к человеку в новом информационном обществе возрастают. Между тем главным звеном в этом новом подходе, по-прежнему, остается чтение, которое становится, по выражению специалистов, ключом к веку информации. Поэтому значимость образованного человека в современном обществе не может рассматриваться при условии низкой грамотности,

читательском хаосе и конфликте традиционных источников информации с современными. Но на сегодняшний день в нашей стране не существует сформировавшейся модели чтения, она находится в стадии развития и становления.

Если современные источники информации способны гармонично сочетаться, а также поддерживать культуру чтения и статус книги в обществе, значит можно сделать шаг к развитию и формированию новой модели чтения, которая будет отвечать всем требованиям и критериям современного информационного общества. Чтение формирует качества наиболее духовно зрелого, просвещенного, культурного и социально ценного человека, который соответствует всем критериям информационно богатого члена общества.

С точки зрения многих специалистов, начиная с периода 1990-х и по сегодняшние дни, мы находимся в ситуации кардинального изменения чтения, и особенно значительно меняется чтение детей и юношества. Подавляющая роль делового чтения над свободным.

Свободное или досуговое чтение (в отличие от делового), специалисты определяют, как чтение в связи с личным интересом, для отдыха, развлечения.

Переступив порог нового тысячелетия, общество создает новую модель чтения.

Модель чтения – это особая совокупность ориентиров и критериев книжной культуры (статус, круг, качество литературы и другие), которая раскрывает читательский потенциал общества в определенный период времени и позволяет судить о месте чтения и уровне грамотности той страны, к которой принадлежит данное общество

Еще недавно ценность чтения и книги была неоспорима. Так, например, в 80-е годы лишь 16% взрослого населения страны не читали книги, около 60% были подписчиками газет, и половина всего населения посещала библиотеки. Эта прежняя модель чтения просуществовала не менее века. Именно ей придерживаются многие взрослые, в том числе и учителя. Она еще не совсем ушла. Поэтому ей нельзя присвоить титул «ушедшей», а только «уходящей». Что же характерно для этой модели? Для неё характерно:

- книги по школьной программе,
- книги, связанные с увлечениями, личными интересами – высокая доля досугового чтения,
- круг чтения ориентирован на «золотое ядро» литературы – классику,
- игнорирование различий в читательских предпочтениях мальчиков и девочек.

Говоря о новой модели чтения, стоит отметить, что ее как устойчивой системы в данный период времени не существует как таковой. Она еще находится в стадии развития и становления, поэтому именно сейчас необходимо обострить внимание на проблеме чтения детей и подростков и попытаться сформировать отправную точку, некий образец, благодаря которому развитие данного вопроса приобретет благоприятный характер.

Для того, чтобы разобраться и обозначить основные особенности «новой модели» чтения стоит, опираясь на черты «уходящей модели», выявить основные



критерии «модели чтения» как таковой. К ним относятся: статус чтения, грамотность чтения, гендерные различия, круг чтения, источники литературы.

Статус чтения – это составляющая модели чтения, которая раскрывает уровень чтения в том или ином обществе, характеризует отношение людей данного общества к чтению, а также определяет контингент наиболее популярной литературы и периодичность досугового чтения на определенном отрезке времени.

Статус чтения изменился с возрастанием престижа образования в обществе, роль читательских навыков, умения работать с печатными источниками, умения пользоваться каталогами, прайс-листами, указателями, библиографическими, реферативными изданиями.

Явное разграничение чтения на две категории: деловое и досуговое. Причем, обращение к классической литературе и поэзии в подавляющем большинстве случаев является деловым (по школьной программе). Развитие читательского прагматизма.

Чтение для души носит редкий, временной характер. Чем старше ребенок, тем меньше он любит читать.

Гендерные различия - это различия читательских предпочтений, которые раскрывают те или иные особенности читательской аудитории в зависимости от пола и возраста. Пока дети малы, различия в их чтении не особенно значительны. Чем старше дети, тем более значимыми становятся различия в чтении. Особенно это касается подросткового возраста. В старших классах разница вновь стирается: резко возрастает доля тех, кто читает литературу в основном по школьной программе, уходит мотив «интересного» чтения, присущий детям младшего школьного возраста, ему на смену идет стимул «школьное задание». Старшеклассники читают то, что им предписано программой. Времени на досуговое чтение остается мало.

Грамотность чтения – способность человека к осмыслению письменных текстов и рефлексии на них, к использованию их содержания для достижения собственных целей, развития знаний и возможностей, для активного участия в жизни общества.

Рассматривая ту или иную модель чтения, нельзя не остановить внимания на круге чтения, так как именно он помогает разобраться и проследить реальное значение роли книги в жизни различных слоев населения

К современным источникам получения информации относятся: СМИ, интернет. Интернет – новый источник получения литературы, который является составной частью «экранной культуры» в нынешнее время.

Неоспоримо то, что одним из важнейших факторов, влияющих на читательский потенциал, является собственное желание человека. Правда не каждый способен пересилить свой характер и научиться великой науке чтения, потому что чтение – это труд, причем не столько физический, сколько духовный, постичь который можно благодаря огромному терпению и желанию.

«В чем причина падения интереса к чтению?» Причинами являются: СМИ, компьютерные игры, интернет, экранизация многих фильмов, собственное нежелание подростков, нехватка времени, другие интересы, (спорт, кружок,

желание погулять). Относительно последних трех показателей все понятно – сам человек выбирает читать или не читать, а первые пункты говорят о том, что мы имеем отношение с таким явлением современного общества как «экранная» культура.

«Экранная» культура – совокупность средств массовой информации, электронных носителей информации, аудио- и мультимедиапроектов, интернета, которая влияет на формирование информационных, эстетических, культурных и развлекательных предпочтений того или иного слоя общества.

Телевидение является наиболее распространенным способом проведения досуга у большинства детей и подростков и занимает первое место в перечне ежедневных досуговых занятий. Телевидение – это и образование, и отдых, и развлечение. Это также источник рекламных роликов, полных клишированных образов-стереотипов. Кинофильмы, сериалы и рекламные ролики задают определенные правила и модели поведения, влияют на сознание и подсознание, и не всегда положительно. Отрицательное воздействие телевидения на подростков выражается в следующем:

Восприятие печатного текста и информации становится более поверхностным и фрагментарным, вследствие чего ребенку всё труднее концентрировать внимание на многостраничном тексте, особенно – повестях и романах.

Меняется мотивация чтения и репертуар читательских предпочтений (например, под влиянием телевидения и видеопросмотров усиливается интерес к темам и жанрам, которые широко представлены на телеэкране и в видеопрокате – детективам, триллерам, «фэнтези», «ужасам», «кинороманам»);

Предпочтение отдается печатной продукции с широко представленным видеорядом (отсюда популярность у детей и подростков иллюстрированных журналов и комиксов);

Происходит «клиширование», упрощение и огрубление речи, поскольку дети не осваивают язык классического наследия литературы.

Таким образом, телевидение является одним из главных источников снижения интереса к чтению

Компьютер и интернет – универсальные источники информации.

Неосведомленность и компьютерная неграмотность не дают возможности воспринимать подростками компьютер как средство достижения определенных целей, использования различных программ и возможностей для удовлетворения конкретных задач. Интернета не как источника информации, а как нового вида развлечения (форумы, чаты, различные развлекательные сайты).

Все это говорит о том, что нынешние подростки обладают обширной информационной безграмотностью. И это, конечно, упущение, как системы образования, так и воспитательских установок родителей. В этом и проявляется главное беспокойство общественности по поводу негативного влияния этих средств массовой коммуникации на проблему чтения.

Но если посмотреть на возможности компьютера и интернета с другой стороны, то можно понять, что грамотное понимание этих источников информации

дает огромные перспективы развития различных видов деятельности, в том числе и интереса к чтению.

Окружающая среда и доступность различных каналов массовой коммуникации, печатных и иных материалов оказывают сильное влияние на отношение к книге, читательские привычки и пристрастия. Электронная культура, в том числе видеопродукция и разнообразные мультимедиа зачастую воспринимаются как конкуренты печатному слову. Безусловно, на первом этапе освоения нового типа медиа и новых возможностей, которые он предоставляет, к ним возникает острый интерес. Позже, когда они будут освоены, они «встроятся» в структуру жизнедеятельности, и займут в ней свое место.

Книга не уйдет, и чтение также. Дело не в том, какое средство будет выбираться - книга или компьютер, где будет текст – на бумаге или на экране монитора, дело в другом: что же именно будет там читаться, как будет идти процесс восприятия и понимания текста и какую информацию, какие знания, какую культуру и искусство будут представлять различные типы медиа для развития юной личности.

Итак, в чтении детей и подростков сегодня происходят очень серьезные перемены. Большинство сегодняшних детей и подростков относятся к книге не как к «учебнику жизни», а как к одному из средств информации и массовой коммуникации. Таким образом, в какой-то мере между поколениями происходит разрыв в передаче бытовавшей долгое время традиции освоения литературной культуры. Утверждается «новая модель» детского чтения, новые модели чтения для детей и подростков разных возрастов, и эта изменившаяся реальность ставит иные задачи воспитания юного читателя как «Человека читающего».

### **Использованная литература**

1. Борисенко, Н.А. Что они читают без нас? // Литература. – 2005– №4 – с.42
2. Коваленко, Г.С., Красновский, Э.А. Новый взгляд на грамотность. – М.: Логос, 2006 – 347 с.

## **АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ И МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В ШКОЛАХ С НЕРУССКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ**

*Жайымова Л.Н., Картбаева А.С.  
учителя I категории русского  
языка и литературы гимназии №51  
Казахстан, г. Актобе*

Человек, как известно, – социальное существо. Он может нормально жить и действовать только в окружении других людей. А значит ему необходимо взаимопонимание и взаимодействие с другими членами общества. Поэтому возникает потребность в обязательном знании иностранного языка, каковым является русский, и значение его велико, прежде всего, как языка

межнационального общения. К тому же, в настоящее время он является языком, обеспечивающим интернациональные связи не только в нашей стране, но и в мировом масштабе, поскольку изучается во многих странах мира, а в ряде государств признан обязательным для изучения в школах иностранным языком.

Возрастает значение русского языка и как учебного предмета, поскольку язык – это прежде всего средство коммуникации, общения между людьми, а без общения невозможна никакая производственная и общественная деятельность человека. «Мы думаем, что великий и могучий русский язык не нуждается в том, чтобы кто бы то ни было должен был изучать его из-под палки... Те, кто по условиям своей жизни и работы нуждается в знании русского языка, научатся ему и без палки.» (Ленин В.И. «Нужен ли обязательный государственный язык»).

Жизнь доказывает, что знание русского языка крайне необходимо каждому культурному человеку. Значение русского языка как учебного предмета заключается и в том, что знание и владение им дает возможность учащимся успешно усваивать знания по всем предметам, преподаваемым в школе.

Язык и мышление, как известно, тесно связаны между собой. Занятия языком способствуют развитию мышления, ибо, занимаясь языком, школьники постоянно пользуются логическими категориями (сравнение, сопоставление, выделение существенных признаков, классификация по различным признакам, обобщение, доказательство, вывод, анализ и т.д. и т.п.). Все это способствует развитию логического мышления, дисциплинирует мысль учащихся, предупреждает смысловые ошибки в устной и письменной речи. Занятия русским языком не только вооружают учащихся определенным кругом нужных знаний в грамматическом строе, лексическом составе языка, прививают навыки правильного письма, речевые навыки, но и решают важные воспитательные задачи, состоящие в формировании у учащихся патриотизма, любви к русскому и родному языкам, истории, культуре и литературе.

Урок, как известно, является основной формой организации учебного процесса, т.е. успех обучения и воспитания учащихся зависит прежде всего от того, насколько правильно и с пользой для учащихся построен урок. А разработка урока, характер учебного материала, круг умений и навыков, вводимых на различных этапах преподавания русского языка в национальной школе, определяются целями и задачами обучения, возрастными особенностями учащихся, различной степенью их общего и языкового развития. И, конечно, первое, чем руководствуется учитель при обучении русскому языку – это программа – основной государственный документ, определяющий содержание курса, его объем, последовательность изложения материала, круг знаний, умений и навыков, подлежащих изучению учащимися. Совершенствование учебного процесса при обучении русскому языку в национальной школе определяется прежде всего теми задачами, которые поставлены перед общеобразовательной школой Законом РК «Об образовании». А одной из главных задач национальной общеобразовательной школы считают обеспечение молодежи, оканчивающей среднюю школу, свободным владением русским языком. Овладение, наряду с языком своей национальности, русским языком открывает доступ к достижениям науки, техники, отечественной и мировой культуры

Естественно, что решающим фактором, способствующим овладению русским языком являются уроки и внеклассные мероприятия, проводимые на русском языке. Вот почему каждый учитель русского языка должен осознать, почувствовать эту высокую ответственность и сделать все от него зависящее, чтобы уроки русского языка проходили эффективно, с большей отдачей, на должном научно – методическом уровне.

Целью образования является не объем знаний или количество информации, уложенное в голову ученика, а то, как он умеет управляться с этой информацией, как ее искать, как наилучшим способом присваивать, как искать в ней собственный смысл, как применять в жизни. Поэтому работа на современном уроке русского языка должна, на наш взгляд, организовываться принципиально по-новому. Ученики не должны сидеть пассивно, снисходительно слушая учителя, они главные действующие лица урока. Они думают и вспоминают, они делятся рассуждениями друг с другом, они читают, пишут, обсуждают прочитанное. Учитель становится координатором, критерием «истины» становится текст.

Основным методом обучения русскому языку можно считать сознательно – практический, выдвинутый известным психологом Б.В.Беляевым в книге «Очерки по психологии обучения иностранным языкам» [211].

Другой метод, ранее широко используемый на уроках русского языка – это метод, в основу которого лег источник получения знаний: 1) слово (рассказ) учителя; 2) беседа; 3) анализ языка (наблюдения над языком, грамматический разбор); 4) упражнения; 5) использование наглядных пособий; 6) работа с учебником.

И.Я.Лернер в книге «Дидактические основы методов обучения» рекомендует следующие методы: 1) объяснительно – иллюстративный, состоящий в предъявлении готовой информации учителем, и ее усвоении в готовом виде учащимися; 2) репродуктивный, предполагающий выполнение учащимися заданий по образцам, предложенным учителем или данным в учебнике; 3) проблемного изложения, состоящий в том, что проблему ставит учитель, он же ее решает, показывая противоречивые пути самого процесса познания, иллюстрируя культуру мышления в ходе решения проблемы; 4) частично – поисковый, или эвристический – учитель предъявляет проблемную задачу и делит ее на подзадачи (отдельные вопросы), а учащиеся сначала решают каждую подзадачу, а затем обращаются к изначальной задаче; 5) исследовательский, требующий от учащихся осуществления поисковой деятельности без участия учителя.

Однако, на наш взгляд, необходимо умелое сочетание различных методов. В том числе таких, к которым учитель приходит в процессе обучения, учитывая уровень подготовленности учащихся определенного класса. Следует практиковать такие виды уроков, как урок – диспут, урок – экскурсия, урок – викторина, урок – семинар, урок – концерт и т.д. Хотя, на наш взгляд, у каждого урока русского языка должен существовать свой стержень с определенными дидактическими задачами.

В основу урока, в основу работы на уроке может быть положена так называемая базовая модель из трех стадий:

1. «Вызова», во время которого активизируются имевшиеся ранее знания, пробуждается интерес к теме, определяются цели изучения материала.

2. «Содержательная», в ходе которой происходит непосредственная работа ученика с текстом, направленная и осмысленная. Причем «текст» – это и письменный текст, и речь учителя, и другие материалы.

3. «Размышления». Ученик формирует личностное отношение к тексту и фиксирует его либо с помощью собственного текста, либо своей позицией в дискуссии. Именно здесь происходит активное переосмысление собственных представлений с учетом новых приобретенных знаний. Современному уроку по русскому языку должны быть свойственны: высокий нравственный уровень, принцип воспитывающего обучения, преемственность, практическая направленность, сознательное усвоение материала, учет особенностей родного языка учащихся, подвижная структура, умелый отбор и дозировка материала и времени, гибкая, неформальная система контроля знаний, умений и навыков учащихся, целенаправленная словарная работа. Большая роль в успехе урока отводится целевой установке, которая обычно дается в начале урока. Можно записать тему и попросить учащихся определить задачи урока. Можно начать с разговорной пятиминутки о событиях дня, о погоде. Можно начать со словарного диктанта и проведения игры-опроса «Слабое звено», или проведения игры-повторения «Семь бед – один ответ» (по аналогии с известными познавательными телепередачами), с соревнования по рядам, можно начать с разминки «Отгадывание загадок» по изученной теме и т.д. и т.п. Причем необходимо учитывать возраст учащихся, степень усвоения материала. Начать можно по-разному. Но в любом случае тщательно продуманное начало урока способствует пробуждению интереса к изучаемому, оно дает возможность перекинуть мостик от известного к неизвестному, обеспечивает преемственность и продвижение вперед.

В национальной школе эффективным может быть только такой урок русского языка, который отличается практической коммуникативной направленностью. Главное внимание необходимо уделить активизации речевой деятельности учащихся, формированию познавательного интереса школьников к изучению русского языка как средства общения и обучения.

Обеспечивать коммуникативность на уроке – это требование к современному уроку русского языка становится основным. Для решения проблемы коммуникативности урока, особенно в 5-х – 6-х классах приходится прикладывать много усилий. Из начальной школы дети часто приходят без навыков общения на русском языке. В этом смысле, думается, необходимо развивать интерес к чтению художественной литературы, через литературу прививать любовь к слову, к языку. В младших классах (5-х – 6-х) учащимся можно предложить завести читательские дневники. Привычка записывать прочитанное остается у многих учащихся и в старших классах. Дети сами готовят книжки-малышки, сочиняют сказки, додумывают рассказы, иллюстрируют прочитанное или увиденное на уроках-экскурсиях и уроках-наблюдениях. Организация такого рода самостоятельной и индивидуальной работы учащихся также обуславливает эффективность современного урока русского языка. Любой урок можно превратить в праздник, используя инсценирования, чтение по ролям, конкурсы, игры, эстафеты.

Развитие устной и письменной речи учащихся – одна из первостепенных задач национальной школы. Часто забывается нами главный принцип обучения: «Учить

не просто языку, а общению на русском языке». И в этом немаловажную роль играют уроки развития речи. Это и уроки-наблюдения, и уроки обучения изложению текста, составлению плана, написания сочинений-описаний, рассуждений, повествований и т.д. и т.п. Коммуникативность достигается в элементарном, но последовательном обучении.

Очень важной в структуре урока русского языка является *словарная работа*. К сожалению, словарный запас большинства учащихся школ с русским языком обучения очень беден; они не умеют свободно и правильно выражать мысли в устной и письменной форме, не успевают овладевать лексикой учебников и художественных текстов. Словарный запас пополняется стихийно и нерегулярно. Поэтому, если в русской школе изучение таких предметов, как история, география, естествознание и др. не представляет особых трудностей, то в национальной школе они становятся проблемой, ибо учащиеся не умеют свободно излагать свои мысли на русском языке. Трудность заключается еще и в том, что между лексикой, фонетической системой и грамматическим строем русского языка и школ с нерусским языком обучения имеются существенные различия. «Поэтому, особенно важным вопросом...является вопрос о том, как надо объяснять учащимся семантические значения новых слов, какую роль при этом должен играть родной язык».

Необходимо использовать на уроке любую возможность обогащения словарного запаса учащихся. Это и различные виды словарной работы при изучении текста, словарно-орфографические и лексико-семантические работы. Необходимо добиваться осознанного восприятия учащимися слов русского языка. При работе по обогащению словаря учащихся национальной школы важную роль играет *учет родного языка*. На уроках следует проводить межъязыковые сопоставления, сравнения; подбор ряда лексических средств русского и родного языков. Необходимо не только своевременно знакомить учащихся с новыми словами, но и закреплять эти знания. А работа над *словесным ударением* и произношением, на наш взгляд, должна проводиться систематически и последовательно на всех уроках русского языка и *во время любого общения на русском языке*. Полезной, мы считаем, является и практика ведения учащимися индивидуальных словарей, которыми они пользуются на каждом уроке русского языка.

В проведении полноценного урока русского языка не последнее место должно отводиться и использованию таблиц, различных технических средств обучения. Однако, «необходимо помнить, что важен не сам факт использования технических средств на уроке, не их количество, – должна быть создана продуманная, лингвистически обоснованная программа работы с ними».

Компьютер для детей наших школ уже не диковинка и его необходимо и возможно использовать не только на занятиях по информатике, но и на уроках русского языка. Наглядные пособия в виде схем, таблиц и рисунков могут изготавливаться не только самими учителями, как это делалось прежде, лучше это предложить учащимся. Многие с удовольствием выполняют эту работу, что в свою очередь закрепляет знания, прививает еще больший интерес к урокам русского языка.

Не диковинка для современной школы и интегрированные уроки. Уроки русского языка и литературы можно и нужно сочетать с историей, родным языком и литературой, рисованием и пением.

К.Д.Ушинский говорил: «Тот, кто хочет развивать способности языка в ученике, должен развивать в нем прежде всего мыслящую способность». И в этом смысле хороший урок должен отличаться сознательной рабочей дисциплиной, едиными объективными требованиями к учащимся, объективной оценкой их знаний, ибо ничто не может быть более порочным, безнравственным, чем незаслуженно поставленная оценка. Необъективность, формализм в оценке знаний учащихся приводит к снижению интереса в изучении русского языка. На уроках нужно использовать приемы самооценки, оценки ученика самими учащимися, знакомить учащихся с нормами оценок, с определенной оценкой за определенный вид работы на уроке.

Хотелось бы обратить внимание на то, что на уроках русского языка немаловажное значение имеет *речь учителя*, которая должна быть образцом для учащихся с точки зрения логической последовательности, стройности, грамматической правильности, орфоэпии и выразительности. При устной речи необходимо использовать весь арсенал средств выразительного чтения: мимика, жесты, интонация. Недаром умение говорить, рассказывать называют *искусством живого слова*. Живое слово учителя может заставить учащихся радоваться и горевать, пробудить любовь и ненависть, вызвать чувства и мысли. Может быть потому многие наши ученики еще в школе пробуют писать стихи и, краснея, показывают их нам, советуются; а многим, напротив, есть что сказать, но слов выразить свои чувства и мысли не хватает. Макаренко писал: «Я убежден, что хорошо сказанное детям деловое крепкое слово имеет громадное значение, и, может быть, у нас так много ошибок в организационных формах потому, что мы еще и говорить часто с ребятами по-настоящему не умеем. А нужно сказать так, чтобы они в вашем слове почувствовали вашу волю, вашу культуру, вашу личность». Большое искусство учителя, чтобы его слушали, затаив дыхание.

Урок надо объяснять так, чтобы оно (объяснение) доставляло учащимся эстетическое наслаждение. Слово учителя должно обеспечивать познание окружающей действительности.

Слово – носитель информации. Поэтому небезразлично, как оно произносится. За каждым словом, которое употребляется детьми, часто нет образа. Долг учителя добиваться, чтобы за каждым словом, сказанным ребенком, было у него отчетливое представление о предмете. Создание у учащихся конкретных, глубоких и точных представлений окружающей действительности – основная задача учителя, в том числе и учителя русского языка.

Ребенок учится произносить и понимать слова значительно раньше, чем ходить, и с речью он не расстается на протяжении всей жизни. Слово для нас стало привычным и обыденным, и мы даже не задумываемся над феноменом языка и слова. «Землю населяют разные живые существа, от мельчайших до таких великанов, как слоны и киты. Но только человек обладает даром слова. И как бы мы ни определяли этот дар – священный, божественный, величественный, бесценный, бессмертный, чудесный – мы не отразим во всей полноте его огромного значения»<sup>6</sup>. Однако, как правильно



заметил Короленко: «Слово дано человеку не для самоудовлетворения, а для воплощения и передачи той мысли, того чувства, той доли истины и вдохновения, которым он обладает, другим людям... Слово – это не игрушечный шар, летящий по ветру. Это орудие работы...» Поэтому для нас – носителей русского языка – очень важно владение нормами и правописания, и произношения. Соблюдение норм облегчает письменное и устное общение людей. Известный русский языковед академик Л.В. Щерба говорил: «Безграмотное писание читать трудно, точно едешь в таратайке по мерзлой дороге». Так что писать грамотно требует социальная порядочность, уважение ко времени своего соседа. «Речь культурного, образованного человека должна быть содержательной, аргументированной, правильной, точной и выразительной...чем содержательнее, правильнее, точнее и выразительнее речь, тем она убедительнее, доступнее для понимания»<sup>7</sup>. Чем лучше владеет языком каждый из нас, тем лучше и комфортнее ощущает себя в обществе, чувствует свою сопричастность к бесконечной россыпи богатств русского языка.

### **Использованная литература**

1. Методика начального обучения русскому языку в начальной школе. Под. ред. И.В.Баранникова, А.И.Грекул Л., 1984, с.2.
- 2.Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. М., 1981, с.73 – 74.
3. Фаталиев А.Г. Методика проведения словарной работы на уроках русского языка в 4 – 8 классах дагестанской национальной школы. Махачкала, 1983.
- 4.Шанский Н.М. Русский язык в национальной школе: Проблемы лингводидактики. М., 1977, с.83.
5. Шакирова Л.З.,Саяхова Л.Г. Практикум по методике преподавания русского языка в национальной школе. Л., 1987, с.84.
6. Иванова В.А. и др. Занимательно о русском языке. Л., 1990, с.5.
7. Чешко Л.А.. Русский язык. М., 1990 - С.7.

## **АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУЙ ӘДІСТЕМЕСІ**

*Жаумитова Ж. А.  
Қазақстан Ақтөбе қ.  
№57 жалпы білім беретін орта мектебі  
zhansaya\_1488@mail.ru*

Бүгінгі таңда білім жүйесін инновациялық технологиялармен жабдықтап, білімнің халықаралық талаптарын меңгерудің маңызы үлкен. Себебі бұл жас ұрпаққа сапалы білім берудің негізі болып табылады. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту-заманның басты талабы.

Қазір шетел тілін оқыту методикасы ғылым болып қалыптасып келе жатқанына ешкім күмән келтіре қоймас. 1930 жылы Е. М. Рыт методикаға алғаш

анықтама берген. Ол: «Шетел тілін оқыту методикасы салыстырмалы тіл білімінің тәжірибелік айқындаушы», – деп баға берген болатын.

Қолданбалы тіл білімі секілді әдістемеге де түрлі көзқарастардың туындауы 1930 жылдардағы шетел тілін пән ретінде оқыту жүйесінің жеткілікті деңгейде анықталмауымен тікелей байланысты болатын. Сол кезеңдерде зерттеу әдістерінің жүйесі де әзірленбеген еді.

Әдістеменің ғылым ретінде сипат алуындағы алғашқы бағыттар Б.В.Беляевтің есімімен ұштасады. Ол әдістемені қолданбалы психология саласына тиесілді. Алайда, аудитория жұмысына сай іс әдістерін қолданудағы айырмашылықтар, материалдарды сараптау – методиканың басты мәселесі болған. Сондықтан әдістеменің бұл анықтамасы кең жайылған жоқ.

1930 жылдардың аяғы мен 1940 жылдардың басында педагогикалық ғылым ретіндегі методика анықтаушы бағыты рәсімделді. Педагогика мен методика үйретуде бір ғана нысанға ие. Ол – оқыту процесстері, тәрбиелеу, оқытудың мақсат-міндеттері, сабақтың мазмұны. Мұның ішінде біртұтас болып қалған педагогикалық ғылым ретіндегі әдістемеге берілген анықтама. Методика - өз алдына ғылым. Оның зерттеу әдістері мен өзіне тән заңдылықтары бар. Оған берілген нақты анықтама мынадай: «Оқыту методикасы – оқыту жүйесін, тәсілдерін, заңдылықтарын, мақсаты мен мазмұнын зерттейтін, сондай-ақ шетел тілі материалы арқылы оқу-тәрбие үрдістерін үйрететін ғылым».

XX ғасырдың басында бір мәселе өткір тұрды. Ол - әдістеме мәселесі. Бұл – заңды құбылыс. Себебі, Қазан төңкерісінен кейінгі «жаңа» мектептер жаңа әдістердің болуын тіледі. Сол кезеңдерде тікелей (натуралды) әдіс насихатталды. Ол тәсіл пәнді ағылшын сөздерімен байланыстыратын – тура принцип негізінде пайда болды. Бұл ағылшын тілін үйренудің еркін (ассоциативті) әдісі еді.

Батыста аралас әдістеме идеясы туындап жатқан шақта, неліктен мұнда тікелей әдіс насихатталды?

Алдымен, патшаға бағынышты оқу орындарында жай жаттауға негізделген мәтіндік аударма мен грамматикалық аударма әдістері үстемдік етті. Осыған жататын тікелей әдіс барынша озық сипатта болды.

Екіншіден, сол уақыттағы тікелей әдіс қарым-қатынасқа тәлімдеуді көздеді.

Үшіншіден, I дүниежүзілік соғыстан кейінгі Батыста бастау алған өзге тәсілдерде қарастырылған ұсынымдармен біздің педагог-әдіскер ғалымдар таныс емес еді.

Бұдан бөлек, көптеген методистер мен мұғалімдер үшін тікелей әдіс жаңа, еліктіргіш болып саналды. Олар оның тиімділігіне шын сенді.

Заман ағымына қарай тікелей әдіске енгізілген өзгерістер педагогикада туындаған прогрессивті идеялармен терең байланысты.

Көп ұзамай шетел тілдерін оқытудың салыстырмалы әдісі қалыптасты. Бұл әдіс бойынша шетел тілін үйрету ана тілімен салыстыру негізінде жүргізіледі. Осы тәсілдің негізін қалаған - педагог ғалым Л. В. Щерба.

Мұның ізін ала тікелей және салыстырмалы әдістерді қиыстыру арқылы аралас әдіс пайда болды.

Бара-бара шетел тілін оқытудың мақсаттары мен оны меңгертуге деген талап өзгерді. Сөйтіп шетел тілін оқыту жүйесі күйзеліске ұшырады.

Дағдарыс жағдаяты әрдайым түбегейлі өзгерісті талап етеді. Осындай, озық идеялардың жеткіліксіздігі жағдайында коммуникативті оқыту тәсілі жетілдірілді. Дағдарыс нәтижесінде әдістемелік іздестіру жандандырылып, шетел тілін оқытудың заманауи әдістемелік тұжырымдамасы дами түсті. Олар: коммуникативті, интенсивті, іс-әрекеттік және басқалар.

Қазіргі таңда байланыс пен шығармашылық оқытуға негізделген коммуникативті-бағдарлау әдістемесінің орны бөлек.

Шетел тілін оқыту әдістемесі әрдайым толықтырылуы, дамытылуы тиіс деп, Ел президентінің 2011 жылғы жолдауында көрсетілгендей қазіргі шәкірттеріміз ертеңгі күн әлем кеңістігіне еркін ену үшін білім беру жүйесі халықаралық деңгейге көтерілуі керек. Сондықтан да ағылшын тілі мұғалімдеріне қойылатын талаптар көлемі кең.

Зерттеу жұмыстарына қарағанда, оқушының білім алуға деген ықыласы белгілі бір дағдылар мен қабілеттілікті қажет етеді. Сондықтан сабақ процесінде белгілі бір дағды мен қабілет қалыптастыру арқылы танымдық қызығушылық пайда болады. Бастауыш кезең білім алушыларында заттың сыртқы түріне қызығушылық басым келеді.

Ағылшын тілін оқыту технологияларын қолдану арқылы білім алушылар білімінің сапасын көтеру үдерісі - оқыту технологияларының сапасын, білім алушылардың сол технология бойынша ағылшын тілінен алған білімінің сапасын, ағылшын тілін үйретуші оқытушылардың шығармашылық жұмысының сапасын, ағылшын тілін үйрету әдістерінің сапасын танытатын, анықтайтын ерекше дидактикалық үдеріс. Ағылшын тілін оқыту технологиясының сапасы оның қол жеткізілетін түпкі нәтижесі арқылы өлшенеді. Білім алушылар тәжірибе жинақтау барысында кәсіби санасы жетіліп, елжандылық рухы, сана-сезімі жетіліп, даралық қабілеттері де даму үстінде болады. Ағылшын тілін оқыту технологиясының сапасы оның қол жеткізілетін түпкі нәтижесі арқылы өлшенеді. Педагогикалық технологиялар арқылы ағылшын тілі пәнін меңгертуде мынадай түйінді мәселелер өз шешімін табады:

- ағылшын тілін үйренуші білім алушының тілді тереңірек танып-білуіне, өз ойын ағылшын тілінде еркін білдіруге қажетті дағдыларды игеруіне оң ықпал етеді;
- ағылшын тілінің практикалық бағытына басымдылық берілетіндіктен, білім алушының білімді өмірде қолданудың маңызы жайында түсінігі дамиды;
- білім алушының танымдық қабілеті мен ақпараттық мәдениеті қалыптасады;
- білім алушылар проблемаларды ынтымақтастықта шешу қажеттілігін түсінеді

Қазіргі кезде ағылшын тілі мұғалімнің тапсырмасы балаларды ағылшын тілін меңгертіп қана қоймай, оларды өздігінен жұмыс істеуіне, тілге деген қызығушылықтарын дамыту болып табылады. Сондықтан қазіргі 12 жылдық білім беруде ағылшын тілі мектепалды класынан бастап өтіліп жатыр. Балаларды тілге үйретуде сабақ жеңіл, қарапайым және қызықты болуы қажет, ол үшін оқытудың әдістері мен тәсілдерін дұрыс пайдалана білу керек. Бастапқы кезде

хормен, жұппен, топпен жұмыс істеп, сонымен бірге ойын, жарыс ұйымдастырып, көрнекі құралдарды пайдалану қажет.

Ұлы педагог Ш.Амонашвилидің тілдерінде бастауыш кезеңде оқушылардың қатесін үнемі көрсете бермей, қайта олардың өзіндік дара қабілеттерін дамыту керек. Демек ол кісі бастауыш кезең оқушыларын қызықтыру үшін әртүрлі әдіс – тәсілдерді ұсынады.

Сабақ үстінде түрлі ойын түрлері арқылы осы әдіс – тәсілдердің іске асуы қажет деп санайды. Әрине сабақ үстінде ойындар қолдану арқылы жақсы жетістіктерге жетуге болады. Ойын балалардың назарын алып, сабақты жандандырады, тілге деген қызығушылықты арттырады, оларды еңбекке баулып, бірігіп жұмыс атқаруға үйретеді. Ойын тілді дұрыс, дәл меңгеруіне көмектеседі. Мысалы, мұғалім бір сөздің дыбысталуын қате дыбыстайды ал оқушылар оны түзейді. Оқушыларға творчестволық мәндегі, мақсатты тапсырмалар орындаттырудың маңызы да зор.

Мысалы: белгілі бір текстті ұсынып, оның негізгі идеясы мен мазмұнын айтқызу. Текстті мәнерлеп оқытуға дағды беру, тексттің мазмұнын саналы түсініп оқу, тексттен ең қажетті мәліметтерді таңдап ала білу сияқты жұмыс түрлері оқушыларды творчестволық жұмыс істеуге бағыт береді. Бұл жұмыс түрін мынадай екі түрлі жолмен ұйымдастыруға болады:

Текст құрмындағы сөздердің мағынасын дұрыс түсіне білу, оны байланыстырып жүйелі айта білу.

Тексттің мазмұнын толық түсіну үшін ғылыми әрі практикалық жағынан ой өрісі тереңірек болуы қажет.

Оқулықтағы текстпен осылайша жұмыс істеу проблема қойып оқытудың қарапайым әдістерінің бір түрі болып саналады. Сондықтан да өздігінен орындайтын жұмыстарға проблемалық тапсырмалар орындату да кіреді. Бұл орайда оқулықта берілген текстпен жұмыс орындаудың маңызы зор. Жоғары кезеңде сұрақты мұғалім өзі дайындайды.

Топтық жұмыс тобын құру тілдік тұлғаның шығармашылық белсенділігін тудыруға және топ мүшелерінің өзара ынтымақтастықта жұмыс істеуіне мүмкіндік береді, проблемалық тақырыптың мазмұнын ашу, пікірталасқа түсу, өзіндік ойларын дәлелдеуде мұндай оқу ынтымақтастығын тудыратын топтық жұмыстардың мүмкіндіктері мен тиімділігі мол.

Сабақтың ұқыпты, айқын, дұрыс ұйымдастырылуы, оқушылар алдындағы тақырыптың дұрыс таңдап алынуы білімдік және тәрбиелік мақсаттармен қатар сабақтың нақты тапсырмаларын ұтымды жүргізіп пайдалануына әсер етеді. Бұл талаптар сабақ жоспары мен тақырыптық жоспардың жүйелі жасалынуына байланысты. Әрине оқу-тәрбие жұмысындағы нәтижеліктің басты белгілері мұғалімнің жеке басының білімділігі, шеберлігі, өмір танымы, өз пәніне шәкірттерін иландырып қызықтыра білуінде.

XXI ғасыр – озық технологиялар ғасыры. Сондықтан, білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Осы мақсатта еліміздің болашағы үшін осы мүмкіндіктіқалай пайдалану, қоғамды ақпараттандыруды қолға алуда. Мақсатқа жетуде ғылым мен техниканың қазіргі замандағы озықүлгілерін пайдаланып, әлемдік ақпараттық кеңістікте әр түрлідеңгейдегі

ақпараттарды қажетіне жарата білу керек. Білім берудің жүйесінің негізі – мектеп болғандықтан, мектепте жаңа технологияларды кеңінен пайдаланудың маңызы ерекше. Сол себепті еліміздің барлық білім беру ошақтары қазіргі озық технологиялармен жабдықталып, мультимедиялық кабинеттер ашылды.

Ұстаздардың алдына қойған міндеті оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіру. Әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін - өзі дамытуға, оның өзіндік шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға қолайлы жағдай жасауға қажетті объективтік әдістемелік мүмкіндіктерді қамтиды. Жаңа технологияны қолдану мына кезеңдер арқылы іске асады:

I кезең: оқып - үйрену;

II Кезең: меңгеру;

III Кезең: өмірге ендіру;

IV Кезең: дамыту;

Оқыту үйрету арқылы іске асады. Бұл оқытудың маңызы. Оқыту мен тәрбие - егіз үрдіс. Сондықтан да мұғалім инновациялық технологияны пайдалануға ықпал ететін көптеген шартты жағдайларды танып білуі талап етіледі.

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі – ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен - күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық - коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады.

Компьютерлік және ақпараттық технологиялар заман талабы.

Бұл жұмыстың басты мақсаты компьютер желісін және мультимедиялық - электрондық құралдарды шет тілі сабағында тиімді қолдану, нақтылап айтқанда ағылшын тілі сабағында презентацияларды және мультимедиялық - электрондық құралдарды мектеп қабырғасында және білім беру процесінде терең қолдану. Ағылшын тілі - ұлы әдебиет тілі

Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- лексиканы оқып үйретеді;
- сөйлеу ырғағын;
Aqiqattaǵy belgili bir zat, qubylys, oqıǵa ártúrli aitylýy múmkin. Aqiqattaǵy belgili bir mándilikti tildik ataýlarmen ártúrli ataýǵa bolady. Mysaly, *jumysqa keshikpei kelse kerek edi; árkim óz mindetin oryndasa kerek edi* degen sózdi *sen jumysqa keshigip keldiń; sen óz mindetińdi oryndaǵan joqsyń* dep te aıtýǵa bolady. Budan aqiqattaǵy belgili bir mándilik ózgergen joq, biraq qarym-qatynas strategiasy ózgerdi. Birinshide soleýshiniń strategiasy koperativti bolsa, ekinshide beikoperativti. Egeradredattyń tildik quzireti, sóz mádenieti joǵary bolsa, dialogti ári qaraı jalǵastyrýǵa bolatynyn baiqaidy. Al til quzireti, sóz mádenieti tómen adresat sóleýshiniń strategiasyn ańgara bermeidi, sóz aıaǵy ýshyǵy múmkin. *Keshikpei kelse kerek edi, mindetin oryndasa kerek edi* degenderdi beikoperativ mazmunda dep uǵady.

Koperativti sóz strategiasynda sóleýshi adresattyń reaksiyasyna qarap, baqylap otyrady, eger oǵan aýyrılaý, qıyndaý tietin bolsa, sóz taktikasyn dereý ózgerge qoiady. Mysaly, *sen jumysqa keshigip keldiń. Sál-pál kidiristen soń, – yńǵaisyz jaǵdaıǵa qalasyń ba degenim ǵoi* dep retteýish replikasyn jýyp-shaiyp otyrady. *Sen óz mindetińdi oryndaǵan joqsyń, erteń atestasıalaıda qıyn bolar ma eken?* Bul aitylymnyń ekinshi bóligi, adresatqa aýyr tietin sózdi jeńildetýdiń taktıkasy. Mundaı taktika tildegi ártúrli retteýidish qurylymdar arqyly júzege asyrylyp otyrady.

Sóleý diskýrsynyń ereksheligi ekspresivti efekt týdyrý arqyly adresattyń nazaryn ózine aýdaryp, qyzyqtyryp otyrý. Sóleýshini, oǵan týndaýshynyń emotivti reaksiy dialogtyń durys ahýalda ótip jatqandyǵyn kórsetedi. Týndaýshy ásirese tosyn tasılmen, bederli tilmen berilgen aqparatty den qoia týndaıdy. Sondyqtan sóleýshi ártúrli tildik

deñgeilerdegi ekspresivti maǵynadaǵy tildik birlikterdi, trop, figýra tárizdi quraldardy qoldanady.

Belgili bir faktini sóileýshi obraz arqyly jańǵyrtady, jaı sózben esh mánerli sózben beriledi, al mundaı ekinshi rettegi tildik birlikter avtorдың kózqarasyn, sezim-kúm, sóz somdaý mánerin kórsetedi. Sóz qatynasyndaǵy bul jaitqa adresat ta replika arqyly, beıverbaldy tańbalar arqyly qatysady. Adresat tarapynan bolatyn replika-reaksiıany baıqayı otyryp, sóileýshi sóz mánerin jalǵastyry nemese ózǵertý jóninde boljaý jasaı alady da sózdiń qulaq kúin adresattyń yńǵaıyna qarayı ózǵertip otyrady.

Sóileý tili sózdiń uzyna-boıyna ekspresivalyq óń beretin emotivti til elementterine qazaq tili asa baı. Oı-sezimniń obektivtenip, aqıqatqa analýyn ádette sóz shyǵarmashylyǵynyń bastamasy deýge bolady. Sondyqtan oı men sezimdi bildirýdiń estetikalyq máni bar. Sóileý tili kúlli tildik idiomatikanyń bastaý kózi, okozionalizm frazeologızmderniń shyńdalyp shyǵar dúkeni. Sóileý tili dúkeninde ártúrli deñgeidegi tildik birlikterdiń ekinshi atalymdarǵa analý úrdisi úzdiksiz bolyp jatady. *Jazǵyshtar, osyndaǵy myqtylar, joǵarydaǵylar, jeltoqsan yzǵary, qara kózder* t.b. gazet baǵanalaryndaǵy qoldanystar aldymen sóileý tilinde paıda bolǵan ekinshi rettegi atalymdar.

Sóileý tilinde ekinshi rettegi atalymǵa jatatyn *perifraza, aliýzia, giperbola, litota, gradasia, paralelizm, ritorikalyq suraq, elipsis, anafora, antiteza, siaqty ritorikalyq figýralar* jii kezdesedi. Sózge óń beretin, beder beretin tildik quraldarǵa *anafora, antiteza, giperbola, litota, sinonimder tizbegi, gradasia, qaitalaý, epitet, metafora, metonomia, aliýzia, perifraza* t.b. jatady. Bular sóileý tiline estetikalyq reń berýdiń quraldary. Ondaı quraldar arqyly sóileýshi belgili bir aqparat berýde óziniń til derbestigin tanyta bilýi, tildesýdiń jaqsy ótyıne áser etetin estetikalyq faktorlardyń biri bolyp tabylady.

Sóileý mátinindegi keıbir gramatikalyq tulǵalardyń maǵynasy jalpy tildik maǵynasyna sáikes kele bermeidi. Mysaly, *Áke men bala arasyndaǵy mynadaı dialogke nazar aýdaryңыз: – Ákeń saǵan jany ashyǵandyqtan aıtyp otyr.* Mundaǵy *Ákeń* tulǵasy birinshi jaqtyń qyzmetin atqaryp tur. [Men saǵan janym ashyǵandyqtan aıtyp otyrmyn]. Sóz tulǵasyn ózǵertý pragmatikalyq maqsattan týyp otyr. Sóileýshiniń “men” demei “ákeń” deýi balaǵa degen jaqyndyqty kórsetedi de, áleýmettik MENIN beitaraptaıdy.

Anasy balasyna: *Qarnyń ashyp ketti me? Apań saǵan dámdep kúrish basyp beredi* [salystyryңыз: *men saǵan dámdep kúrish basyp beremin*]. Birinshi jaqty ekinshi jaqpen aýystyry sóileý tili pragmatikasynda ishtartý, jaqyn tartýdy basa kórsetý maqsatynda qoldanylady.

Sóileýshi óziniń sózi arqyly ózindik tulǵa ekenin tanyta alady. Komýnikativtik mudelilik, adresatqa ikemdelý, sóileýshiniń komýnikativtik dittemin túsiný, sóz sitýasiyasyna bailanysty tildik, tildik emes qatań talaptardy oryndaý dialogtyń oıdaǵydaı bolýynyń sharty.

Tildik qarym-qatynastyń oıdaǵydaı bolýy – sóileýshiniń tildik quziretine ǵana emes, komýnikativtik quziretine de táyeldi. Komýnikativtik quziretke mádeni-áleýmettik normalardy, sóz ádebindegi ulttyq streotipterdi bilý, tildik komýnikativtik sitýasiıaǵa qarayı ornymen jumsaı alý t.b. jatady.

Tildesýde mádeni-áleýmettik streotípterdı bilý, aıalyq bilimniń jetklikti deńgeıde bolýy, týndaýshynyń aıalyq bilimnı eskery t.b. jaıttar tildik qarym-qatynastyń oıdaǵydaı ótýine áserin tıgizedi.

Sóz etikasynyń normalaryn saqtaý sóıleyshiniń tyńdaýshyǵa degen iltıpatyn, yqylasyn tanytatyn, dialogtiń oıdaǵydaı aıaqtalýyna septigin tıgizetin qajetti alǵysharttardyń biri.

“*Sharshysóz mádenieti*” sharshytop (pýblika) aldyndaǵy sózdiń formaldy-tildik, komýnikativtik normalyq qyrlary sóz mádenieti turǵysynan qarastyrylady. Bir esepten, sheshen men sharshytop arasyndaǵy tildik qatynasy *ujymdyq komýnikasiya dep* ataýǵa bolady. Komýnikasiyaǵa qatysýshylar, sheshen men áyditoria arasyndaǵy komýnikativtik bailanys, olardyń ortaǵy bilimniń bolýy t.b. jaıttar tildik quraldary, ritorikalıyq, stildik tásilderdi talǵap, saralap qoldanýǵa yqpal etetin faktorlar bolyp tabylady.

Sheshendik sózdi daıyndaý barysynda, sóıley kezinde paıda bolatyn úlken qaishylyq – kitabı til normasy men sóıley tli normalarynyń taitalasa kelýi, óitkeni sheshendik sóz jazba (kitabı) til negizinde “ázirlenedi”, al sóılegende, ıaǵni áyızsha sózge aınalǵanda sóıley tiliniń tásilderin paıdalanady. Áyızsha sózde, sharshytop aldyndaǵy sózdiń baıandaý mánerinde sheshen qatańdyǵy basym kitabılıyqqa boı urmaýǵa, erkindigi basym sóıley tiliniń jeteginde ketpeýge tyrysady. Sheshen kitabılıyqqa boı ursa, sózi qasań, taptaýryn tartyp, áyditoriaǵa áser-yqpaly tómen bolady, al sóıley tiliniń elementi basym bolsa, turmystyq deńgeıdegi sózge aınalady, ondaı sózdiń qoǵamdyq-áleýmettik máni joǵary bolmaıdy. Sheshenniń sózi oqýshyǵa emes, tyńdaýshyǵa arnalady, sondyqtan sharshysózde kitabı elementter men sóıley tili elementteriniń arasalmaǵyn teńgerip otyrý qajet.

Sheshendik sózde sózdiń maǵynalyq típteriniń baıandaý, sıpattaý, baıyptaý kontaminasiyası kezdesip otyrady. Mundaıda kontaminasiıalanǵan sóz jańasha reńk alady. Sózdiń maǵynalyq reńkteriniń bir-birimen ózara jaqyndyǵy, uqsastyǵy bar. Sondyqtan *baıandaý sóz* sıpattaýǵa, al *sıpattaý sóz* baıyptaýǵa ılasyp otyrady.

Sóz típteri bir-birimen ılasyp, almasyp keledi de mátinniń kompozisiıalyq, stilistikalyq qurylymy órbip, damyp otyrady. Sózdiń fýnksionaldyq-stildik salalarymen sózdiń maǵynalyq ishteı bailanysty. Mysaly, akademialyq sheshendikte baıyptaý basym bolady da, sottaǵy sheshendikte sıpattaý men baıyptaý jaǵy basym túsip jatady. Sózdiń belgili bir maǵynalyq-funksionaldyq tıpin tańdaý eń aldymen sózdiń obektisine, maqsatyna táyeldi. Syrttaı qaraǵanda sharshysóz sózjarys tárizdi kórinedi, al shynynda sharshysóz tabıǵaty jaǵynan oıjarys bolyp tabylady.

Oıjarystyń impılisitti jáne ekspelesitti túrleri bar. Sheshenniń óz pikirin, tuıyrymyn ashyq qoldaýy, oponentterine qarsy shyǵyp, kelispeýi oıtalastyń ekspelesitti túri. Oıtalastyń impılisitti túrinde oponentter qarsy shyǵý, aıtqandarymen kelispeý ashyq túrde aıtylmaıdy. Oponent realdy nemese irrealdy bolýy múmkin.

Pikirtalas sheshendiktiń belgili bir másele jóninde sharshytop aldyńǵy oı jarysy *Sheshen sharshytopta fakt, argýment, emosia* arqyly áyditoriaǵa áser etip, ılandyrýdy kózdeıdi. *Al pikirtalastyń tildik quraldar men amal-tásilderine jaqayratý, ázil, syqaq, kekesin, úzildi-kesildi baǵa berý, antiteza, teńey, remarka, sózdiń syrettiligi, maqal-mátelder t.b. klasikalıyq tásilder* jatady.

Sharshysóz maqsaty men mazmunyna qaraı belgili bir qurylymda aıtylady. Sóz materialy osy maqsat pen mazmunğa qaraı belgili bir júie boıynsha ornalasady. Sharshysózdiń klasikalıq shemasy, zertteýshilerdiń kórsetýinshe, bes bólikten turady: 1) *bastalýy*, 2) *kirispe*, 3) *negizgi bólik*, 4) *qorytyndy*, 5) *aiqatalýy*.

Sóz sıtıyasıasymen bailyNSTy nemese sheshenniń belgili bir maqsatyna qaraı kebir bólikterdiń bolmaýy da múmkin. Al negizgi bóliktiń bolýy mindetti.

Sózdiń bastalý bóligine sóileýshi kóp mán beredi. Bul bóliktiń maqsaty birden áyditoria nazaryn ózine áýdarý. Bul bólikte dástúr boıynsha etikettik formulalar men etikettik qaratpa ataýyshtardyń qoldanylýy sheshendik sózge tán etikettik norma. Sózdiń bastalýynda etikettik formulalardan basqa mazmundy bildiretin tildik birlikter bolady.

Sózdiń uzyna boıynda áyditoria nazaryn ustap turý sózdiń bastalýyna bailyNSTy. Bul tusta tájiribeli sheshender arýrlyq tanytyp, sózdi jurť kútpegen jaıdan bastaidy. Ondai jaıt kóbine árkimdi qyzyqyrtatyn, árkimniń basynda bar, árkimniń basynan ótkergen máselege qatysty bolýy múmkin.

Sózdiń kirispe bóliginde sóileýshi áyditoriany psihologialyq jaqtan aıtylar sózdiń negizgi bóligin uýynýğa daıyndap, qabyldaýğa ikemdeidi. Sózdiń bastalýyndaғы bailyNSTy ári qaraı kúsheite túsedı; áyditorianyń nazaryn bir arnağa toǵystyrady. Bul bólikte tyńdaýshylar sózdiń negizgi taqyrybynan habardar bolady. Sózdiń kompozısiyalıq negizgi bóliginde sheshen aıtylmaq basty máselelerdi sanamalap kórsete kele olarğa qysqasha taldaý jasaıdy. Sıtıp, máseleniń ózektiligin, qoǵamdyq, áleýmettik mánin ashady. Negizgi bólikte eń basty dep tanylatyn materialdar taldanyp, saralanady. Sheshen asa qajetti faktilerge súienip, qısyndy dálelder keltiredi. Ártúrli argýmentterdi paıdalanyyp, mysaldarğa naqty taldaý jasaıdy. Oponenttermen pikirtalas órbitedi.

Sózdiń qorytyndy bóliminde joǵaryda aıtylgandarğa qorytyndy jasalady. Basty, negizgi oi basa aıtylady. Negizgi idea aıqyndalyp, belgilenedi, áyditorianyń aldynda belgili bir sheshimderdi qajet etetin mindetter kórsetiledi.

Sózdiń aiqatalýynda etikettik formulalar kórsetiledi. Sózdiń mazmunyna tikeleı qatysty bolmasa da, tilek aıtylýy múmkin. Sondai-aq keide sheshenniń sózi is-qımylğa shaqyratyn sózben de aiqatalyp jatady. Jalpy alǵanda sharshysóz óziniń janrlyq túrlerimen bailyNSTy. Mysaly, joǵary mektepterdegi dárister, mıtıngidegi sóz, saıası sóz t.b. ártúrli aiqatalýy múmkin. Sharshysózdiń janrlyq túrlerine qaraı mátinde kezdesetin sózdiń leksikalıq tıpteri ártúrli bolyp keledi. Mysaly, ǵylymı dáristerde intelektýaldyq leksika, saıası diskursta qoǵamdyq saıası ataýlar, mıtıng, jinalystarda emosionaldy leksikanyń úles salmaǵy basym bolady. Munyń ózi sheshenniń alǵa qoıǵan maqsatyna bailyNSTy: sheshen intelektýaldyq turǵydan áser etýdi kózdeı me, álde emosionaldy turǵydan áser etýdi kózdeı me, bolmasa jurťshylyqty belgili bir is-qımylğa jumyldyrýdy maqsat ete me másele osyǵan bailyNSTy.

Áyditoriamen bailyNSTyqa sóileýshi erekshe kónil bólyi shart. Tyńdaýshylarmen bailyNSTy kúshti bolǵan saıyn sózdiń timdiligi de arta túsedı. Tájiribeli sheshenniń nazary únemi tyńdaýshyda bolady da, olardyń “jaıap” reaksiıasyn baqylap otyrady. Sóileýshi áyditorianyń jeteginde ketpei, tyńdaýshylardy ózine tarta biledi. Sonymen jurť aldyna shyǵyp sóileýdi sheshen óziniń kásibi qyzmeti dep túsinedi.

Aýditoriamen bailanys ornatýda arnaly tildik birlikter júesiniń ishinen sheshen sálemdesý, qaratpa ataýyshtar, kompliment, qoshtasý tárizdi etiket sózderiniń ártúrli nusqalaryn, aýditoriаныń aldyna shyǵarǵa deın komýnikativtik sıtyasıaǵa olardyń qaisy sáikes keletin, “kim, qai jerde, kimmen, qai kezde” degen formulaǵa sáikes ishteı, aldın-ala “daiarlap” qoiady. Kúndelikti ótip jatatyn keńes, májilisterde, otyrystarda basqalarmen salystyrǵanda, bailanys quraldaryn qoldaný múmkindigi sál shekteyli bolady. Aýditoria men sheshen birin-biri jańa kórgendeı qaýyshyp jatpaıdy.

Sheshendik sózde qoldanylatyn metamátinderdiń tyńdaýshylarǵa baǵyt-baǵdar berip otyratyndyqtan orny erekshe. Metamátin tyńdaýshyǵa sózdi júe-júesimen qabyldaýǵa járdemesedi. Mysaly, *Sizderdiń nazarlaryńyzdy myna máseleге аýdarǵым keledi; biz sózimizdiń basynda...; endi kelesi máseleге kósheik; birinshiden, ekinshiden, úshinshiden, qaitalap aıtsaq, sózimniń aıaǵynda* t.b. metamátin sóleýshiniń bir jaǵynan durys uǵynýǵa járdemesse, ekinshi jaǵynan, mátin bólikterin ózara bailanystyrýdy qamtamasyz etedi.

*Sharshysózde komýnikativtik bailanys* jasaý men bailanysty kúsheitýdiń tildik tásilderi ár alýan. Sóleýshi men tyńdaýshy arasyndaǵy bailanysty júzege asyrýda “biz” – “sizder” esimdigi erekshe qyzmet atqarady. *Biz sizdermen birige otyryp, ózderińizben oilasa kele, ózderińiz kóz jetkizgendeı, birge oilasyp kóreik* t.b. tárizdi esimdikti quramalar belgili bir máseleni birigip oilastyry sıaqty efekt týǵyzady. Bul tásil (“biz-siz”) sóleýshi men aýditoria arasyndaǵy “qashyqyqy” jaqyndastyra túsedı.

*Ózderińiz baiqaǵandaı, ózderińizge málim, ózderińiz atqandaı, ózderińiz kóz jetkizgendeı* t.b. tárizdi qystyrma quramalar sóleýshi men tyńdaýshylar arasyndaǵy bailanysty qalyptastyrýǵa, ári qarai kúsheite túsyge qyzmet etedi. *Eske túsirińizder, oqyp kórińizder, oi jiberip baiqańyzdar* t.b. tárizdi buıyq tulǵaly etistik quramalar belgili bir oi-pikirge tyńdaýshylaryn “avtorlastyry” tárizdi efekt týdyrady.

*Sózdi dialogtendirý* sheshenniń aýditoriamen bailanysyn órbite túsedı. Adamnyń oilaý qabileti áyel bastan dialog ispettes. Dialog – bolmysynda, jaratylysynda tabıǵı qubylys, al monolog – bolmysynda qoltýma qubylys. Monolog qoltýma dúnie bolǵandyqtan, sóleýshi oǵan biraz jattyǵy kerek. Tyńdaýshy tarapynan monolog sóz túrin, dialogke qaraǵanda, qabyldaý, túsiný “kúshke” túsedı. Tyńdaýshy monologke biraz den qoiyp, azdy-kópti oıǵa salmaq salýy qajet. Tyńdaýshy úshin osyndaı birshama qıyndyqy tájiribeli sheshen jeńildetý úshin diskursqa dialog elementterin endirý tásilderin qoldanady, iaǵni sózdi dialogtendiredi. Mysaly, *qandaı qıyndyq? sizder men biz oilanyp kóreik; – jaýabyn aıta alasyzdar ma? Árine, joq* tárizdi “suraq-jaýap” tásili sózdi dialogtendirýdiń erekshe timdi tásili. Sóleýshi bul jerde aýditoriadan jaýap kúty úshin suraq qoiyp otyrǵan joq, sózge dialogtik sıpat berip tyńdaýshylardyń “jai-kúin” jeńildetip otyr.

Sózdi dialogtendirýdiń taǵy bir timdi tásili – sóleýshi ózin qarsy jaqtyń, oponenttiń, tyńdaýshylardyń ornyna qoiyp sóleıdi. Bul jerde qarsy jaqtyń, oponentterdiń oıyn, tyńdaýshylardyń oıynda turǵan nárseni jurtskylyq aıqyn ańǵartatyndaı etip berý kerek. Bul, árine, sheberlikti qajet etedi. Sheshen sózge tóselydiń nátijesinde sheberlikke qol jetkizedi.

*Sharshysózdiń ritýaldyq qyrlary* – sóleýshini aýditoriamen bailanystyrýǵa qajetti, sózge qurmetteý reńin беретin, turaqty ári arnaly qoldanylatyn qarym-qatynas ornatýdyń

tildik birlikleri. Bularǵa *qurmetti qaýym, ardaqty áleýmet, qurmetti hanymdar men myrzalar, joldastar, qadirli aǵayn, t.b.* tárizdi ataýysh qaratpalar jatady.

Sheshendik sózde sitýasiǵa qaraı etiket formalaryń resmı, beitarap, emosionaldy túrleri qoldanylady. Resmı formalarǵa *joldastar, hanymdar men myrzalar*; emosionaldy formalarǵa *qymbatty dostar, qadirli baýyrlar, qadirli aǵayn t.b.*, al beiresmı formalarǵa *áriptester, halatıyq, áleýmet t.b.* tárizdi qaratpalar jatady.

Sózdiń bastalýynda etikettik qaratpalardyń qandaı máni bolsa, *nazar salyp tyńdaǵandaryńyzǵa raqmet, den qoıyp tyńdaǵandaryńyzǵa raqmet* dep sózdi aiaqtaýdyńda máni bar. Bulaı deý bir jaǵynan etikettik norma bolsa, ekinshi jaǵynan, aýditoriamen komýnikativtik bailanystyń aiaqtalǵanyn baıqatatyn belgi bolyp tabylady.

Tildik qarym-qatynas ángimelesý, pikirlesý, suhbattasý tárizdi jeke komýnikasiya jaǵdaıynda, sharshytop sondaı-aq talas-tartys, oi-pikir qaqtyǵystary, sóz jarystyrý, oi jarystyrý jaǵdaıynda da ujymdyq, komýnikasiya nemese gazet, jýrnal, radio, telearnalar tárizdi quraldar arqyly júzege asady.

Órkenietti adam tildik qarym-qatynastyń ártúrli formalaryn jete meńgerýi kerek. Bul – naryq pen demokratiǵa bet burǵan zamannyń talaby. Ásirese naryq zamanynyń talaby tildik qatynasta tek óz salasymen shektelip qalmaı, sharshytop aldynda aıtys-tartysqa túsýdiń logıkalyq, áleýmettik, psihologialyq jaqtarynan habardar bolýǵa tiis. Al tildik quraldardy talǵaý, saralaý aıtys-tartystyń logıkalyq, áleýmettik, psihologialyq jaıttaryna táyeldi. Osy jaıttardy durys ańǵarǵanda ǵana tildik quraldardy, stildik amal-tásilderdi múmkindiginshе tiimdi pайдalanýǵa zor járdemi tiedi. Árине komýnikasiyanıń biz aıtys-tartys máselesiniń mánine egjeı-tegjeıli toqtalý zertteýdiń tikeleı mindetine jatpaıdy. Sondyqtan bul taraýshada kundelikti ómir tájiribesinde, jeke komýnikasiada, ujymdyq komýnikasiada, buqaralyq komýnikasiada jii baıqalatyn jaıttardyń sóz mádenietine qatysty qyrlaryna toqtaldyq.

### **Paıdalangan ádebietter**

1. Baitursynov A. Til taǵylymy. – Almaty: Ana tili, 1992. – 260 b.
2. Jubanov Q. Qazaq tili jónindegi zertteýler. – Almaty: Ǵylym, 1999. –581 b.
3. Balaqaeв M.B. Qazaq ádebi tili. Almaty: Ǵylym, 1987, – 272 b.
4. Syzdyq R. Tildik norma jáne onyń qalyptanýy. Astana: Elorda, 2001.–230 b.
5. Syzdyq R. Sóz qudireti. – Almaty: Atamura, 2005. – 272 b.
6. Ýalıev N. Sóz mádenieti. Almaty: Mektep, 1984. – 107 b.

### **Qosymsha ádebiет**

1. Svetlana Ter-Minasova. Til jáne mádeniet aralyq kommýnikaciia
2. Gymanitarlyq bilim. 100 jańa oqylyq. Almaty: ulttyq aýdarma byurasy.-2018

## **АУДАРМАШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ҚАБІЛЕТТЕРІН ШЫҢДАУДАҒЫ ТРЕНИНГ ТӘСІЛІ**

*Нұртазина Н.К., п.ғ.м.,  
Анарбекова А.А., з.ғ.м.*

Ауызша аудармашыны кәсіби жағынан даярлау үшін оның бір тілден екінші тілге ауысу қабілетімен бірге арнайы тілдік білім, білік және дағдысын қалыптастыру аздық етеді. Осыған қоса, аудармашыны психологиялық жағынан да даярлау қажет. Өйткені, аудармашы бір уақытта ана тілі мен шетел тіліндегі үлкен көлемдегі ақпаратты белсенді түрде ойында ұстауы керек. Осы тұрғыда, аудармашы өзінің шетел тілінде ақпаратты қабылдау, түсіну, есті жаттықтыру, зейін, сөйлеу қабілеттерін жетілдіріп отыруы қажет.

Болашақ ауызша аудармашылардың психологиялық тұрғыда даяр болуы үшін оларды практикалық психология тәжірибиесіне негізделген тренингтер арқылы даярлау маңызды. «Тренинг» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «жаттықтыру, үйрету» деген мағыны білдіреді. Қазіргі таңда еліміздің көптеген жоғары оқу орындарының оқытудың кредиттік технологиясына өтуіне байланысты тренингтерді оқыту үрдісінде қолдануы өте маңызды. Аудармашы тренингтері тұлғалық-психологиялық қабілеттерді қалыптастыруға негізделген топтық немесе жекеше тапсырмалар мен жаттығулардан тұрады. Және де тренингтерді дәріс, пікірталас, рөлдік ойын, мәселелі жағдаяттарды шешу, кейс әдісі және т.б. арқылы өткізуге болады. Ауызша аударма жасау барысында аудармашы жоғары деңгейдегі сөйлеу реакциясы, байланыс жасау, стресс жағдайында психологиялық тұрақтылық, зейінді шоғырландыру, т.б. қабілеттерге ие болуы керек. Бұл қабілеттерді психологиялық тұрғыдан танымдық, қарым-қатынас және реттеуші деп бөлуге болады.

Танымдық қабілеттер адамның жалпы танымдық үрдістері мен қызметін қалыптастыру ерекшеліктерімен сипатталады. Оларға мыналарды жатқызуға болады:

- Зейіннің тұрақтылығы
- Зейіннің ауысуы
- Зейіннің бөлінуі
- Зейіннің қосылуы
- Естің ұзақ және тұрақты көлемі
- Белсенді түрде ұзақ есте сақтау
- Іштей іс әрекетті жоспарлауды жаттықтыру.

**Қарым қатынас қабілеттеріне:**

- әртүрлі стильдік жағынан ерекше және мазмұндық бағыттары өзгеше ақпарат жасау
- ақпаратты мағынасын жоғалтпай, тарылтпай қайта құру
- қарым-қатынаста шектеудің жоқтығы
- сөйлем жылдамдылығының жоғарылығы жатады.

**Реттеуші қабілеттер төмендегідей:**

- эмоционалдық күйді өзі реттеу қабілеті

- бір іс-әрекетті жасаудан екіншісіне ауыса алу қабілеті
- психологиялық және эмоционалдық жағынан әсер етуші факторларға төтеп бере алу [1, 23].

Аудармашыларға арналған тренингтерді қолдану арқылы тренингке қатысушылардың жоғарыда аталған қабілеттерімен қоса өз өзіне сенімділікті тудыруға, қорқыныш сезімін жоюға, белсенділіктерін арттыруға болады. Студенттердің оқуға деген ынтасы оқыту үрдісімен байланысты болады. Сондықтан оқыту үрдісін мына қағидаларға сай құруға болады:

### **1. Белсенділік қағидасы.**

Сабақ барысында студенттер әрдайым даяр болуы керек. Егерде студенттердің бірі тапсырманы орындап жатса, қалғандары кез келген сәтте оны ауыстыруға дайын болуы қажет. Бұл тренингке қатысушылардан әрдайым зейінді тұрақты қосуларын талап етеді.

### **2. Шығармашылық қағидасы.**

Тренинг барысында топтағы қатысушылар өздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін біліп, өздерінің қабілет ерекшеліктерін түзетуге талпынады. Топта тренингті өткізуде белгісіз, мәселелі, шығармашылықты талап ететін жағдаяттар берген жөн. Осы қағиданы іске асыру барысында өзін-өзі оқыту, күтпеген жағдаяттарға жоғары дәрежеде даяр болу және өзін-өзі реттеуді қалыптастыруға болады.

### **3. Серіктеспен қарым-қатынас қағидасы.**

Топтағы серіктеспен жұмыс жасау барысында тренингке қатысушы келесі ойыншының сезімін, толғанысын және көңіл-күйін есепке алуы керек. Осыдан болашақ аудармашының байқампаздық, қарым-қатынас барысында серіктесінің көңіл-күйін білу қабілеттерін дамытуға болады. Өзгені құрметтеу, өзін-өзі көрсете алу, өзіндік жауапкершілік сияқты қабілеттерін тапсырмаларды орындау барысында жаттықтырады.

### **4. Өзін-өзі дамыту қағидасы.**

Тренингті ұйымдастыру студенттің өзіндік жұмысына бағытталуы қажет. Соңында студенттер, яғни болашақ ауызша аудармашылар әрдайым білік, дағдыларын дамытып отыруы керек екендігін ұғынады.

### **5. Жекелік қағидасы.**

Әрбір студент өзінің білік, дағдыларын өзі дамытуы керек, өйткені ауызша аудармашы өзге адаммен жалғыз жұмыс жасайды. Бұл қағида арқылы болашақ аудармашы өзінің жекелік қасиеттерін дамыта алады [2, 17].

Осы орайда, оқытушы оқыту үрдісінде психологиялық және педагогикалық заңдылықтарды есепке алғаны жөн. Мәселен:

- Сабақтың нешінші екендігін (бірінші сабақта психологиялық үрдістер баяу жүрсе, соңғы сабақта студенттер шаршайды)
- Аптаның қай күні екендігін (дүйсенбі мен сенбіде жұмыс жасауға деген ынта төмен болады)
- Студенттердің аудиторияда отыру уақыт аралығын, т.б.

И.С.Алексееваның «Аудармашыға арналған кәсіби тренинг» атты кітабында есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар тізбегі берілген. Мәселен, сандық ақпаратты есте сақтауды машықтандыратын жаттығуда біріншіден сандық



ақпарат қазақ тілінде тізбектелінген сандар есебінде дауыстап қайталауға беріледі. Кейін оларды ағылшын тіліне аудару тапсырылады. Санды жаттау жаттығуы жалықтырып жіберетіндіктен оны тек бес-он минут жасаған жөн. Тапсырманы былай беруге болады:

**A. I. 20 96 4**

**II. 403 5 12**

**III. 21 72 400**

**B. I. 15 books, 2 note books, 100 maps**

**II. 233 apples, 33 bananas, 70 oranges**

**III. 65 houses, 81 windows, 12 doors.**

Әрбір жаттығу үш студентке арналған [3, 38].

Келесі тренинг жаттығуы – ақпараттық хабарламаны аудару. Ақпараттық хабарлама көбінесе саясат, мәдениет, өнер, спорт туралы мәлімет беретін қысқаша мәтін болады. Қысқаша мәтінмен жұмыс жасауда мына тапсырмаларды орындауға болады:

**Бірінші тапсырма.** Екі үш фразадан тұратын шет тілінде хабарламаны тыңдап, ақпараттық аударма жасау керек. Шартты тапсырма - әдеби шектеулерге сәйкес үзіліс жасамастан толық фразалармен сөйлеу. Әрбір студент аударма үшін өз мәтінін алады. Аударма жасап болған соң шағын талдау жасау қажет.

**Екінші тапсырма.** Бес – алты фразадан тұратын ақпараттық хабарламаны студент аударма тілінде тізбек ретінде бірінен соң бірі айту арқылы жеткізуі керек.

**Үшінші тапсырма.** Ақпараттық хабарламаны бірінші студент естіген соң ана тіліне аударады, екінші студент берілген мәтінді қайта шет тіліне аударады. Мұнда ол берілген негізгі мәтін мен аударма мәтінін есте сақтаған материалы бойынша қайта құрайды.

**Төртінші тапсырма.** Теле немесе радио жаңалықтарынан түсірілген не жазылған бірнеше хабарламаны тыңдау. Тыңдау барысында қажетті жазбалар жазу. Кейін екінші рет тыңдау барысында мәтінді синхронды түрде аудару [3, 100].

Сонымен бірге, студенттер ұйымдастырылмай, шаршап, ойлары шашырап отырған кезде оларда психологиялық жағынан стресті болдырмас үшін демалдыруға арналған жаттығуларды жасату да орынды болады. Мысалы, «Сағат» жаттығуы. Бұл жаттығудың мақсаты – студенттің жұмыс жасау қабілетін жақсарту. Жаттығуға қатысушылар (12 адамнан кем болмауы тиіс) дөңгелек үстелді айнала отырады. Әрбір ойыншының арасына рет ретімен сағаттағыдай етіліп он екі сан жазылған қағаздар қойылады. Оқытушы қандай да болмасын уақытты атағанда, айтылған сағатқа саны сәйкес келген ойыншы тез шапалақтап, минуты сәйкес келген ойыншы «бом» деп айтуы керек. Егерде сағат бір уақытты «көрсетсе», мәселен сағат 12 немесе 13 сағат 5 минут болса, онда сағат саны бірдей болып отырған ойыншы алдымен қолын шапалақтап, кейін «бом» деп айтуы шарт [4, 7].

Қорыта келгенде, әрбір ауызша аудармашыларды даярлаушы оқытушылар тренингтерді мақсатқа сай өткізіп, студенттерді психологиялық жағынан да машықтандыруы маңызды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1.Қ. Жарықбаев «Психология» Алматы 2000ж.

- 2.С. В. Петрушин «Психологический тренинг в многочисленной группе» Москва Академический проект. 2004г.
- 3.И. С. Алексеева «Профессиональный тренинг переводчика» С-Пб. «Союз». 2001г.
- 4.Л. Мардер «Тренинг педагогической осознанности» Москва, 2003.

## ИНТЕРНЕТ ТІЛІ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

*Рысмагамбетова Н. А.*

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің  
Филология факультетінің 2 курс магистранты  
Казахстан, Ақтөбе қ.  
[nuri\\_83\\_83@mail.ru](mailto:nuri_83_83@mail.ru)*

Интернет –ақпарат пен коммуникацияның сақталуының жаңа жаһандық құралы, ол арқылы адамдар әлемнің қай түкпірінде тұрса да, қажетті ақпараттарымен алмасады, хат алысады, сатып алатын тауарларын таңдайды, жаңалықтармен танысады, білім алады, тілдерді меңгереді және т.б. Статистикалық зерттеулер қазақ, орыс тілінде интернетті 32 миллион адам қолданатындығын көрсетеді. Интернеттің ақпараттық ресурсы жыл сайын екі есеге артатындығын, ал тұтынушылар саны жыл сайын 1,5 есеге артатындығын ерекше атап көрсеткен жөн.

Интернет ортасын Интернеттің аудиториясын құрайтын жеке және топтық тұтынушылардың болуын, жұмыс жасауын және қызмет етуін қамтамасыз ететін, техникалық, функционалдық, ақпараттық, әлеуметтік, нарықтық, заңды компоненттерінің жиынтығы ретінде қарастырады. Зерттеушілер Интернеттің лингвистикалық аспектісінің мәнділігін айтады, соған байланысты виртуалды тілдік тұлға, виртуалды қоғамдастық, виртуалды қарым-қатынас, виртуалды тілдік орта түсініктерінің пайда болғандығын атап өтеді.

Заманауи Интернет-бұл өзара әртүрлі байланыстармен-гипермәтінді сілтемелер, тақырыптар, кілт сөздер, тораптағы орналасу тәртібі т.б. байланысты үлкен көлемдегі өте көп мәтіндер. Интернеттегі мәтіндердің функциясын анықтайтын веб-технологияның мынадай негізгі ерекшеліктері айқындалды. [6, 69]: интерактивтілік, WWW өз құрылымында енгізілген диалогтілік терезелік; сілтемелердің, іздеу жүйесінің, әр түрлі менюлердің көмегімен әртүрлі топтағы адамдардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін есепке алуға мүмкіндік беретіндей мәтіндердің тұтынушыға ыңғайланып берілуі; ақпараттың иерархиялығы, оның сұранысқа байланысты детализацияның әртүрлі дәрежесінде қол жетімділігі түсінігінде; мәтінге байланысты сұраныстың мөлшерін бағалауға мүмкіндік беретіндей тораптың құрылғылары бар деп топшылайтын өлшемділік; гипермәтінді технологияға құрылған өзара байланыстылық, ол бір мәтінді өзге бір мәтінмен байланыстыруға септігін тигізеді т.б. (интернеттегі мәтіндер өзара гиперсілтемелермен байланысты қандай да бір

мағынада әрбір бөлшегі әр алуан гиперсілтемелермен байланысты үлкен мәтін түзеді).

Интернеттегі қазақ, орыс тілдерінің қызметін зерттеушілердің қызығушылығын тудырып отырған мәселе. Соңғы жылдарда ғылыми әдебиеттерде қазақ, орыс тілдеріндегі интернеттің ерекшеліктері туралы, интернетте қазақ, орыс тілдерінде пайда болған жаңа сөйлеу жанрлары туралы, орыс тіліндегі компьютерлік коммуникацияның ерекшеліктері туралы (О.В. Дедовтың, Г.А. Трофимовтың, А.А. Атабековтың және т.б. жұмыстарын қараңыздар) бірнеше монографиялар және ондаған мақалалар жарық көрді (синоним ретінде Рунет сөзі қолданылады). Өкінішке орай, бұл жұмыстар алуан түрлі мәтіндердің тораптағы шынайы қызметін объективті тұрғыдан нақты көрсете алмайды. Бұл біздің ойымызша ең алдымен мәтіндердің қарым-қатынастың коммуникативті міндеттеріне, қызметтеріне, қандай да бір мәтінді жасау жолдарының ерекшеліктеріне егжей-тегжейлі талдау жасалмағандықтан болып отыр.

Біздің көзқарасымызша, орыс тіліндегі Интернет бірқатар күрделі факторларға сүйену керек, мысалы: Интернеттің өз ерекшеліктерін күрделі көп функциональді иерархиялық ақпараттық жүйе ретінде; негізгі тұтынушылар тобының әлуметтік-лингвистикалық сипаты, олардың коммуникативтік қажеттіліктері, тілдік талғамы; орыс тіліндегі Интернеттің дамуындағы ағылшын тілі мен мәдениеті, ағылшын тілінде сөйлесу дәстүрінің айтарлықтай әсерін есепке алу; XX-XXI ғасырлардың аяғында бастау алып, жанданған заманауи орыс тіліндегі өзгерістер мен даму тенденциясы; қарым-қатынастың жаңа үлгілерінің қалыптасу процестері, нақты бір мағынада жаңа сөйлеу жанрлары, мысалы, компьютерлік технологиялардың даму нәтижесі ретінде (әлеуметтік сервистердің дамуы).

Қазіргі таңда Интернеттегі қазақ, орыс тіліне арналған басылымдардың саны өсіп келе жатыр. Интернеттің зерттелуінде мынадай бағыттарды айқындауға болады:

1) Қазақ, орыс тілінің әдеби нормасына сәйкес, қазақ, орыс тілінің өзгерістері мен дамуына байланысты Интернет тіліне талдау жасау;

2) Форумдар, блогтар, чаттарда арнайы компьютерлік дискурстің қалыптасуы мен қызмет етуі;

3) Гипер мәтін жүйесін талдау және олардың орыс тілді Интернетте қолданылу жолдары;

4) Веб-парақшаның мәтіннің ерекше түрі ретінде арнамалы ұйымдастырылуы;

5) Бұқаралық ақпарат құралдарының Интернеттегі қызметінің ерекшеліктері;

6) Интернет қолданушылардың әлеуметтік лингвистикалық және психологиялық ерекшеліктері;

7) Тораптағы көркем әдебиеттің қызметі ерекшеліктері, олардың тілі және стиль ерекшеліктері;

8) Қазақ, орыс тілдеріндегі компьютерлік терминологияның қалыптасуы және кәсіби компьютерлік жаргондардың ерекшеліктері.

Зерттеуді бұлай жіктеу шартты түрде екенін айта кету керек. Көптеген авторлар тек бір аспектіні қарастырумен шектелмейді.

Веб-ресурстардың лингвистикалық ерекшеліктері бірқатар факторлармен шарттасқан: компьютерлік технологиялардың түрлері (мысалы, блогтар, чаттар, Интернеттегі БАҚ), қолданушылардың коммуникативтік қажеттіліктері (жалпылау, развлечения, ақпарат іздеу, оқу), қолданушылар мен мәтінді (создатели) құрастырушылардың, әлеуметтік лингвистикалық сипаттамасы. Біз, Интернетте қызмет атқаратын мәтіннің үш тобын салыстыруға тандап алдық. Зерттеулердің көбі соларға арналған. Бірінші топқа қолданушылардың өздері құрастырған мәтіндер жатады, олар блогтар, чаттар, форумдар, екінші топқа-Интернеттегі білім беру ресурстары, үшінші топқа-Интернеттегі бұқаралық ақпарат құралды жатады. Әрине, бұлай жіктеу шартты, себебі Интернеттегі білім беру және ақпараттық ресурстарға форумдар, блогтар, қонаққа арналған кітаптар т.б. жатады.

Мысалы, қандай да бір мәтін еш өзгеріссіз терілген күйде Интернетке енсе, ол ерекше сипаттамаларға ие болды, ол гипермәтіндік байланыс жүйесіне енгізіледі, осылайша ол қандай да бір басқа хабарламаның, мәтіннің бөлігі болады, іздеу жүйесінде жіктеледі, оның ішінен кілт сөздер мен терминдерді ерекшелейді, мәтін басқа мәтін бөлігі болуы мүмкін, аудиовизуалды ақпаратпен қосылады және т.б. Интернеттегі мәтінге жасалған осындай әралуан әрекеттер оған жаңа белгілер мен сапалар берді, осылайша мәтінді әртүрлі жіктеліс топтарына енгізеді. Мысалы, мәтіннің өзіне жол гипермәтінді ссылқаларға олардың іздеу жүйесіндегі ажырату белгілеріне байланысты болады. Қорыта келгенде, мәтін қандай да бір веб-парақшадағы мәтіндік ортаға ене отырып, негізгі, тұрлаусыз және қосымша мәтіндердің қызметін атқарады. Сондай-ақ қандай да бір ресурстардың қолданушыларының сипаттамасына, интернет-мәтіндерді құрастырушылар, интернет-коммуникация қолданушыларына назар аударған дұрыс.

Бұл Интернет-қолданушының сөйлеу портретін айқындау мен бейнелеуге байланысты маңызды болып отыр. Интернеттегі коммуникацияның үлгісі мен мазмұны қолданушылармен анықталады. Қазір, интернет –қолданушылардың әлеуметтік демографиялық сипаттамасы, жалпы Ресей Федерациясының тұрғындары туралы деректерден өзгеше екендігі анық. Интернет-аудитория белгілі бір дәрежеде білімді және әлеуметтік белсенді адамдардан құралады.

Мазмұны жағынан барлық Интернет-ресурстарын бірнеше топқа бөлуге болады. Бірінші топқа сұраныс ақпараттық бағыттағы мәтіндер жатады, олар, сатып алу, сату, жарнамамен байланысты, екінші топқа- қағазға басылған газет және журналдардың электронды нұсқалары; үшінші топқа, білім беру сипатындағы ресурстар, мәнжазбалар, білім беру порталдары, оқулықтардың тораптық нұсқаулары; төртінші топқа-шынайы уақыт тәртібінде құрастырылған мәтіндер, форумдарда, телеконференцияларда, чаттар мен блоктарда еркін пікірталас үлгісіндегі мәтіндер жатады. (Интернеттегі мәтінді бұлай жіктеу Г.А. Трофимованың жұмыстарында ұсынылды.) Ғылыми әдебиетте интернет-ресурстардың типологиясына басқа да көзқарастар ұсынылды. Функционалдық мәніне байланысты, интернет-жүйелер аудитория мақсатына қарай: оқушылар, студенттер, қандай да бір кәсіп өкілдері; қызығушылықтарына байланысты адамдар тобы; ұйым типіне байланысты Интернет-жүйесін қолдайтын

(мемлекеттік, коммерциялық, білім беру, халықаралық т.б.); функционалдық мүмкіндіктері мен мәніне қарай (іздеу жүйесі, каталогтар, білім беру порталдары, электронды кітапханалар, интернет-дүкендер); тақырыптық сипаттамасына қарай (ақпараттық, развлек. коммуникациялық).

Шартты түрде Интернетте мәтін екі түрлі қызмет атқарады. Біріншісі-бұл қағаздағы мәтіннің жәй ғана электронды нұсқасы. Мәтіннің екінші тобы-осы электронды ортада қызмет жасауға арналған мәтіндер, осыған байланысты олар ерекше үлгіге ие болады, арнайы қызмет атқарады. Соңғысын тағы екі топқа бөлуге болады. Бірінші топ бұл шынайы уақыт тәртібінде құрастырылған мәтін, белгілі бір мағынада сөйлеу барысында түзелген мәтінді жазбаша үлгіде беру. Мұндай ерекше мәтіндердің жарқын мысалы, чаттар, блогтар, форумдар, электронды хат алмасулар, әлеуметтік желілердегі сөйлесулер болып табылады. Мұндай мәтіндердің міндеті –қолданушылардың арасындағы коммуникацияны қамтамасыз ету. Оның ерекшелігі ауызекі қарым-қатынас және жазба үлгісі бір-біріне сәйкестенетінінде [5, 7] Интернетте сөйлесу ережелерін сақтау үшін арнайы ережелер жасакталады, мұндай мәтіндерді құрастырудың электрондық хаттардың, блогтардың нұсқаулықтары [9].

Екінші топ- бұл веб-парақшалардың әр түрлі типтері құрылатын мәтіндер. Мұндай мәтіндер айтарлықтай тұрақты, олардың тілдік ерекшеліктері негізінен коммуникативтік міндеттерге байланысты, ол міндеттерді веб-парақшаны құрушы қояды (бір нәрсені хабарлау, бір нәрсені жарнамалау, көңіл көтеру құралы қызметін атқару).

Интернет-ресурстардың әр түрлі қолданушымен өзара қарым-қатынас құралы ерекшеліктерін пайдаланады. Мысалы, электронды БАҚ тілінің ерекшелігін қарастырайық. Электронды БАҚ әртүрлі критерия бойынша бөлінеді. Олардың бірқатары қағаз өнімнің дәл көшірмесі болып табылады. Басқа басылымдар ақпараттық технологиялардың жаңа мүмкіндіктеріне бағытталады (деректер базасын, гипермәтінді қолдану). Мысалы, «Московские новости», «Комсомольская правда» газеттерін интернет нұсқасында жаңа бөлімдер қосады: қоғамдық пікір сұрақнамасы, форумдар, қонақ кітапшасы, газет авторларының арнайы бағандары, блогтары және тағы басқа оқырмандармен белсенді қарым-қатынас жасауға арналған дүниелер. Электронды БАҚ-тың жазба басылымнан негізгі айырмашылығы интерактивтілікті пайдалану болып табылады. «Көптеген электронды БАҚ-тың қағидалық маңызды элементі, интерактивтілікті жүзеге асыру болып табылады». Қонақ кітабының қосылуы, форумдар, сұрақнамалар. Бұл оқырман мен басылымның сенімді қарым-қатынасын қамтамасыз етеді. Тораптық интерактивтілікте үш аспектіні айқындайды: қолданушыға (оқырманға) электронды басылымның ақпаратқа сұранысты қалыптастыру мен жүзеге асыру үшін ұсынатын мүмкіндігі (мәтін навигациясы, гиперссылка, рубрикация, визуалды қатар; оқырмандардың қарым-қатынасын блогтар мен форумдардың көмегі арқылы ұйымдастыру).

Бұл басылым мен оқырманның арасындағы сенімді қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Тораптық интерактивтілікте үш аспектіні анықтайды: мүмкіндік яғни қолданушыға (оқырманға) электронды басылымның ақпаратқа сұранысты қалыптастыру және жүзеге асыруы; тұтынушыларға ақпараттық

технологиялардың ыңғайлылығы; (мәтінге навигация, гиперссылки, рубрикации, визуалды қатар); оқырмандардың қарым-қатынасын блогтар мен форумдардың көмегі арқылы ұйымдастыру.

Соңғы жағдайда электронды БАҚ екі жақты қарым-қатынасқа оқырмандарды қандай да бір мәселені талқылауға араластыруға ықпал етеді. Бұл жердегі коммуникация екі жақты қарым қатынасқа ықшамдалғандығы тұрасында болып отыр, сөйлесе қарым-қатынас жасаудың позитивті әлеуметтік мақсаттарға жетуге көмектесетін әлеуметтік технологиялар туралы болып отыр. ...» [11, 39]. Интерактивтілік Интернеттің барлық ресурстары мен қызметтерінің қағидалық ерекшелігі болып табылады. Интернетке жүктелген мәтін, әсіресе, БАҚ мәтіні қолданушымен белсенді қарым-қатынас жасайды деп болжанады ([www.lenta.ru](http://www.lenta.ru), [www.gazeta.ru](http://www.gazeta.ru) Интернеттің жаңалықтар қызметін қараңыз). Е.В. Какорина Интернеттегі БАҚ тілін талдау негізінде «Интернеттегі сөйлесе қарым-қатынас жасаудың сөйлесудің ең жоғары эксплицитті түрін береді, өзінің жеке бастау алған көріністе сөйлейтіндер мен тілдік еркіндікті шектейді» деп атап көрсетеді. [5, 93]. Білім беру ресурстарының тобын талдағанда құрылымдау ерекшеліктері мен материалды суреттеуді ұсыну, сондай-ақ осы ресурстардың қолданушыларының негізгі категорияларын айқындау өте маңызды. Білім беретін электронды баспа мен ресурстар ақпараттық-анықтамалық, оқу және жалпы мәдени сипаттағы болып бөлінеді. Ақпараттық-анықтамалық негіз оқу процесіне жалпы ақпараттық қолдау көрсетеді. Электронды оқу басылымдары мен ресурстары оқу дисциплинасы аясында жүйелендірілген материал болып табылады. ([www.edu.ru](http://www.edu.ru) қараңыз). Жалпы мәдени сипаттағы баспалар мен ресурстар мәдени ортаны қалыптастырып кеңейтуге арналған, яғни виртуалды экскурсиялар, қалаларға саяхат жасау (мысалы, [www.museum.ru](http://www.museum.ru)). Білім беру саласында мынадай ақпараттық технологиялар кеңінен қолданылады: электронды оқулықтар, интерактивті оқыту ресурстары (тренажеры), виртуалды орта (виртуалды зертханалар, жобалаудың виртуалды ортасы және т.б.) компьютерлік демонстрациялар, әмбебап оқыту орталары, деректердің электронды базасы, ақпараттық-анықтамалық негіздер (он-лайн аудармалар, сөздіктер, мәнжазбалар), электронды кітапхана, кезеңінен шығатын электронды басылымдар, деректер базасы және мұрағат, электронды коллекциялар (дыбыс-, фото-, видеофайлдар коллекциясы). Зерттеушілердің аса назар аударатын тұсы компьютерлік дискурстың ұйымдастырылу ерекшеліктері болып табылады, олар блогтар, чаттар, форумдарда жүзеге асады. Тап соларда қарым-қатынастың арнамалы формалары анық көрініс табады, ол компьютерлік технологиялар, сондай-ақ Интернет қолданушылардың сөйлеу ерекшеліктеріне, негізінен жастарға байланысты. [7]. Интернет-коммуникацияны талдау процесінде зерттеушілер компьютерлік коммуникацияның мынадай ерекшеліктерін анықтады:

- 1) қарым-қатынас жасаудың ағымы электронды орта болып табылады;
- 2) виртуалдық, себебі қарым-қатынас белгісіз ұжыммен немесе белгісіз тұлғамен жүзеге асырылады;
- 3) дистанттық, кеңістік пен уақыттағы бөліністік және бір мезеттегі синхрондық;
- 4) жанамалылығы (қарым-қатынас жасау техникалық құралдар арқылы жүзеге асырылып отырғандықтан);

5) ашықтықтың жоғарғы дәрежесі, себебі компьютерлік қарым-қатынастың қатысушысы кез-келген адам бола алады;

б) гипермәтіннің болуы;

7) басымдылығы жағынан Тораптағы тұтынушылардың барлығы бір статуста тең;

8) эмоция, мимики, сезімнің графикалық кескіндер, «смайликтер» арқылы берілуі;

9) қарым-қатынас жасаудың арнамалы компьютерлік әдебі, ол арқылы жаргондар, қысқартулар кірме сөздер қолданылады [2, 8]. Әдебиеттерді талдау барысында веб-парақшаларының әртүрлі жанырлық типтерінің сипаттамасын қарастыратын лингвистикалық зерттеулер назардан тысқары екендігі анықталды. Веб-парақшалардың лингвистикалық ұйымдастырылуының талаптарын қалыптастыратын зерттеулерге сұраныс қажеттілігі бар. Ақпараттық-технологиялар тұрғысынан қарастыратын болсақ, веб-ресурстарды бағалау арнамалы компоненттермен анықталады: тұжырымдама, мақсаттар, ұсынылған аудитория; контент (мазмұн); трафик; дизайн. Контент — бұл осы сайттың мазмұны, сайттың барлық ақпараттық мазмұны— мәтіндер, суреттер, фотолар, ән, анимация, сайт құрылымы. Трафик сайтқа кірушілер мен ондағы отырған уақытына байланысты өлшенеді (хостах и хитах). Қандай да бір сайттың маңыздылығы, атақтылығы трафикпен сондай -ақ кіруімен анықталады. Дизайн сайттың безендірілуінің барлық жүйесін көрсетеді. Қандай да бір ресурстың (сондай-ақ ресурс тудыратын мәтіндер) тиімділігін бағалау үшін мәтіннің ерекше түрі ретінде қандай да бір сайттың (веб-парақшаның) сипатына қажетті лингвистикалық критерийлерді қалыптастыру қажет. Қазіргі уақытқа дейін веб-ресурстарды жасақтаушылар компьютерлік технологиялардың ерекшеліктеріне байланысты, мынадай критерийлерге сүйенеді (бұл тізімді ұзарта беруге болады): а) сайтқа авторлық , ол ақпараттың растығы мен шынайылығына дәлел бола алады (басқарма ұйымдарымен, атақты оқу орындары мен кітапханалармен, ғылыми орталықтармен т.б. ашылған сайттар сенімді болып табылады); б) ақпараттың үнемі жағартылып отырылуы (кейбір сайттар жылдан астам уақыт жағартылмайды); үнемі жаңартылу сайт қандай да бір ақпараттық қажеттіліктер немесе міндеттерге байланысты дамып отыратындығын білдіреді; в) сайтпен интерактивті қарым-қатынас жасау мүмкіндігі; г) сайттағы ақпаратты іздеу және навигация арқылы табу қолайлылығы, басқа ресурстармен гипермәтіндік байланыстың түрлері мен сандары; д) сайтты безендіру (ол көркемдік тұрғыдан әдемі әрленгенболуы керек, сондай-ақ оқуға, ақпаратты іздеуге қолайлы болуы керек); е) кіру жиілігі, ол әртүрлі іздеу жүйесі рейтингтерінің көмегімен тексеріледі. Веб-парақша мәтіннің күрделі түрі ретінде белгілі бір қызмет атқаратын арнайы тілдік құралдармен қалыптасады [1]. Қолданушы алғашында басты парақшаға кіреді, сол парақшадан ол сайттың құрылымы (навигация, сайттың картасы, гиперссылка тізімі) мен мазмұны туралы біле алады. Веб-парақшаларда бір веб-ресур аясында әртүрлі коммуникативті қызметтері бар мәтіндердің өзара байланысы жүзеге асады. Мысалы, веб-парақшаны безендірудің мынадай негізгі элементтері анықталды:

а) навигациялық, индекстік мәтіндер, олар тек гиперссылкадан тұрады;

б) коммуникациялық мәтіндер, мұнда бастысы осы немесе басқа сайттар аясындағы мәтіндермен байланысын қамтамасыз ететін тізбектік мәтін болып табылады (мысалы, тақырыптар, қызықтыратын атаулар); в) жеке ақпараттық мәтіндер, осы веб-парақшаның негізгі ақпаратын береді, осы сайттың негізгі мазмұнымен байланысты мәтіннің ссылжалары болады; г) мәтіннің авторы мен қолданушыны байланыстыратын мәтіндер (сұрақтар, пікірталастар, жеке пікір білдіру). Бұл салада әлі көптеген зерттеулер қажет, көптеген сөйлеу жанрлары Интернетте белсенді даму үстінде (мысалы, блогтар, РФ-ның елбасының блогын қараңыз), кейбіреулері керісінше, өзінің атақтылығын жоюда, мысалы, хабарлама тақталары. Бұл ұсынылып отырған Интернет-технологияларының атақтылығымен байланысты. Мысалы, элеуметтік сервис жүйесі («Одноклассники» т.б.) әртүрлі қолданушылардың қарым-қатынасын ыңғайлы етеді оларға аудиовизуалды ақпараттар жіберіп отырады. Алдын-ала зерттеулер көрсеткендей [6], сайттар өз қызметтеріне байланысты, мысалы, визиткалар, промоушн-сайттар (жарнама сайты), электронды дүкендер, ақпараттық сайттар, корпоративті өкілдер, мекемені басқару жүйелері, порталдар болып табылады. Визитка — қысқа жергілікті сайт, ол компания туралы және көрсететін қызметі туралы жалпы ақпарат береді. Мұндай сайттың мақсаты— презентациялық болып табылады. Промоушнсайт — қандай да бір зат немесе шараның тікелей жарнамасы болып табылатын сайт. Мақсаты — жарнамалық маркетингтік. Электронды дүкен — Интернет арқылы заттарды сатуға арналған сайт. Өнім каталогы, прайслисті, тапсырыс қабылдау жүйесі болады. Мақсаты- маркетингтік. Ақпараттық сайт — кейбір зат аясында жан-жақты ақпарат беретін сайт. Мұндай сайттарда әртүрлі авторлардың көптеген мақалалары, сондай-ақ сұрақнама, дауыс беру, рассылка тәрізді бөліктерден тұрады. Кейбір сайттар корпоративті өкілеттілік қызметін атқарады, олар компанияның қызметімен таныстырып автоматтандырады. Оларда электронды дүкендер, тапсырыс қабылдау жүйесі, коммуникациялық қызметтер, құжаттардың электронды айналымы, онлайн сөйлесу. Типология тұрғысынан веб-парақшаларды жеке, институциялық, жаңалықтық, жарнамалық т.б. бөлуге болады. [1]. Қарастырылған әрбір үш мазмұндық топтың (электронды БАҚ, білім беру сайты, блогтар мен чаттарда компьютерлік қарым-қатынас жасау) әрқайсысында қолданушымен байланыс жасауының ерекше құрылымы бар. БАҚ мәтіндері үшін тез және үздіксіз жаңарып отыру, оқырманмен байланысты ұйымдастыру (сұрақнамалар, оқырмандар хаттары), гиперссылкаларды белсенді қолдану маңызды тұс болып табылады. Білім беру ресурстары үшін ақпараттық құрылымы, ғылыми және оқу әдебиеттерінің жанрын (мақалалар, мәнжазбалар) дәстүрлі түрде қосу, қажетті ақпаратты іздеу, деректер базасын ақпаратты жинақтау мен сақтауға белсенді пайдалану маңызды болып табылады. Шынайы уақыт талабына сай Интернеттегі электронды коммуникация әртүрлі дискурстың күрделі комбинациясы болып табылады: тұлға аралық қарым-қатынас (тұрмыстық дискурс), ресми ақпаратты сұрау және алмасу (іскерлік дискурс), конференция немесе жаңалықтар топтарында ғылыми сұрақтарды талқылау (ғылыми дискурс) т.с.с.

## **Пайдаланылған әдебиеттер**



1. Атабекова А.А. Лингвистический дизайн WEB-страниц (сопоставительный анализ языкового оформления англо- и русскоязычных WEB-страниц). — М.: Изд-во РУДН, 2003.
2. Галичкина Е.Н. Специфика компьютерного дискурса на английском и русском языках (на материале жанра компьютерных конференций): Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. — Волгоград, 2001.
3. Дедова О.В. Теория гипертекста и гипертекстовые практики в Рунете. — М.: Изд-во МГУ, 2008.
4. Какорина Е.В. СМИ и Интернет-коммуникация (области пересечения и взаимодействия) // Язык современной публицистики: сб. статей. — М.: Флинта, 2007а.
5. Какорина Е.В. Язык Интернет-коммуникации // Сб.: Язык массовой и межличностной коммуникации. — М.: Медиатека, 2007б.
6. Калмыков А.А., Коханова Л.А. Интернет-журналистика. — М.: Юнити, 2005.
7. Кронгауз М.А. Утомленные грамотой // Новый мир. — 2008. — № 5.
8. Лутовинова О.В. Лингвокультурологические характеристики виртуального дискурса: Автореф. дисс. ... докт. филол. наук. — Волгоград, 2009.
9. Морослин П.В. Есть ли речевой этикет в Интернете? // Русская речь. — 2009. — № 4.
10. Трофимова Г.Н. Языковой вкус Интернет-эпохи в России: Функционирование русского языка в Интернете: концептуально-сущностные доминанты — М.: Изд-во РУДН, 2004.
11. Фомичева И.Д. Социология интернет-СМИ: Учебное пособие. — М.: Факультет журналистики МГУ им. М.В. Ломоносова, 2005.

## ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ЖАҢА ЕМЛЕСІ

*Садуақас Н.А.  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Қ.Жұбанов атындағы  
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Қазақстан, Ақтөбе қ.,  
sadu\_ngd@mail.ru*

Латын әріптері – өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап етіп отырған басты қажеттіліктердің бірі. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы 2017 жылдың 12 сәуірінде жарияланған мақаласында қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастау керектігін елдің алдына міндет етіп қойып, «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты», – деп, латынға көшудің маңыздылығына көңіл аударған болатын [1, 2]. Бұл туралы профессор Ерден Қажыбек: «Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді

нақтылап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде басы артық кірме сөздерден арыламыз. Латын әліпбиіне көшуді сайып келгенде, ана тіліміздің болашағын ойлау, оның қолданыс аясын одан ары кеңейте түсуге, мәртебесін көтеруге жасалған мүмкіндік деп түсіну керек», - деген еді [2].

әсіремен айтып отырмаған сыңайына оқырманын нық сендіреді. Өзінің бойында ондай бірбеттік, бірсөзділік, батырлығы жоқ ақын ол сөзді айта да алмас еді. Біз қарапайым оқырман есебінде осы өлеңіндегі жолдарды оқып отырып, жігерленеміз. Ақын бойындағы қайсарлыққа қайрақтай жанылып, дүр сілкінеміз. Мысалға келтірген шумақтардағы «жанымның ажары кіру», «күдіктің тілі байланып», «жарлыдай баю», «бейсабыр дүние», «бұйығы күн кешу», «сұлулыққа қайранмын сәні көшкен», «махаббат болмаса өмірдің өзегі талған» тіркестері біздің тіл байлығымыздың жиһазы десек, ол Иран-Ғайыпта ғашықтық сөзін жеткізудің қасиет құралы. Халық тілінің құдіретін ақын өлеңдерінде таспадай өріп тастаған. Дәл осы тұстан ақын Иран-Ғайып өлеңдеріндегі шынайылық оның артық ауыс сөз қолданбай, халықтың төл сөзімен ой төгуінен айқындалады деген бір түйін жасауға болады. Себебі халық тілін өтірікке жұмсай алмайсың. Өтірік әсіреқызыл, әшейін сөзбен сомдалады. Тамаша тұрақты сөз тіркесі өтіріктің шырайын келтіре алмайды. Оны сауатты оқырманның кез келгені айыра біледі.

Жандайын жұмбағы жоқ шешпейтұғын,

Ісініп,

Ала алмайсың бөспей тыным.

Өгейсің,

Өртейді ертең келер ұрпақ,

Өлеңнің өтірігін кешпейтұғын [1,186] – дейді ақынның өзі.

Бұл – өлеңге деген адалдық, шыннан аттауды шыңырауға құлаумен тең санау. Иран-Ғайып өлеңдерін иін қандыра оқу керек. Онсыз ол өз әсерінен әлдеқайда «жуас» көрінуі мүмкін. Сондықтан да ақын ішкі толқуының күшін толық сездіру үшін өлең жолдарынан сатылап, түсіріп жазады.

Махаббат,

Өзіңсіз

*Өмірдің өзегі талған*

Арман,

Қайдасың,

Көктемде бүршігін жарған?

Бақыт,

Біржола

Безініп кетуің – жалған! [1,165].

Бұл да шығармашының шеберлігін танытады. Тамақ, ас-су болмаса адамның өзегі талады, «махаббат болмаса өмірдің өзегі талған», нанымды салыстыру. Шындық ылғи шығарманың бетіне шығып тұрмайды. Олай болғанда сөз қадіріне жетудің өзі қиындау соғар еді. Сондықтан ақын анық ойды көбіне астарлап береді. Астарсыз сөз де астарсыз киім сияқты жылусыз болар еді. Астарсыз киімнің тез тозатыны секілді, астарсыз сөз де тез ұмытылмай ма?

Біздің ақын өлеңдерінен басты назар аударатынымыз, ол – шығарманың тілі. Академик З.Ахметов: «Өлең құрылысы халық тілінің негізінде қалыптасады. Тілдің интонациялық-синтаксистік мүмкіндігі, байлығы арта түскен сайын, соған орай жетіліп, толысып, одан әрі шындалып, дами береді» [3,125]. Біз осы пікірдің дәлелін Иран-Ғайыптан молынан ұшыратамыз. Яғни, ол тіл байлығы мен мүмкіндігінде шындалып дамыған ақын.

Бір көруге ынтық боп, танып естен,  
*Махаббатқа қайранмын жанып, өшкен.*

Парасатқа қайранмын парқы кеткен,  
Сұлулыққа қайранмын сәні көшкен... [1,167].

«Өмір-керуен көшеді, көңілден қалай өшеді» демекші, бұл шумақта баяғыны жоқтау бар, іздеу бар. Ол кездегі албырт шақтың қызығына енді қайран қалып отыр. Айтпағымыз бұл емес, ақынның тілі. Ақын тілі шебер. Өлең құрылысы кәдімгі қазақ өлеңіне тән силлабикалық өлшем болғанымен, ерекше оқылады. Өйткені Иран-Ғайыпта түгел бунақ ұйқасады және ішкі үндестікке баса мән береді. Мұның өзі – ақындық қуаты, солай бола тұрғанмен ой шынайылығы өлеңді сұлуландыра түсетіні де ақиқат.

Біздің ойымызды көбірек бөлетіні ақынның сөз қолданысы. Қазақ өлеңінде а-а, б-б; а-а, б-б; болып келетін ұйқас түрі жиі ұшырасса да, олардың буын санынын б-9, б-6; б-9, б-6; болып жасалуы сирек. Бұл ақынның өлең пішініндегі (форма) өзіндік жол. Өлеңді ұйқас, буынына қарай талдау біздің негізгі нысанымыз емес, сондықтан көп ойды шығарманың шынайылығына қарай ойыстатып, ондағы ақын жан-дүниесіне дендеп енуді мақсаттап отырмыз. Олай болса осы бір шумақтағы шынайылық қайсы? Тағы да ол халық сөзі арқылы көрінеді. “Қойдай момын қоңыр” сөзі халықтық сөз тіркесінде жиі ұшырасады. Ал, ол ақынның қарапайым қазақтығы. Ендеше мұнан артық шындық іздеудің өзі әбес. Әрбір адамның қазақтығы осындай болсашы дейсің. Ақынды ұнатасың, оның қазақтығын ұнатасың. Өйткені ол өзі арқылы өз халқының, оның ішінде сенің де, менің де бейнемді жасап тұр.

Ақын өзінің ой бастауларын халықтың тұма бұлағынан алғанда ғана өміршең. Иран-Ғайып мұны тым жақсы ұғынады. Ол өзін халықтан, халық сөзінен бөле-жарып қарамайды. Ақынның ойлау кеңістігі (диапазоны) кең. Оған әр қазақ – халықтың өзі. Шын мәнінде біз халық деген ұғымды көпше түрде аламыз да, жекелеп келгенде оны халық қатарынан ешқашан орын алмайтын адам есебінде көреміз.

Қыспаққа алып нарық:

Аш-жалаңаш,

Арық...

Еркелесем анамдай –

Талып,

Естен танып,

*Алақанын жаяды*

*Баламдайын халық...* [1,193]

Бұл шынайылық па, шынайылық. Шын ба, шын. Ақынға алақанын жайып тұрған кім? Ол тұрмыс тауқыметі қысқан бір бауыр, жалқы қазақ. Бірақ ол жалғыз емес. Оның халі жалпы халықтың халі. Міне, ақынның “баламдайын халық” дегенін осы тұрғыдан түсінген ләзім.

Кейде ол пайғамбардай расул, кейде ол Абайдай асыл, кейде ол Махамбеттей жасын! Өн-бойына даналық та, батырлық та сыйып тұр. Осынау қос ұлық қасиет ешқашан да шынайылықтан аттаған емес, аттамақ емес. Қай ақынның болмасын стилінің байлығы – көркемдік ізденіс нәтижесінің жемісі. Ақынның суреткер

ретінде марқайып, айрықша стиль танытуына, шеберлік шыңына жетуіне өзінен бұрынғы ақындар мектебі, өз ортасы, заманы айрықша әсер етеді. Сондай-ақ жеке ақынның тұтастай қазақ лирикасының биігін межелеуде көркемдік әдіс, сөз саптаудағы бейнелеуіш құралдар, көркемдік құрылымдар, бір сөзбен айтқанда, стиль шешуші роль атқарады. Көркемдік әдісті шындықты суреттеудің негізі, өмірді образ арқылы көрудің айрықша түрі дейтін тұжырымдарға сүйене отырып, әдістің шеңберінде қарастырылатын компоненттердің стильге тән екендігін жоққа шығаруға болмайды. Көркемдік әдіс қаламгердің дүниетаныма сай өмір шындығын көркемдік ойлау тұрғысынан меңгеруі екенін ескерсек, әдісті шебер меңгермеген ақын айрықша шығарма тудыра алмайды. Стиль – әдістің жан-жақты сипаты және кемелденгендігінің көрінісі. Әдіс пен стиль бірін-бірі толықтыратын ұғым. Әрбір қаламгерге тән дара стильдің қалыптасуына сол қаламгердің өмір сүрген кезеңі, ортасы ықпал етеді. Қаламгердің шығармашылық ғұмыры даму, жетілу сипатымен көрінеді. Стильдің басты нысаны – өмір, басты құралы – тіл екенін ескерсек, бұл екеуі де үздіксіз даму процесіндегі құбылыстар. Қаламгерлер стилін зерттегенде, «тұтас творчествосын жинақтап бағалаудан бұрын әуелі жеке шығармаларын талдап, олардың стильдік даму жолын көрсету қажет» дей отырып, академик М.Қаратаев стильдік компоненттер қатарында ұлттық ерекшеліктерді қарастырудың қажеттігін ескертеді [4,123]

Поэзияға, оның лирикалық жанрына қойылатын бүгінгі күн тұрғысынан қарасақ, ақынның шығармашылық қадамы өте жоғары көтерілгенін, ауқымының кеңейе түскенін көру қиын емес. Тілі, стилі, сарыны, сазы т.б. поэтикалық құрылысы жөнінен де ақынның тек өзіне тән табиғи ерекшелігін танимыз. Оның үстіне жаңа сөз, образ, теңеу тауып, өлеңнің ұйқас, ырғағын жаңартып, жаңғыртқан тұстары да жетерлік. Ол қайдан пайда болды десек, ақынның талмай ізденісінен, қазақ халқының бай сөздік қорынан, халық поэзиясының қайнар бұлағынан үзбей үйренуінен басталған.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

- 1.Иран-Ғайып. Сөз патшалығы Т.2 (Он үш томдық таңдамалы)–Алматы: 2006.
- 2.Иран-Ғайып. Киелі Күнә Т.9 Он үш томдық шығармалар жинағы.–Алматы: 2006.
- 3.Ахметов З. Поэзия шыңы-даналық. – Астана: Елорда, 2002.
- 4.Қаратаев М. Шығармалар. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1984, 1 том

## **«ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҮЛУ» ЖЫРЫНЫҢ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНА ОРТАҚ МОТИВТЕРІ**

*Умирбаев А.С.*

*г.ғ.м., оқытушы*

*Қ. Жұбанов атындағы*

*Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті*

*Казахстан, г.Ақтөбе*



Ұлттық фольклорымыздың асыл қазынасы – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры, адамзат мәдениетінің де жауһарлары қатарынан орын алады. Жырдың пайда болған дәуірі түркі-монғол халықтарының тұтастық, одақтас кезеңімен ұштасып жатыр. Ғалымдардың болжауына қарағанда «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының пайда болған мерзімі ең аз дегенде 1500 жылды қамтиды, тіптен одан да арғы кезеңдерге кететіндігі өткен жылы осы жырдың пайда болуына жоғарыда аталған мерзім толуына орай өткізілген халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда жан-жақты баяндалған болатын.

Жырдың башқұрт, алтай (тілеуіт), ойрат, барабы татар, қалмақ, қазақ нұсқаларының кең таралғандығын ескерсек, көне замандағы ортақ сюжеттен бастау алғандығына сеніміміз нығая түседі. Кезінде, бұл жырға ерекше мән бере зерттеген ғұлама ғалым Ә.Марғұлан:

«Ғасырлар бойы жарқын түрде жырланып келе жатқан Қозы Көрпеш – Баян сұлу жыры ең ескі аңыздардың бірі. Ол тым көне замандағы түркі-монғол тайпаларының арасында көп тараған бір ғажайып оқиғаның сюжеті. Бұл аңыздың ең ескі заманда (б.з. III ғасыр бұрын) дүниеге келіп, содан жырға айналғанын дәлелдейтін нәрсе – алтыннан құйылған белбеудегі әдемі эпикалық сюжет» - деп жырдың шығу мерзімін біз айтып жүрген мерзімнен де тереңдетіп, біздің жыл санауымыздан бұрынғы III ғасырға апарады. Бұл тұстағы ғалымның батыл болжамы, түркі-монғол халықтарының аталмыш жырды ортақ арнада қалыптастырғандығын айтуы дер едік.

Кезінде Ә.Қоңыратбаев та жыр сюжетінің түркі-монғолдар арасында кең таралғандығы жөнінде: «Қозы Көрпеш» жырының сюжеті қазақ, башқұрт, монғол, яқұт, ұйғыр, сібір татарларында бар. Соған қарағанда оның бастапқы ертегілік желісі Алтай, Жетісу жағында, оғыз тайпалары дәуірінде туған ба дейміз. «Қозы» - қой аты емес, «оғыз» түбірінен туған. Монғолдар бұл жырды «Козюке», «Қозы Еркеш», «Малшы мерген» десе, ұйғырлар «Бозы Көрпеш» [1, 56], - деп атайтындығын ескерткен.

Жырдың қазақ нұсқалары Ә.Марғұлан, М.Әуезов, Ы.Дүйсенбаев, Ә.Қоңыратбаев тараптарынан тексерілген. Ал ойрат жырлары зерттеуші С.Каташтың еңбегінде қамтылған [2, 44]. «Каташтың зерттеуінде «Қозы Еркеш» қана емес, Алтай елінде «Қозюике – Баян ару», «Козика – Баян сұлу» деген аттармен, біреулері қазақ жырларына өте жақын, тағы бірі ол жырдан қашаңдау болса да негізінде осы «Қозы Көрпеш» жырымен желілес, бірнеше халық жыры бар екені анықталған [3]. Қалайда, осы зерттеулерге қарап отырып, «Қозы Көрпеш» жырының түркі, алтай халықтары фольклорындағы нұсқаларымен салыстыра қарастырудың ертерек қолға алынғандығын аңғарамыз.

Сөзсіз мұндай салыстырмалы зерттеулер лиро-эпос табиғатын, жан-жақты тануға, жырдың пайда болу кезеңін, тарихи негізін танытуға себепкер болады. Осы тұрғыдан келгенде «Қозы Көрпеш» жырын монғол эпосымен салыстырудың да маңызы зор.

Фольклортанудағы салыстырмалы зерттеу немесе типология ұғымының мағынасы кең. Ол жөнінде «Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде» мынадай анықтама берілген:

«Типологиялық байланыс – бірнеше халықтың сөз өнеріндегі, әдебиетіндегі ағым, бағыт, стиль, сюжет, образдар ұқсастығы, жалғас-жақындығы. Мұндай ұқсастық арасындағы мәдени байланыстың, тәжірибе алмасудың нәтижесі болуы, немесе, бірнеше елдің тарихи тамырлас, тілі, дәстүрлері сабақтас болуынан тууы мүмкін. Мысалы, орыс әдебиеті мен шығыс әдебиетінің үлгілері, сюжет, образдар қазақ арасында таралуы мәдени ауыс-түйіс түріне жатса, қазақ әдебиетіндегі көптеген сюжет, тақырыптардың түркі тілдес халықтар әдебиетінде кездесуі олардың мәдениетінің тарихи тамырластығынан туған ұқсастықты танытады».

Ал, «мотив дегеніміз – тақырыптық сарын, қалыптасқан дәстүрлі тақырыптық әуен, оқиға желісіндегі кезең. Бірнеше жазушының шығармасында, әр түрлі әдеби нұсқаларда, әр дәуірдің әдебиетінде белгілі бір сарындар қайталанып келеді». Фольклортанудағы мотив ұғымы да осыдан алшақ кетпейді. Белгілі шығармадағы нақты сюжет бөліктерінің немесе көркем өрнектердің, көремдік-эстетикалық ой-толғаныстардың келесі бір шығармада қайталанып келіп отыруы фольклорлық сарынның табиғатын айқындайды.

Бір қызығы, түркі-монғол фольклоры жанрлық, құрылымдық өзгешеліктеріне қарамастан, ортақ сарындарға бай. Монғол (халха) фольклорында лиро-эпос жанры батырлар жырының құрамында, батырлықпен үйлену жырлары деген тақырыптық топпен ажыратылғаны болмаса, жеке лиро-эпикалық жанр ретінде қалыптаспаған. Бірақ, бұл ғашықтық жырлар жоқ деген ой туғызбаса керек. Керісінше, батырлар жырының ішінде монғол эпосының көлемді бөлігін – қаһармандықпен үйлену жырлары қамтиды. Оның себебін монғол зерттеушілері былайша түсіндіреді.

«Патриархаттық жанұяның қалыптасу, даму кезеңінде, бір тайпаның адамы басқа тайпадан қыз алуы, тұтас тайпаның ерлігін әйгілейтін болған. Сол шындық өмірді көрсеткен «күйеу жігіттің күш-қайратын сынау» іс-әрекетін көркемдік тәсілмен жеткізген үйлену жырлары алғаш пайда болған» [3, б]. Бұл монғолдың қаһармандық үйлену жырларына ғана тән қасиет десек, қателескен болар едік. Үйлену жырлары немесе лиро-эпикалық жырлардың қаһармандық жырлардан бұрын пайда болғандығы әлемдік фольклортану тәжірибесінде бұрыннан айтылып келе жатқан әңгіме.

Осы пікірдің шындыққа жанасымды екенін «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының да көнелік сипатымен түсіндіруге болады. Адам өміріндегі тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынастар алдыңғы кезекте рухани құндылыққа айналуы заңдылық. Адамзат баласының қауымдасып өмір сүруінің өзі, алдымен отбасын құрудан басталған.

Монғолдың үйлену жырлары «Он үш жасар Алтай Сүмбэ», «Живер ханның Живэр Мижид ұлы», «Ержүрек Заан Залуудай», «Ержүрек Эринчин мерген» т.б. көпшілігінің атауларының өзінен-ақ халықтың ескі тұрмысының сипатын аңғаруға болады. Аңшы, мергендердің қауымдасып өмір сүрудің

жемісі екендігі, көшпелілердің ұл баланы «он үште – отау иесі» деп шаңырақ көтертетіндігі шынайы өмірден алынған. Аңшылықтың өзі алдымен жанұяны асыраудың қам-қарекеті. Олай болса, аңшы, мергендар, батыр, ерлер қай кезеңде де, үй болып, шаңырақ көтеруді бірінші кезекке шығарған. Жаны қалаған, өзі сүйген, көңілі кеткен жан жары үшін неден болса да аянбай күрескен, кедергісі мен кесепатын кесе көлденең тартқан өмір сынында өз басын құрбандыққа шалуға дейін барған.

Ғашықтық жырлардың ұлтқа бөлмей-ақ, барлығында сюжет желілерінің қат-қабат келіп, асыл сезім, мөлдір махаббат үшін қимас жандардың бір-бірін құрбан етіп жатуы – адамзат атаулының жан дүниесінің ішкі үндестігін танытады.

Қазақ арасында айтылатын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының барлық нұсқасында Қарабай мен Сарыбайдың аңшылықта танысып, білісетіндігі жайдан-жай алынбаған және барабы татар, алтай нұсқасындағы Қараты хан, Ақ хан, қазақ нұсқаларындағы Қарабай мен Сарыбай іс-әрекеттері сарындас алынуында табиғи ішкі заңдылық бар. Жыр басталуының бұл тәсілі, халық тұрмысындағы аңшылық кәсіптің ерекше орын алғандығын танытады. Сарыбайдың буаз маралды атуды ырымдауын, Қарабайдың маралды атуға көндіруінде аңшылықтың адам өміріне етене жақындығы байқалады. Бұл тұста М.Әуезовтың:

«Қарабай буаз маралды олжалап алу үшін, құдай атын айтқан досын сатады. Бұрынғы қазақтың ұғымынша Сарыбайдың буаз маралды атқысы келмей үйде келінің екі қабат еді, қырсық болар деп қорыққаны әбден орынды қауіп. Бала тілеудің үстінде жүріп, бала көтеріп жүрген жазықсыз жан иесін өлтірсе киесіне, обалына ұшырауға мүмкін. Ол ескі қазақтың ұғымында даусыз ақиқат сияқты» [4], дейтін пікірінде табиғат пен адам тағдырын байланысты түсінудің сыр-сипатын ашып береді.

«Қалмақ пен қазақ ханы туралы жырда» да аңшылық сюжет алдымен айтылады:

«Ертеде қалмақ пен қазақ ханы бір-бірін танитын болыпты. Күдердің күнінде қалмақ ханы аңға шығады. Аңда жүріп бір марал көреді. Хан соңына түсіп қуа жөнеледі. Оқ жетер мөлшерге жетіп, енді атуға ыңғайланғанда маралдың буаз екендігін байқайды. Үйіндегі әйелінің аяғы ауыр екендігі есіне түсіп, маралды атпай кері айнала бергенде екінші жағынан тағы бір адам келе жатыр екен. Бұлар жөн сұраса келе әлгі адамның қазақ ханы екендігін біледі. Қалмақ ханы қазақ ханынан маралды неген атпадың? - деп сұрайды. Сонда қазақ ханы үйдегі әйелінің екіқабат екендігін айтады. Одан қазақ ханы сен неге атпадың? - деп сұрайды. Қалмақ ханы да өз әйелінің жағдайын айтады. Осыдан соң екеуі егер біріміздің үйімізде ұл, біріміздің үйімізде қыз туатын болса, құда боламыз десіп, қол алысты» [5, 27].

Мұнда адам есімдері ғана өзгертілген демесек, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының сюжет желісі қайталанып тұрғандығын аңғару қиын емес. Бұл жырдың қазақ және басқа түркі тілдес елдер нұсқасынан бір ерекшелігі – қалмақ ханы да, қазақ ханы да өздерінің үйдегі екі қабат әйелдерін ырым етіп, буаз маралды атудан бас тартады. Осы қалмақтар арасында таралған «Қалмақ

пен қазақ ханы туралы жыр» дейтін шығарманың қара сөз түрінде жазылғандығын, негізінен ертегілік сипаты басымырақ сақталғандығын да айта кеткен жөн. Соған қарамастан, қалмақтар оны «тууж», яғни, жыр дейді.

Қара сөз түрінде келгендігімен ғана емес, жалпы, баяндалу сарыны, оқиғалар жүйесінің ұқсастығы қалмақ нұсқасы мен «Қозы Көрпеш» аталатын барабин татарларының шағын ертегісінің жақындығын анық көрсетеді.

«Ең алдымен татар нұсқасында Ақ хан мен қара ханның аңда жүріп кездесіп, танысуынан басталады. Екіншіден, бұларға ортақ тағы бір жағдай бар: екеуінде де мал баққан шаруашылығы кәсібінің кейбір белгілері айқын сезіліп тұрады» [6, 86].

Осы тұста жырдың қазақ нұсқаларындағы Қозының жас мөлшеріне назар аудара кеткен жөн. И.Н.Березин (1876), А.Фролов (1841) Қозының он бір жасынан бастап Баян сұлудың дерегін естіп, сүйгеніне жетуге ұмтылатынын байқаймыз дейді.

Қозы Көрпеш жүреді екен сөздің түбін болжай,  
Сұлулықтың белгісі шаңқан боздай.  
Он бір жасқа келгенде Қозы Көрпеш,  
Келген екен тазшамен ойын ойнай [5, 38].

Осылайша Қозының Баянды іздеп жол тартуы он бір жасында басталады. Жылдан аса жол жүріп, ел шетіне келгенде Қозы жасы «он үште- отау болар» мөлшерге жетеді

Сарсаң болды Қозыке үйден кетіп,  
Он екі айлық, қырық күншілік жерге жетіп.  
Он екі айлық, қырық күн жолдан өтіп,  
Ел шетіне Қозыкем келді жетіп [5, 38]

Бұдан байқайтынымыз – түркі-монғолдардың ер жігіттің түтін түтетер кемел жасында жар іздетіп, жолға шығаруы ортақ сарынға айналған. Халханың «Он үш жасар Алтай Сүнбэ ұл» жырында, Сүмбэнің бес жасында Домшы Эрдэнэ ханның үш қызының үш жасар ең кішісіне алтын, күмыс асықпен қалың төлеп құдаласады. Он үш жасында атастырған жарын іздеуге шығады [7, 64].

Енді осы жырларды қатар алып салыстыру барысында, сюжет желілеріндегі мына бір сәйкестіктерді байқай аламыз.

Өзінің атастырылған жары барын естіген Алтай Сүнбэ іздеуге бел байлап, ақ сақалды атасынан рұқсат сұрайды. Атасы анасына сілтейді, анасы ағасына, ағасы қарындасына бағыттайды. Мұндағы жас ұлды қатерге толы алыс сапардан сақтандыру сарыны «Қозы Көрпештің» анасының сөздерін еске түсіреді:

Қолы қанжығаға жетпеген,  
Аяғы үзеңгіге жетпеген,  
Жалғыз інім не білер? [7, 66] -

дегенде Оғау Нәмин інісі сен кетсең Жерден шыққан Қара таз келіп:

Аламан жұртыңды құл етеді,  
Алтын таңбаңды олжа етеді.  
Ата-анаңды құлдыққа салады...

Әлек сап мені де алады, [7, 67]. -

деп алған бетінен қайтаруға ниет етеді. Бірақ, Алтай Сүнбэ өз жолынан айнымайтындығын танытып, «ер жігіт айтқанына жетпесе, әйел болып туған артық, тұлпар жолға жарамаса, бие болып туған артық» деп жолға шығады. Алтай Сүнбэнің поэтикалық оралымды сөздері «Ат жемейтін ащы шөп біткенше, бітпегені игі. Адам ішпес ащы су жылға қуып аққанша, ақпағаны игі. Баба атын шығармаған жігерсіз ұл баба белін бүгілткенше, бүгілтпегені игі. жалған сөз бұл дүниеде болғанша, болмағаны игі т.б.» [7, 69] болып келетін Қорқыт атаның нақыл-өсиеттерін еске салып тұрғандай әсер қалдырады.

Алтай Сүнбэ де, сөзсіз, анасының айтқанына көнбеген Қозының іс-әрекетін қайталап тұр. Ғалым Ы.Дүйсенбаев жырдың Шөже нұсқасы жөнінде айта келіп, Мамабикенің Қозының алыс сапарға аттануына қарсылығын былайша түсіндіреді:

«Егер Мамабике жалғыз ұлының қамын жеп, оның басына төнген апаттан баласын қалайда аман сақтаудың жолын көздеп «қалыңдығына бармай-ақ қой» деп үнемі ақыл беріп отырса, Қаракөз олай емес, қарабайдың өз сертін бұзып, көшуіне қарсы тұрады, кейін Баянды іздеп келген Қозыны қуанышпен қарсы алады да, қайтсе де екі жасты бір-біріне қосуды арман етеді. Рас, Мамабике де атастырған екі жастың қосылуларына қарсы емес, бірақ ол Қарабайдан әбден түнілгендіктен сүйікті ұлы мерт бола ма деп қорқады, өз басының да қамын ойлайды.

Сұм шешең сен кеткенсін не болады,  
Жалғзынан айырылған қор болады.  
Шешеңді жылатып тастап кетсең,  
Сұмырай шешең біреуге күң болады» -

деп зар жылайды [8, 16]. Мұнда да Алтай Сүнбэнің қарындасы айтатын «ата-анаңды құлдыққа салады» деген ой қайталанып тұр. Жырдың «Қозын Эркеш» аталатын алтай нұсқасындағы оқиға желісінде де осындай қарсылықтар кездеседі. Мұнда да Қозын Эркеш қалыңдығын іздемек болғанда шешесі оған наразылық білдіріп, қалайда жалғыз баласын алыс сапарға жібергісі келмейді. Рас, алтайлықтар нұсқасында бұл сарынның мифологиялық жағы басымырақ. өйткені Қозын Эркештің шешесі баласының аттануына бөгет жасау үшін өзі біресе бұлыңғырға, біресе түлкіге айналып, алдынан қарсы шығып отырады. Қазақша нұсқада бұл міндетті не мыстан кемпір атқарады, немесе мұндай сарын мүлдем кездеспейді. Жырдың дәл осы ерекшеліктерін ескерген фольклортанушы ғалым С.Қасқабасов оны Түркі қағанаты дәуірінде пайда болғандығымен байланыстыра түсіндіреді:

«Бұл, әсіресе, алтайлықтардың және башқұрттардың нұсқаларында кездеседі. Алтай-кижи фольклорында аталған жырдың екі нұсқасы бар: «Қозын Эркеш» және «Қозюйке». Алғашқысы алтайлықтардың өз версиясы да, екіншісі – қазақ эпосының әсерінен туған шығарма. Алтайлықтардың өз версиясы – ең көне нұсқа, мұнда түркілерге тән ескі мифтік ұғымдар көп. Мәселен, Қозы Эркеш анасына көнбей, қалыңдығын іздеп шығады. Жол бойы анасы біресе бұлыңғырға, біресе түлкіге айналып, баласын райынан қайтармақ

болады. Адамның оп-оңай аңға, тасқа, жұлдызға айналуы – ежелгі рух иелік мифке тән екені белгілі.

Ал, башқұрттардың «Қозы Көрпеш Маян ғылуы» қара сөз түрінде баяндалады. Мұнда да мифтік түсініктер сақталған, Қозының қалыңдығын іздеп шыққан сапарында құдіреттің күшімен алуан түрлі ғажайып кедергілер жасалады. Жалпы керемет жағдайлар жиі ұшырайды...

Осы санамалап айтылған жәйттердің өзі-ақ «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосының түпкі сюжеті алғаш рет түркі жұртының бірлігі тұсында, яғни Түркі қағанаты кезінде пайда болғанын көрсетеді. Әрине, әңгіме бұл жерде жырдың бүгінгі бізге жеткен нұсқасы туралы емес. Әңгіме – ең алғашқы, түпкі сюжет жайында. Бүгінгі халге жеткенге дейін бұл жыр ұзақ жолдан өткен бірнеше тарихи кезеңді басынан кешірген» [9, 14].

Сол сияқты Қозын Әркештің Қараты ханның сарайына тазша болып баруы да қазақ версиясындағы Қозыны біраз еске түсіреді. Оны қазақ жырлары Қозы Қарабайдың аулын іздеп, ел шетіне ілінгенде:

Қозы күрең асыпты белді дейді,  
Жаңа тапты Қозыкен елді дейді.  
Айдалада қаңғырып бара жатып,  
Бір кемпірдің қасына келді дейді, [5, 41]. -  
деп жеткізеді.

Лирикалық жырлардың көпшілігінде-ақ елдің жөнін айтатын қария немесе мал баққан қойшылар болып келеді. Қозыға да жол сілтейтін кемпір, ары қарай не істеу керектігін айтып береді. Сол сияқты Алтай Сүнбә де жолай сақалы кеудесіне түскен шалдан жөн сұрайды. Осы сәтті екі жырдан қатар алып көрейік.

«Қозы Көрпеште»:

-Көкірегің қайғылы, көңілің жарық,  
Қай бір жақтан келесің атың арық.  
Атың арық, өзің аш, жаным балам,  
Не ғып жүрген адамсың, жүзің арық, [5, 41]–

дейді. Ал Алтай Сүнбәде:

Жүзің нұрлы,  
Көзің отты,  
Жас ұлым

Қайда тартып барасың? [7, 22],-

деп сауал тастайды. Мұнда да адасқан жасқа жол көрсететін қария тілектестік білдіреді. Жырдың мұнан кейінгі сюжет кезеңдерінде алшақтық болғанымен, негізгі желі – жас жігіттің талай қиыншылықты басынан кешіре отырып, іздеп шыққан жарына қосылатын сарыны сақталған. Халха жырында да қазақ жырында да (Шөже вариантында) атастырған жарымен еліне оралған жас жігіттің ауылы талауға түсіп, ата-анасы құлдықта жүреді. «Қозы Көрпеш» жырында бұл оқиғаны Баян сұлу түсінде көреді.

«Тоқсан құлдың бастығы Жидебай-құл,  
Құлдың қылған ісіне кім шыдайды.  
Баян жастың түсінде хабар беріп:

«Кұлға күң боп қалдым», -  
деп зар жылайды». [10, 52]

Ендеше, монғол тектес халықтардың фольклорында біз біле бермейтін, басқа нұсқалар табылып жатса, әлі де салыстыра зерттеу болашақтың еншімінде. Жалпы, «Қозы Көрпеш» жырының көне сюжетін сөз еткенде, Қозы мен Баян жолығысатын «алтын күймеге» [5, 94] ) назар аударма кетудің артықтығы жоқ.

Күйме – көшпенділердің ең салтанатты, сәнді көлігі. Бір қызығы, осы көліктің бір түрі «қазақ арба» монғолдардың (халқа) үйлену жырларында, батырлық дастандарында жиі аталады. Демек, көне жырларда «қазақ арба» тіркесінің жолығуы қазақ этнонимінің де ерте пайда болғанын аңғартса керек. Бұл мәселе әлі де анықтай түсуді қажет етеді. «Қозы Көрпештегі» алтын күйме, монғол үйлену жырларындағы қазақ арба тіркестері синонимдес ұғымдар.

Тұтастай алғанда, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының сюжеті халқа, қалмақ жырларында да сақталғандығы, ондаған ғасырды артқа тастаған түпкі сюжеттің ортақ арнадан, көне дәстүрден бастау алғандығын дәлелдейді. Ә.Марғұланнның: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры – ең ескі аңыздардың бірі. Ол көне замандағы түркі-монғол тайпаларының арасында көп тараған бір ғажайып оқиғаның сюжеті» [11, 301] – дейтіні де біздің ойымызды тиянақтай түседі.

Кезінде, түркі-монғол фольклорының сабақтастығы мәселесін зерттеген С.Ю.Неклюдов түркі халықтарының эпикалық дәстүрі жөнінде айта келіп: «Шыңғыс хан империясынан кейін этностар мен мемлекеттік одақтардың қалыптасу қарсаңындағы күрделі оқиғалар кезінде алтайлар мен сахаларды айтпағанда, түркі халықтары өздерінің көне эпикалық дәстүрлерін молынан сақтағандығын көрсетті. Классикалық формадағы батырлық эпостарды туғызды, сонымен қатар көптеген тұтастанған жырларды әкелді. Атап айтқанда, қазақтар, қарақалпақтар, ноғайлар, татарлар ноғайлы батырлары туралы және қарақалпақтар «Қырық қыз», «Көрұғылы» жырларын шығарды», [12, 228] – деп түркі халықтарының шығармашылық табысын жоғары бағалайды. Сөзсіз, «Қозы Көрпеш» сияқты көне эпикалық дәстүрдегі көркем эпосы бар халық қай дәуірде де, қай кезеңде де, ата тарихында із қалдырған елеулі оқиғаларды жыр тіліне түсірмей отыра алмайды. Қазақ арасында жыр нұсқаларының басқа түркі халықтарымен салыстырғанда көп ұшырасатындығы да, көркемдік қуатының жоғарылығы да көне эпикалық дәстүрдің желісі үзілмегендігінің дәлелі.

Бір аңғарғанымыз – монғол халқының лиро-эпикалық жырлары көлемі жағынан да қысқа әрі саны жағынан да аз. Мұның өзі монғол халқының түркі халықтарынан ертерек қол үзіп, буддизмге бет бұрғандығынан туындаған жайт деп ойлаймыз. Сонымен, «Қозы Көрпештің» әр тілдегі нұсқаларының өзі ортақ сюжетте болғанымен, әр халықтың көркемдік-эстетикалық талғамын танытатын үздік мұра болып қала береді деген қорытынды шығарамыз.

## **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. -288 б.
2. Каташ С. Опыт сравнительного изучения алтайского и казахского эпоса (сопоставительный анализ эпоса «Козуын Эркеш» и «Козы Корпеш – Баян слу») -Алма-Ата, 1957.- 213 с.
3. Хальмгин хан хасачин хан хойрын туск тууж. Хальмг үнн / 5 октябрь, 2001, №189.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. 129-б.
5. Қозы Көрпеш-Баян сұлу. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1957. – 140б.
6. Дүйсенбаев Ы. Эпос және ақындар мұрасы. – Алматы: Ғылым, 1987.
7. Халх ардын тууль -Улаанбаатар: Улсын хэвлэлийн газар, 1991. 58-х.
8. Дүйсенбаев Ы. Қазақтың лиро-эпосы.- Алматы, 1973
9. Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. Т. 2. – Алматы: Қазығұрт, 2005.- 472б.
10. Қасқабасов С. Түгел түркі толғаған толағай жыр./«Козы Көрпеш – Баян сұлу» жыры – әлемдік фольклордың асыл ескерткіші. – Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті. – Семей, 2002. 29-30-беттер
11. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. 301-бет.
12. Каташ С. Опыт сравнительного изучения алтайского и казахского эпоса (сопоставительный анализ эпоса «Козуын Эркеш» и «Козы Корпеш – Баян слу») -Алма-Ата, 1957.- 213 с.

**ТВОРЧЕСКИЙ КОНТЕКСТ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ МИРЕ  
(НА МАТЕРИАЛЕ ТВОРЧЕСТВА И.БРОДСКОГО И  
Б.КАНАПЬЯНОВА: СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АСПЕКТ)**

*Хвостова Ю.В., преподаватель  
Актюбинского регионального государственного  
университета им. К. Жубанова,  
Казахстан, г. Актөбе  
[uhvostova82@mail.ru](mailto:uhvostova82@mail.ru)*

В современной науке большой интерес представляет феномен «творческий контекст», который впервые, как термин, был употреблен профессором Х.Х. Махмудовым, в начале 60–х годов. По определению исследователя это «система речевых факторов, отражающих непосредственно художественную конституцию писателя» [1, 117]. Как полагает ученый, именно в контексте происходит выражение отношения писателя к миру, к времени. Основным критерием, определяющим творческий контекст, является эстетическая значимость мировоззрения писателя, сугубо авторское восприятие мира, находящее выражение в оригинальной, неповторимой системе речевых средств.



Любое произведение искусства несет в себе модель действительности, и стилистическое своеобразие этой модели выявляется через творческий контекст писателя.

Представляя собой систему стилистических комплексов, творческий контекст позволяет «разгадать» стиль и направление, в котором автор способен реализовать свой творческий потенциал и художественное мастерство. Именно через творческий контекст возможно «разгадать» и понять в чем заключается художественный мир произведений, представляющих собой редкую индивидуальность автора, его творческую самобытность, которая соприкасается с реалиями и выражается в особой форме на языке искусства.

М. Бахтин писал: «Каждый художник в своем творчестве, если оно значительно и серьезно, является первым художником, то есть непосредственно сталкивается и борется с сырой познавательной-этической жизненной стихией, хаосом... и только это столкновение высекает чисто художественную искру» [2, 73]. Поэтому любое художественное создание, в том числе и поэтическое произведение, является «первым» словом для автора, что могло бы отразить его внутренний склад души, его мировоззрение, его отношение к окружающему миру.

Особый интерес привлекает к себе художественный мир в творчестве русского поэта И. Бродского и казахстанского поэта Б. Канапьянова в аспекте сопоставления.

Так, в стихотворении «Пилигримы» И. Бродского запечатлен особый духовный смысл, который был будто скрыт от читателя, но представляющий собой ясные и открытые образы людей, судьбы которых были непостижимы: *«глаза их полны заката, сердца их полны рассвета...»* [3].

Речь идет о людях, которые оставляют за собой целый мир, но этот мир другой. Он не тот, в котором мы живем, но должен быть им. Скитальцы, вечные странники, пытаются что-то изменить, донести истину, однако, после их ухода мир остается:

...прежним,  
ослепительно снежным,  
и сомнительно нежным,  
мир останется лживым,  
мир останется вечным,  
может быть, постижимым,  
но всё-таки бесконечным... [3].

Поэт пишет о том, как этим людям удавалось сохранять хрупкое равновесие Вселенной, которая готова была взорваться новыми войнами и катаклизмами. Конечно, Бродский знал о том, что даже спустя много лет в мире ничего не изменится, на земле по-прежнему будут гибнуть люди, и их смертям будет найдено оправдание. «Удобрить ее солдатам, одобрить ее поэтам», — так отзывается о будущем поэт. Однако он знает, что все могло быть гораздо хуже, если бы не было пилигримов — этих вечных странников с душами младенцев и мудростью стариков.

Приводя подобные образы, поэт высказывает свое отношение к миру, понимая, что многое, о чем говорит он, является неприемлемым для современной

ему действительности. Своими стихами он не только подрывал устои социалистического строя, но и вносил смуту в умы и сердца людей, которые интуитивно чувствовали внутреннюю силу его произведений. Поэтому неудивительно, что сам Бродский сравнивает себя с пилигримом. Он словно бы предчувствует, что его жизнь также будет полна скитаний по чужим странам, и ему выпадет весьма непростая доля – нести крест поэта, которого никто не хочет считать пророком в собственном отечестве:

И, значит, не будет толка  
от веры в себя да в Бога.

... И, значит, остались только  
иллюзия и дорога.

И быть над землёй закатам,  
и быть над землёй рассветам.

Удобрить её солдатам.

Одобрить её поэтам [3]

Стихотворение можно воспринимать как некое прозрение или предсказанье. Отношение к миру выражается тревогой лирического героя, обреченностью на постоянное скитание и непонимание. Он, как пилигрим, остается покинутым, непонятым и одиноким в своих странствиях по вечной дороге жизни.

Особое стилистическое своеобразие, представленное в необыкновенной лиричности автора, его бескорыстности, в его заботе о мире, переживании о судьбе человечества, нации и большом стремлении к возвышенному представляют произведения Бахытжана Канапьянова казахстанского поэта.

Его стихи представляют и проявляют суть своего стилистического своеобразия через призму отношения и чувства к глубоким национальным корням, любви к своему народу, бытию человечества и окружающего его мира. Поэт словно осторожно «ощупывает мир», разглядывает его. В этом ощущается национальная особенность его поэзии. «Когда Бахытжан называет себя кочевником, то это не просто дань традиции и не просто национальная характеристика – пишет В. Бадиков. – Это тоже внутренний, глубинный стимул неустанного движения, перемещения в поисках самого себя, своей человеческой сути – в постоянно меняющемся мире» [4, 307].

Лирический герой Канапьянова – кочевник, как человек, представляющий свою нацию, культуру казахов издревле и человек, кочующий по жизни, «по миру» в поисках обретения душевного спокойствия и блага.

Забыты дальние дороги,

Забыты древние пути.

Очаг потухший у треноги,

В нем искру жизни не найти.

Твоя покинутая участь

И старость зыбкая твоя

От мира скрыты, словно тучей

То солнце, что на склоне дня.

Останусь придорожной пылью,

Кустом единственным в степи

Все остальное выйдет былью,  
Но – памятным звеном в цепи. [5, 91]

Поэт ищет утешения в далеком прошлом, считая его святым, но и прошлым говорит с сожалением. Автор использует слова «пути», «дороги», «очаг», которые создают образ прошлой жизни и пройденной жизни поэта. Перед нами стилистический повтор слов «забыты», носящий ярко выраженный характер описываемого факта, т.е. это стилема авторская, обозначающая исход от прежних традиций жить и мыслить. «Очаг потухающий» символизирует необратимость утерянных жизненных ценностей. Поэт не остается в стороне описываемых событий, более того, он является их «участником», так как через его сердце проходит рана всего поколения. Канапьянов формулирует итог, - «Останусь придорожной пылью, кустом единственным в степи» - итог жизни всей нации, так как, растратив по пути и «солнце», олицетворяющее свет и глубину души, человечество не сможет обрести ту искру жизни, что была в далеком прошлом, у истоков жизни человека.

Таким образом, говоря о творческом контексте в художественном мире И.Бродского и Б.Канапьянова, стоит обратить внимание на стилистическое воздействие текста, которое усиливает и еще один факт: «константа вечных странствий». И степь, как мир, по которому кочуют люди, пилигримы в поисках светлой участи, в поисках счастья, и надеждой на то, что это станет понятным и нужным для всех. Это очень своеобразная черта авторского мироощущения и неповторимый, отдельный, самобытный лиризм каждого поэта. В творческом контексте И. Бродского и Б. Канапьянова наблюдаются необыкновенные возможности и способы изображения желаемой ими действительности обличенные «духом современности» и надеждами на будущее.

### **Использованная литература**

- 1 Махмудов, Х.Х. Русско-казахские лингвистические взаимосвязи. – Алма-Ата, 1989.
- 2 Гиршман, М.М. Литературное произведение. Теория и практика анализа. М., 1991.
- 3 [http://lib.ru/BRODSKIJ/brodsky\\_poetry.txt](http://lib.ru/BRODSKIJ/brodsky_poetry.txt)
- 4 Литература народов Казахстана. Алматы, 2004.-352с.
- 5 Бадиков, В.В. Линия судьбы. Творчество Бахытжана Канапьянова в историко-литературном контексте эпохи.- Алматы, 2002.-136с

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>СЕКЦИЯ I. АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ЛИНГВОДИДАКТИКИ И МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКОВ И ЛИТЕРАТУРЫ В ШКОЛЕ И ВУЗЕ.</b>	
<i>Азнабаева А.С. Использование информационно-коммуникационных технологий на современных уроках</i>	<b>5</b>
<i>Алпысбаева А.Т. Әдебиеттанудың өзекті мәселелері: мақсаты мен зерттеу әдістері</i>	<b>8</b>
<i>Ашубаева Л.С., Досқабылова А.Ж. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқытудың технологиясы</i>	<b>13</b>
<i>Әбдісүлейменова Р.Ш., Рыскелдиева Г.Д. Кейс әдісі – студенттердің сабақтағы белсенділігі мен құзыреттілігін арттыру құралы</i>	<b>16</b>
<i>Бақиқызы М.А. Ғылышын тілін оқытуда case study әдісінің артықшылықтары мен ұсыну жолдары</i>	<b>20</b>
<i>Ескалиева В. К. Чтение – ключ к веку информации</i>	<b>23</b>
<i>Жайымова Л.Н., Картбаева А.С. Актуальные проблемы изучения и методики преподавания русского языка и литературы в школах с нерусским языком обучения</i>	<b>27</b>
<i>Жаумитова Ж. А. Ағылшын тілін оқытудың заманауи әдістемесі</i>	<b>33</b>
<i>Жубаназарова К. А. Татанова Л. Т. Культура речевого поведения в профессиональной сфере общения среди студентов медицинских вузов</i>	<b>39</b>
<i>Жумалиева Ж.И., Ермұханбетова Қ.Р. Жаңаша оқыту технологиялары</i>	<b>42</b>
<i>Жусупова Г.А. Обучение детей русскому языку в дошкольном учреждении</i>	<b>44</b>
<i>Канапина К.Г. Активные методы и приёмы на уроках русского языка и литературы</i>	<b>49</b>
<i>Куписова Н. А., Султанмуратовна А. Н. Совершенствование содержания учебного процесса - требование сегодняшнего дня</i>	<b>51</b>
<i>Мадиева Г.Б. Обучение языку специальности на занятиях по русскому языку в вузе</i>	<b>59</b>
<i>Майданғалиева Ж.А. Примерные задания для проверки разных сфер читательского восприятия школьников 5-11 классов</i>	<b>63</b>
<i>Сапахова Ж. А., Абдиргазиева А. Б. Работа над текстом по специальности как средство развития речи студентов медицинских вузов</i>	<b>67</b>
<i>Сармыс Б.Қ., Отаралина О.М. Қазақ тілін жаңаша оқыту технологиялары</i>	<b>72</b>
<i>Тенеряднова С.П. Использование текста как ориентира нравственного измерения на занятиях русского языка и культуры речи</i>	<b>74</b>
<i>Тлеуова Д.А., Нурғалиева Ж.К. Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану ерекшеліктері</i>	<b>78</b>
<i>Тұрмағамбетова Г. Н. Шетел тілін оқытудағы мәдениетаралық қарым-қатынас мәселелері</i>	<b>81</b>
<i>Умирзакова С.Е. Учитель иностранных языков сегодня</i>	<b>84</b>
<i>Утегенова Ж.Б., Сыздыкова А.А. Компьютерлік лингвистика мәселелері</i>	<b>86</b>

<i>Утельбаева Г.У. Технология усвоения категории числа имен существительных на занятиях по языку</i>	<b>89</b>
<b>СЕКЦИЯ II. ПРОБЛЕМЫ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ</b>	
<i>Абдраухова Ж. Ж. Рухани жаңғыру – қазіргі білім саласының жаңа көкжиегі</i>	<b>94</b>
<i>Агайдарова М. А. Развитие межкультурной коммуникации в образовательном процессе</i>	<b>97</b>
<i>Айтенова А.Т. Проблемы межкультурной коммуникации в образовательном процессе</i>	<b>99</b>
<i>Джусупова К.Ж. Заимствование и калька как результат иноязычного влияния в условиях межкультурной коммуникации</i>	<b>104</b>
<i>Дүйсембаева Б. Т., Дүйсембаева Д.А. Білім - адами капиталдың қорлануының басты компоненті</i>	<b>109</b>
<i>Клесс Н. Н. Поликультурное и полиязычное воспитание личности</i>	<b>113</b>
<i>Муратова А. С. Пословицы и поговорки как средство межкультурной коммуникации</i>	<b>117</b>
<i>Танатова Р. К. Межкультурная коммуникация на уроках русского языка в вузе</i>	<b>121</b>
<i>Цой М. К. Применение текстового и лексического материала для развития коммуникативно-речевых навыков учащихся-билингвов (на материале категории темпоральных отношений)</i>	<b>125</b>
<b>СЕКЦИЯ III. СОВРЕМЕННЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ И ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ, ТЕОРИИ ЯЗЫКА И ПРИКЛАДНОЙ ЛИНГВИСТИКИ</b>	
<i>Абдисулейменова. Р.Ш. Латын әліпбиіне көшу - ана тіліміздің болашағы үшін жасалған батыл қадам</i>	<b>131</b>
<i>Агисова Г.М., Аязбаева А.Б. Дискурс пен мәтін бірлігінің ерекшелігі</i>	<b>135</b>
<i>Атамуратова А.Е. Компетентностный подход в преподавании русского языка</i>	<b>138</b>
<i>Ашикбаева У. А. Формирование компетенций на уроках русского языка и литературы</i>	<b>141</b>
<i>Әбдіғазиз С.Х., Джабасова А.Б. Значение множественного числа в русском и казахском языках</i>	<b>145</b>
<i>Баекина А. Е. Лингвоэкология ғылымы бізге не береді?</i>	<b>148</b>
<i>Джанибекова А.А. Как меняется русский язык: динамика литературной нормы</i>	<b>152</b>
<i>Елмуратова С. А. Современные концепции внутренней формы слова</i>	<b>156</b>
<i>Жуминова А.Б., Тереква Ф.Е. Безэквивалентная лексика в трудах К.Жубанова</i>	<b>161</b>
<i>Зиоллаева А. Қ., Айтбенбетова А.Қ. Латын әліпбиі «жаңғыру» бастамасы</i>	<b>166</b>
<i>Исламғалиева В. Ж. Лингвистические и методические аспекты изучения текста на занятиях русского языка</i>	<b>169</b>
<i>Куздыбаева А. А. Астропрогноз как речевое произведение</i>	<b>175</b>

<i>Massalimova A.S. Motivation students in foreign languages learning</i>	<b>180</b>
<i>Мұратбек Б. Қ. Sqiley tili jane soz madenieti</i>	<b>182</b>
<i>Нұртазина Н.К., Анарбекова А.А. Аудармашылардың кәсіби қабілеттерін шыңдаудағы тренинг тәсілі</i>	<b>190</b>
<i>Рысмагамбетова Н.А. Интернет тілі лингвистикалық зерттеу нысаны ретінде</i>	<b>194</b>
<i>Садуақас Н. А. Қазақ жазуының жаңа емлесі</i>	<b>201</b>
<i>Сатымова К.М. Оксюморон в теории ментальных пространств</i>	<b>207</b>
<i>Унгарбаева Г.И. Особенности концепта семья в казахской концептосфере</i>	<b>212</b>
<b>СЕКЦИЯ IV. АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ: ЗАДАЧИ И МЕТОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ</b>	
<i>Жұмағалиева Р. Р. Әдебиет тарихын оқытудың әдістемелік ерекшеліктері</i>	<b>217</b>
<i>Журсинова Г. А. Сущность качества литературного образования в начальной школе</i>	<b>221</b>
<i>Идрисова Э.Т. Проблема автопортретности в ранней лирике Анны Ахматовой</i>	<b>225</b>
<i>Қоңырбай Н. С., Умирбаев А.С. Едіге және оның ұрпақтарына қатысты тарихи дерек көздерінің зерттелуі</i>	<b>231</b>
<i>Коробкова Т. В. Отражение ведущих черт национального характера в цикле В.А. Пьецуха «Плагиат»</i>	<b>235</b>
<i>Мамышева К. Н. Основные направления процесса обучения чтению</i>	<b>240</b>
<i>Менденова К. Ш. Основные направления процесса обучения чтению</i>	<b>244</b>
<i>Ниязова Ф. М. М. Дулатов шығармашылығын онлайн сабақ түрінде оқыту</i>	<b>248</b>
<i>Рысмаганбетова Г.Д. Сон и явь в поэтике Л. Н. Толстого</i>	<b>253</b>
<i>Садретдинова Т. А., Бершацкая Н.П. Проблема жанровой классификации произведения А.П. Чехова «Остров Сахалин»</i>	<b>258</b>
<i>Тәңірбергенова Г.К., Қаржаубаева Н. Е. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша қазақ әдебиетін оқытудағы әдіс-тәсілдердің тиімділігі</i>	<b>264</b>
<i>Тілеуова А.З. Иран-ғайыптың ақындық шеберлігі</i>	<b>267</b>
<i>Умирбаев А.С.«Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырының түркі халықтарына ортақ мотивтері</i>	<b>272</b>
<i>Хвостова Ю.В. Творческий контекст в художественном мире (на материале творчества И.Бродского и Б.Канапьянова: сопоставительный аспект)</i>	<b>280</b>

**Сборник материалов  
международного научно-практического семинара  
«ФИЛОЛОГИЯ: ВЧЕРА, СЕГОДНЯ, ЗАВТРА...»,  
посвящённого юбилею ветерана кафедры, кандидата филологических наук,  
доцента Терековой Фаризы Ембергеновны**